





**“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ  
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ:**

---

**Тасмағамбетов И. Н.** (бас редактор)  
**Тәжин М. М.** (бас редактордың орынбасары)  
**Тәуекел С. Т.** (жауапты хатшы)  
**Әбділдин Ж. М.**  
**Әбусейітова М. Қ.**  
**Әуезов М. М.**  
**Байпақов К. М.**  
**Зиманов С. Э.**  
**Кәлетаев Д. А.**  
**Кекілбаев Ә.**  
**Кенжеғозин М. Б.**  
**Қасқабасов С. А.**  
**Қойгелдиев М. Қ.**  
**Қосыбаев Е. М.**  
**Құл-Мұхаммед М. А.**  
**Мағауин М. М.**  
**Мәмбеев С. А.**  
**Нұрпейісов Ә. К.**  
**Нысанбаев Ә. Н.**  
**Рахмадиев Е. Р.**  
**Сұлтанов Қ. С.**  
**Сүлейменов О. О.**  
**Хұсайынов К. Ш.**

*“МӘДЕНИ МҰРА”  
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ  
ШЫҒЫСТАНУ СЕКЦИЯСЫ:*

**Әбусейітова М. Қ.** (төрайым)  
**Момынов Ә. Қ.** (төрайымның орынбасары),  
**Медерова Д. Е.** (жауапты хатшы),  
**Еженханұлы Б., Базылхан Н., Нұрманова А. Ш.**

Ғылыми редакторы **Әбусейітова М. Қ.**

## КІРІСПЕ

Қазақстанның ежелгі тарихы мен мәдениетінің тарихи-географиялық шек-шекарасы қазіргі Қазақстан Республикасының саяси шекарасымен шектелмейді. Қазақ тарихы мен мәдениетінің түп тамыры тым тереңде жатыр. Байтақ Еуразия даласындағы байырғы көшпелілер мәдениеті мен өркениетінің алтын қазығы, тоғысар түйіні, көсегесі көгеріп, өркен жайған өзегі де Ұлы Қазақ даласы екені айқын. Көшпелілер өркениетінің кең өріс алып, қанат жайғаны соншалық, ол Еуразия төңірегіндегі бірсыпыра отырықшы өркениеттерге күшті ықпал жасап, оларды мейлінше байытты. Әсіресе, шығыста ұлы Қытай өркениетімен мыңдаған жылдар қоян-қолтық байланыста болып, өте тығыз ықпалдастық жағдайда өмір сүріп келді. Қазіргі ҚХР-дың солтүстік және солтүстік-батыс өлкелерінде жундар (руңдар), дилер, ғұндар, сақтар, динлиндер, юечжилер (тохарлар), усуньдер, юебаньдар, телелер, жужандар, көк түріктер, сондай-ақ т. б. ортағасырлық көптеген түрік-моңғол және үнді-иран тектес тайпалар өмір сүріп, көшпелілердің өзіндік ерекшелігі бар мемлекеттік үлгісін орнатты, көшпелілер өркениетінің өрісін Қиыр Шығысқа дейін кеңейтіп, Қытай мәдениетіне орасан зор ықпал етті. Бұл туралы Қытайдың ежелгі және орта ғасырлардағы ұшан-теңіз мол әулеттік жылнамалары (“Жиырма төрт тарих” деп аталып кеткен) мен бейресми тарихи жазбаларында өте көп деректемелер сақталған.

Көне тарихи жазба деректемелер мен археологиялық зерттеулердің көрсеткеніндей, б. з. д. екінші мыңжылдықтың орта шені мен бірінші мыңжылдықтың басында-ақ Қазақстан мен Оңтүстік Сібірдің қола

мәдениетін жасаушы тайпалары мен скиф-сақ тайпаларының Шынжаңға, Ганьсуға, Ішкі Моңғолия мен Солтүстік Қытай провинцияларына қарай жылжығаны белгілі. Шетелдік кейбір беделді зерттеуші ғалымдар сол замандарда Қазақстан мен Оңтүстік Сібірден Шығысқа қарай қола мен алтынның мол қорының тасымалданғаны туралы ғылыми болжамдарды алға тарта отырып, ол дәуірлердегі Еуразияның Ұлы даласын Шығыспен байланыстыратын жолдарды “Қола жолы” немесе “Алтын жолы” деп атауды ұсынып жүр. Аталған “жолдардың” негізгі бағыттары Қара теңіздің солтүстік жағалауынан (Скифия) басталып, Еділ-Жайықты кешіп, Сарыарқаны көктей өтіп, одан Шығыс Қазақстан арқылы Алтай асып, Моңғол даласына жеткен, одан оңтүстікті бетке алып Ордосқа жетіп, әрі қарай Солтүстік және Орталық Қытайға барып тірелген. “Скифтік-сібірлік аң стиліндегі” өнер Моңғолия мен Солтүстік Қытайдағы және Шынжаңдағы көшпелі тайпалар өнеріне күшті ықпал етті.

Көшпелілер өркениетін жасаушы аталған тайпалар қазіргі Орталық Қытай еліне металл қорытудың кейбір озық техникаларын (қола, жез, темір, алтын, сынап, мырыш, қалайы т. б. қорыту), екі доңғалақты арба жасау мен пайдалануды, атты арбаға жегуді және салт атқа мініп садақ тартуды, сондай-ақ осынау өндіріс пен соғыс өнеріне ыңғайлы киінуді (етік, шалбар, қайырма жағалы тон, желбегей және баскиім т. б.) үйретті. Қытайдың ең көне ресми тарихи жазба деректемелерінде мұндай мәдени ауыс-түйіс барысындағы құбылыстар “Хуфу цзишэ” (көшпелілерше киініп, салт ат мініп, садақ тарту) деп қысқа да, нұсқа эпитетпен тамаша сипатталады. Дәл сол сияқты мұндай тарихи-мәдени байланыстар үрдісі көне замандар мен орта ғасырларда ғана емес, тіпті соңғы орта ғасырларға дейін үзбей жалғасып келді.

Б. з. д. 138 жылы Хань императоры жіберген тұңғыш қытай елшісі Чжан Цянь Қазақстан мен Орта Азияға келіп қайтқаннан кейін бұл елдер мен Орталық Қытай арасындағы саяси-дипломатиялық, мәдени-сауда байланыстары кең өріс алды. Сондай халықаралық өзара керуен саудасында тасымалданып, айырбасталатын және сатылатын тауарлардың ішінде ең көп тасылатыны әрі Батыс елдері үшін таңсық та қымбат зат ретінде бағаланатыны қытай жібегі болғандықтан, Батыс пен Шығысты байланыстыратын бұл тарихи жолды ғалымдар ХІХ ғасырдың соңынан бастап “Ұлы Жібек жолы” деп атап кетті. Б. з. бірінші мыңжылдығының басынан басталған “Халықтардың ұлы қоныс аударуы” толқынында қазіргі Моңғол далалары мен Солтүстік

Қытайдан босқан ғұндар, онан кейінгі динлин-телелер, жужандар, сондай-ақ көк түріктердің көші-қон ағынының кең жайылғаны соншалық, ол Шынжаңды, Оңтүстік Сібірді, Қазақстан мен Орталық Азияның өзге де аймақтарын түгел қамтыды. Осынау сұрапыл көші-қон үрдістерінің нәтижесінде байтақ Еуразия далаларындағы түрлі көшпелі тайпалар саяси және этно-мәдени жағынан мүлде біте қайнасып, шаруашылық-мәдени тұрпаты бір-бірінен көп айырмашылығы жоқ біртұтас қауымдастыққа айналды. Көшпелілер өздерімен көршілес Қытай, Соғды, Иран т. б. отырықшы өркениет әлемімен де қоян-қолтық араласты, оларға мәдениет пен өркениет жағынан көп нәрсе берді, сондай-ақ өздері де олардан көп дүние үйренді. Көшпелілер мен отырықшылар арасындағы, әсіресе түріктер мен қытайлар арасындағы әр түрлі байланыстарда соғдылықтар ерекше рөл атқарды, екі ел арасындағы саяси-дипломатиялық және сауда-саттық миссиясын көбінесе соғдылықтар міндетіне алды. Ондай тығыз қарым-қатынастар үрдісінде әр ел арасында мәдениет, дін, тіл-жазу, өнер жағынан күшті ықпалдастық пен ауыс-түйіс болды. Бұл тарихи құбылысты “түркі-соғды және қытайлық мәдени синтез” деген айдармен сипаттауға болады.

“Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Тарихи-мәдени жәдігерлер” атты бұл томда біз алдымен осынау Ұлы Даланың шығыс жақ пұшпағындағы ежелгі көшпелілер өркениетінің төлтума болмысын, оның Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлардағы мәдениетімен тікелей сабақтастығын, біртектес әрі біртұтастығын, өзге көрші елдермен арадағы тамыры терең тарихи-мәдени байланыстарды, сондай-ақ орта ғасырлардағы Еуразия даласын Ұлы Түрік қағанаты билеген дәуірдегі этно-мәдени байланыстардың даму үрдісін анық айғақтайтын, соңғы жарты ғасырдан астам кезеңде ҚХР аумағынан тыңнан ашылған тарихи-археологиялық және эпиграфиялық жәдігерлер арқылы пайымдап, көрсетуді мақсат тұттық. Дегенмен, біз мұнда топтастырыла таныстырылып отырған материалдар ҚХР жерінен табылған, көшпелілер өркениетіне тән ұшан-теңіз тарихи-мәдени жәдігерлердің бір парасы ғана екенін айта кеткіміз келеді.

Томның соңғы бөлімінде Қытайды билеген ең соңғы монархиялық әулет — Цин империясы — дәуірінде жазып-сызылған, қазақ тарихына қатысты өнер туындылары және сонымен қоса өзге де қытай деректері қамтылған.

Жалпы, XVIII ғасырдың ортасында Жоңғар хандығы жойылған соң Қазақ хандығы мен Цин империясы көрші елдер ретінде бір-

бірімен бір ғасырдан астам уақыт бойы саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық және шекаралық істер бойынша тікелей байланыста болды. Бұл туралы Қытайдың ресми тарихи жазбалары мен мұрағаттарында аса мол деректер мен құжаттар хатталған, сонымен бірге Қазақ хандығы тарапынан Цин империясының ордасына жіберілген кейбір елшілердің, сауда керуенінің, сондай-ақ қатардағы қарапайым қазақтардың бейнесі түсірілген бірсыпыра тарихи-этнографиялық сурет-картиналар да бар. Бұл өнер туындылары мен деректемелердің көпшілігі Қытайдағы, Еуропа елдеріндегі мұражайларда және Қытайдың кейбір кітапханаларының сирек кітаптар қорларында сақтаулы. Аталған баға жетпес құнды дүниелер туралы мәліметтер Қазақстанда тұңғыш рет жинастырылып, оған қатысты тарихи жазба деректер мен мұрағат құжаттары салыстырыла зерттеліп, көпшілікке ұсынылып отыр.



## ЕРТЕДЕГІ КӨШПЕЛІЛЕР ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

**Б**айтақ Еуразия даласының қиыр шығысқа қарай созылып жатқан белдеуі қазіргі ҚХР-дың солтүстік және солтүстік-батыс провинциялары, атап айтқанда, Ішкі Моңғолия, Хэбэй, Шаньси провинциясы және Шэньси провинциясының солтүстік бөлігі, Нинся, Ганьсу, сондай-ақ Шынжаң өлкелері — қадым замандардан бері алтай тілдес, соның ішінде түрік-моңғол тілдес көшпелілердің ата мекені, тарих еншісінде қалған ұлан-ғайыр өркениетінің алтын бесігі болды. Ежелгі Қытайдың тарихи жазба деректемелері, осы заманғы археология ғылымында ашылған жаңалықтар мен бірегей мәдени олжалар бұл тұжырымды айқын айғақтап отыр.

Қытайдың ең көне тарихи жазбалары мен әулеттік жылнамаларында жазылуынша, аталған өлкелерде б. з. д. бірінші мыңжылдықтың басында ди, бэйди (солтүстік дилер), жун, шаньжун (тау жундары), сижун (батыстағы жундар), яньюунь т. б. деп аталатын көшпелі тайпалар мекен еткен. Олар тек көшпелілерге ғана тән өркениет пен мемлекеттіліктің бірегей үлгісін қалыптастырды. Ғасырлар бойы оңтүстіктегі “протоқытайлық” елдермен саяси жағынан болсын, немесе этно-мәдени тарапынан болсын “бірде тату, бірде бату” дегендей өте тығыз ықпалдастық жағдайда өмір сүрді.

Б. з. д. бірінші мыңжылдықтың екінші жартысында біртұтас қытайлық империяның құрылуына орайлас, далалық көшпелі тайпалардың да басы бірігіп, ұлы державаға айнала бастады. Ендігі жерде ежелгі қытай тарихшылары ол көшпелі елдерді “ху”, кейін сюнну (ғұндар) деп, олардың шығысындағыларды “дунху” (шығыстағы хулар), батысындағыларды юечжи (тохарлар) деп, ал Шынжаң мен Қазақстанның Жетісу және оның солтүстік-шығыс аймағындағы көшпелілерді сэ немесе сэйчжун (сақтар), хуцзе (угә), цзюйши (гуши), усунь, канцзюй (кангюй) т. б. деп жеке-жеке атап жазады. Ежелгі қытайдың “Шицзи” (Тарихи жазбалар) және “Ханьшу” (Ханьнаме) деп аталатын тарихи шығармаларында авторлар ғұн тәңіркүтының б. з. д. 209 жылы қытай императорына жазған ультиматум тәріздес хаты-

нан үзінді келтіреді. Бұл хатта ғұн тәңірқұты “... мен батыстағы юечжи, хуцзе, усунь және өзге де отыз алты қалалы-отырықшы елдерді бағындырдым, салт ат мініп, садақ тартқан барша қауымды бір тудың астына жинадым” деп масаттана жазған екен.

Адамзат баласының ізгілік пен зұлымдыққа, қатыгездік пен бауырмалдыққа толы Ұлы тарихы тарихшылар тарапынан әрдайым кілең әділеттілікпен, шынайылықпен хаттала бермеген шығар, алайда ғұн тәңірқұтының қытай императорына жазған хатының астарынан көшпелілер тарихының бір дәуірлік шынайы болмысын аңғаруға болғандай. Шыңдығында да, дәл осы ғасырлар аясында Еуразия даласындағы алтай және үнді-иран тілдес көшпелі халықтар мидай араласып, біте қайнасып кетті. Соның нәтижесінде Ұлы Дала көшпелілері Сақ патшалығы, Ғұн тәңірқұттығы, Усунь мемлекеті, Канцзюй мемлекеті т. б. деп аталатын мемлекеттілік пен өркениеттіліктің тамаша үлгілерін орнатты, орта ғасырлардағы Ордостан Қапқазға дейінгі кеңістікті бір ғана бөрілі тудың астында ұстаған Ұлы Түрік қағанатының іргетасының негізін солар қалады. Мұны тек Батыс және Шығыс елдерінің тарихи жазба деректемелері ғана емес, сол байтақ даладан ашылған археологиялық тарихи-мәдени жәдігерлердің өзі анық аңғартады.

## 1. БҰҒЫТАСТАР МЕН ТАҢБАЛЫ ТАСТАР

### Бұғытастар — Дала өркениетінің ашылмаған сыры

Бұғытастар — Орталық Азияның қола дәуірінің соңғы кезеңі мен одан ерте темір дәуіріне ауысқан өтпелі кезеңіндегі (шамамен б. з. д. XIII—VII ғасырлар) көшпелі тайпалар мәдениетінің бір қырын айғақтайтын ерекше тұрпаттағы жәдігерлердің бірі. Бұғытастар Ұлы даланың барлық аймағынан ұшыраса бермейді, олар Еуразияның оқшау-оқшау, яғни жекелеген өңірлерінде, атап айтқанда бір-біріне түйісіп жатқан Моңғолияның солтүстік-батыс өңірінде, Ресейге тәуелді Тува республикасы мен Таулы Алтай өлкесінде, Шығыс Қазақстанда және ҚХР-дың Алтай аймағында кездеседі. Қазақстандық ғылыми ортаға Қытай жеріндегі бұғытас ескерткіштер осы күнге дейін белгісіз болып келді. Қытай ғалымдары өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңына шейін бұғытастарды археологиялық тұрғыдан ғылыми түрде зерттеп, оның тарихи-мәдени мәнін түсіндіруге дәрменсіз болды. Тіпті кейбір қытай ғалымдары бұғытастардағы бұғы бейнелерін ежелгі қытай мифологиясындағы Фэнхуан [феникс немесе самұрық сияқты құс] деп түсіндірді<sup>1</sup>.

Жоғарыда атап өткеніміздей, қазіргі ҚХР жеріндегі бұғытастар ШҰАР-дың Іле Қазақ автономиялы облысы Алтай аймағының Шіңгіл және Көктоғай аудандарының аумағында орналасқан (1.1—1.7-суреттер). Қазірге дейін олар-

<sup>1</sup>Чжао Яофэн. Алэтайшань яньхуа (Алтай тауындағы петроглифтер). Си-ань, 1986.

дың отыз шақтысы белгілі. Бұл ескерткіштерді Еуразия даласындағы бұғытастардың ең бір таңдаулы үлгілері деуге болады.

Шіңгілдегі бұғытастар көркем әрі тартымды, былайша айтқанда, классикалық түрпаттағы бұғытастар. Олардың көбінде бұғы мен бұланның бейнесінен өзге, сұңқар құстың, тұлпар жылқының, өзге де қасиетті төрт түліктің, сонымен бірге дөңгелек шеңбер, қанжар мен кездік, айбалта мен садақ, т. б. қару-жарақтардың суреті, сондай-ақ әр түрлі пішіндегі ою-өрнектер салынған.

Бұл бұғытастардың дені ерте сақ-скиф дәуірінің ескерткіштері. Бұғытастарда салынған бейнелер мазмұны жағынан сол өңірлерден ашылған сақ-скиф дәуірінің жерлеу ескерткіштеріне өте ұқсас. Демек, бір өңірде шоғырлана орналасқан бұғытастар Алтайды мекен еткен сақтардың белгілі бір тайпасының діни-ғұрыптық, тотемдік дүние-танымына тікелей қатысты жәдігерлер екенінде дау жоқ. Бұғытастар орнатылған жерлер сол көне тайпалардың жер-суға, көк пен тәңіріге, ата-баларына сиынып, табынатын діни-ғұрыптық рәсім өткізетін киелі орындары болуы мүмкін.

### Қызылтас петроглифтері

Қызылтастағы жартас суреттері Орталық Азиядағы қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі бейнелеу өнерінің бірегей ескерткіші саналады (1.8–1.15-суреттер). Ескерткіш ҚХР ШҰАР-дың Үрімжі қаласынан батысқа қарай 150 км, Құтыби ауданының орталығынан оңтүстікке қарай 75 км келетін жердегі Тянь-Шаньның орталық сілемдерінің бірі болып есептелетін Ер-нқабырға тауының қойнауында орналасқан. Ол ҚХР-да жарық көрген қытайша ғылыми әдебиеттерде көбінесе Канцзяшимэнцзэ петроглифтері деп аталады, алайда ескерткіш орналасқан тау қойнауы Қытайдағы қазақтардың ең бір көркем төр жайлауларының бірі, қазақтар ол жерді Қызылтас деп атайды (1.8-сурет). Ескерткішті ең алғаш рет 1987 жылы ШҰАР-дың Мәдениет жәдігерлері және Археология ғылыми-зерттеу институтының экспедициясы (жетекшісі Ван Бинхуа) тауып, зерттеп келеді.

Неоген дәуіріне тән алевролит тастары болғандықтан жартастардың беті тақтайдай теп-тегіс. Оның 120 шаршы метр келетін бетіне алғашқы қауымдық қоғамда көп кісінің қатысуымен өткізілетін белгілі бір діни-ғұрыптық салт-рәсімнің көріністерін бейнелейтін “алып картина” жартылай шығыңқы және ойыңқы бедермен (рельефті және барельефті) қашалып салынған (1.9-сурет). Ескерткішті алғаш зерттеген белгілі қытай археологі, профессор Ван Бинхуаның пікірінше мұндай көлемді суретті заңғар жартас бетіне осыншама биік деңгейдегі шеберлікпен ойып салу сол заманның нағыз кәсіпқой өнерпаздарының ғана қолынан келеді әрі ұзақ уақытта орындалған<sup>2</sup>.

<sup>2</sup> Ван Бинхуа. Хутуби сянь Канцзяшимэнцзэ шэнчжи чунбай янькэдяоуа (Құтыби ауданындағы петроглифтер туралы зерттеулер) // Синьцзян вэн-у. 1988. № 2.

“Алып картинада” бейнеленген кейіпкерлердің ұзын саны үш жүзден асады. Олардың ең ірілері кәдімгі кісі бойындай болса, кішілері 20–30 см келеді. Суреттегі кейіпкерлер арасында ер-әйел, кәрі-жас, бала-шаға түгел бар, көпшілігі жалаңаш, кейбірі киімшең, діни-ғұрыптық би билеп, құлшылық етіп жатқан кейіпте бейнеленген.

Суреттің ең жоғарғы жағында би билеп жатқан бір топ сымбатты да кербез жалаңаш әйелдер мен оларға қарап асқақтап тамашалап жатқан бір жалаңаш еркектің бейнесі түсірілген (1.10-сурет). Әр үш әйелдің арасында бірден аяқтарын жұптап, бір-біріне тиістіре тік шапшып тұрған екі жұп айғыр бейнесі салынған. Онан кейінгі бірнеше топтағы суреттердің сюжеті түгел дерлік эротикалық мазмұнға құрылған. Онда тырдай жалаңаш еркектер мен әйелдер әр түрлі қалыпта жыныстық қатынасқа түсіп жатқан көріністер бейнеленген. Кейіпкерлердің көбі бастарына шошақ бөрік киген, әйелдердің бөрікіне көбінесе бір жұп қарқара қадалған. Көріністердің барлығында ерлердің қасасы айрықша үлкейтіліп, әсіре көрнекілендіріліп берілген. Ондай сюжеттердің астыңғы жағында қатар-қатар сап түзеп, қол ұстасып, біркелкі би билеп, асыр салып жүрген ондаған ұсақ балалардың шоғыры бейнеленген. Екі кісінің басын бір денеге қосып салған суреттер де кездеседі, ол еркек пен әйелдің бір сәттегі тән ләззатын білдірсе керек (1.11-сурет). Суреттердің бірінде бір әйелдің құбыжық бейнедегі аңмен қосылып жатқан көрінісі салынған, мұның сірә ескі тотемдік мәні болуы мүмкін.

Қызылтас петроглифтеріндегі эротикалық көріністер ешқашанда жай әуейлік әуестен тумаған, ол қадым замандардағы қауымдық қоғам тайпаларының жан басымыз тезірек өсіп-өнсе екен деген аңсары мен армантілегінің нышаны болғаны анық. Олардың дүниетанымы бойынша ұрпақ жалғастығы үрдісінде жыныстық іс-қимылдар айрықша киелі саналған, сондықтан да олар әйел сұлулығы мен сымбатын, әсіресе еркек затының нәсіл көбейтіп, үрім-бұтақ жалғаудағы рөлін қастерлеп, жыныстық қатынасқа, еркектердің қасасына тәу ететін болған. Ондай діни-ғұрыптық табынушылық іс-әрекеттерді тұтас бір рулы жұрт болып, бақсы-абыздардың басқаруында, белгілі бір жерде салтанатты рәсім түрінде өткізетін болған. Ғалымдар Қызылтас ескерткіші дәл сондай киелі орындардың бірі деп тұжырымдайды.

Жалпы Қызылтас петроглифтерінің тақырыбына, семантикалық мәні мен хронологиялық аясына және т. б. жақтарына байланысты көптеген мәселелер ғылымда түбегейлі шешілмеген жайттар екенін атап айту керек. Ван Бинхуаның зерттеуінше, Қызылтас ескерткішін жасаушылар б. з. д. бірінші мыңжылдықтың алғашқы жартысында Еренқабырғаны мекендеген сақ тайпаларының бірі, яғни көне қытай деректемелеріндегі сә тайпасы<sup>3</sup>. Алайда Қызылтас петроглифтерінің кейбір сюжеттеріне, иконографиялық ерекшеліктеріне және басты тақырыбына ұқсас келетін жартас суреттері бір-біріне географиялық жағынан жақын орналасқан ШҰАР-дағы Бардақұл (Тарба-

<sup>3</sup> Ван Бинхуа. Сычоу чжилу каогу яньцзю (Жібек жолындағы археологиялық зерттеулер). Үрімжі, 1993.

гатай аймағында), Қазақстандағы Таңбалы, Баянжүрек, Оңтүстік Сібірдегі Қарақол және т. б. ескерткіштерде кездеседі (1.16–1.22-суреттер). Аталған ескерткіштердің хронологиялық аясы б. з. д. екінші мыңжылдықтың соңғы жартысы деп болжам жасауға болады<sup>4</sup>. Қалай дегенмен Қызылтас петроглифтері өзінің тақырып-мазмұны, орындалу техникасы және көлемі жағынан Еуразия даласында сирек кездеседі. Ол қола дәуірінің соңғы кезеңінде (б. з. д. XV–X ғасырлар) Қазақстан мен оған көршілес аймақтарды мекендеген байырғы тайпалардың кей жақтары бізге әлі де беймәлім күрделі дүниетанымы мен діни нанымдарын және мифологиясын паш ететін өнер туындысы деп есептеледі.

## 2. САҚ ЖӘНЕ УСУНЬ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Ежелгі сақтар мен усуньдердің ең іргелі ата қонысының бірі — қазіргі Шынжаң, яғни байырғы Шығыс Түркістан өлкесі. Бұл өлке көне замандардан бері Орталық Азияның, тұтас Еуразияның саяси және этно-мәдени тарихында өте маңызды орын алып келді. Шынжаң б. з. д. бірінші мыңжылдықтың аясында және одан кейінгі “Халықтардың ұлы қоныс аударуы” дәуірінде сұрапыл жүрген этно-мәдени ауыс-түйістер мен көші-қон үрдістерінің тоғысар торабы болды. “Ұлы Жібек жолының” барлық тармақ жолдарының бір-бірімен түйісер тұсы да осы Шынжаң жерінен өтті. Байтақ Еуразия даласының төрт атырабындағы көшпелі және отырықшы өркениеттер өзара ұштасып, ықпалдастықта болып, бір-бірін байытқан өзгеше бітімді мәдениеттің ошағы болды.

Сақ және усунь ескерткіштері Шынжаңның барлық өңірлерінен кездеседі. Олай болатын себебі, Шынжаң Ордостан Қара теңізге дейінгі кеңістікті алып жатқан “Скифтік-сібірлік мәдени қауымдастық” аймағының кіндік тұсына орналасқан. Осы күнге дейін сақ және усунь ескерткіштерінің жиі ашылған жерлері — Іле аңғары, Еренқабырға, Орталық және Шығыс Тянь-Шань тауларының баурайлары, Шығыс Памир, Алтай және Тарбағатай тауларының қойнаулары, сондай-ақ Жоңғар Алатауының бөктерлері т. б. Бұл өңірлерден табылған ең танымал ескерткіштер деп Алағоу, Шанбаба, Ярғол, Құлансарық т. б. обаларынан қазып алынған және Баркөл, Құмыл, Тұрфан, Алтай өңірлері мен Іле аңғарынан кездейсоқ жағдайда табылған құнды жәдігерлерді атауға болады

### Іле аңғарынан табылған ескерткіштер

Іле аңғары — Тянь-Шаньның жеке сілемдері болып табылатын Еренқабырға, Борохоро, Нарат, Қарлық және Кетпен тауларының қоршаған

<sup>4</sup> Самашев З., Франкфорт А. Н., Сүңгатай С., Жетібаев Ж. Қазақ даласы петроглифтеріндегі ежелгі бақсы-абыздар бейнесі // Шынжаң қоғамдық ғылымы. 1996. № 1.

аралығында жатқан таулы-ойпатты өңір. Орталық Азиядағы табиғаты тамаша, құтты мекендердің бірі, былайша айтқанда, жер жаннаты Жетісудың басы десе де болады, ол Қазақстанның Алматы облысымен шектесіп жатыр. Іле аңғары — көшпелі және жартылай көшпелі малшылыққа да, егіншілікке де аса қолайлы өлке. Көне қытай жазба деректемелерінде сә деп, кейде сәчжун деп аталған ежелгі сақ тайпаларының бірі, яғни өзге деректерде аталатын тиграхауд сақтарының жетісулық тармағы осы өлкені мекен етті. Ал онан кейінгі кезеңдерде Іле аңғары усуньдердің іргелі бір ордасының құт қонысы болды.

Іле аңғарынан табылған сақ-усунь ескерткіштерінің көпшілігі Іленің жоғарғы салалары деп есептелетін Күнес, Текес, Қас т. б. өзендердің жазық алқаптары мен тау бөктерлерінен ашылған. ҚХР-да 1989 жылы жүргізілген тарихи-мәдени ескерткіштерді жаппай барлап-тексеру кезінде бұл аймақтан көне сақ-усунь дәуірінің топырақтан және тастан үйілген үлкенді-кішілі обаларынан он мыңнан астамы есепке алынған. Олардың арасынан диаметрлері 100—150 метрге дейін жететін әйдік обалар да жиі кездеседі (1.23, 1.24-суреттер). Осы күнге дейін ресми археологиялық қазба жұмысы жүргізілген ескі қорымдар — Іле Қазақ автономиялы облысының Чжаосу (Моңғолкүре) ауданындағы Сарқобы, Шаты, Бома, Чжунмачан, Текес ауданындағы Имучан, Нылқы ауданындағы Қаратөбе, Чоңкөк, Жырынтай, Синьюань (Күнес) ауданындағы Хэйшаньтоу, Чжунянчан, Темірлік, Шашал ауданындағы Судунбұлақ және т. б. Аталған қорымдардағы обалар көбінесе топырақтан, тастан үйілген, олардың сыртқы айналасы таспен қоршалған, кейде обаны айналдыра таяз ор қазылған, ірі және орташа обалар солтүстіктен оңтүстікке қарай тізбектеле орналасқан. Обалардың астынан көбінесе бірден, кейде екі және одан да көп көр қазылған, көрлер тік шұңқырлы және жан ақымды болып келеді. Мәйіттер жеке-жеке кейде жұптастырылып, бастары батысқа беріліп, шалқасынан жатқызылып жерленген. Көрге бірге қосып көмілген ақиреттік бұйымдардан қыш, қола, темір, сүйек, ағаш және алтыннан жасалған заттар кездеседі. Қыш ыдыстар көбінесе қолмен жапсырылып жасалған сыңар тұтқалы және тұтқасыз құмыралар, тостағандар, көзелер, күбілер мен табақтар т. б., сондай-ақ кейде қыш шамдалдар мен шырағандар да кездеседі. Бір айта кетер жайт, Іле аңғарынан сол дәуірге тән бояулы қыш ыдыстар да көп табылған. Бояулы ыдыстарға көбінесе үшбұрышты, тор көз, иректі және жапырақ тәрізді жолақтар және т. б. алуан түрлі өрнектер салынған. Ескерткіштердің ғылыми әдістермен анықталған мерзімі б. з. д. VIII ғасырдан б. з. II—III ғасырларына тура келеді.

Осы күнге дейін ҚХР-дың Іле Қазақ автономиялы облысы аумағында, яғни Іле аңғарында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелері ол өлке мен оған шектес жатқан Қазақстанның Жетісу жеріндегі байырғы сақ және усуньдердің археологиялық мәдениетінің біртектес, біртұтас екенін айқын көрсетті. Антропологиялық-нәсілдік бітімі жағынан да бірыңғай әрі бірдей екенін ғалымдар нақты дәлелдеді.

Іле аңғарының ежелгі көшпелілері дәуіріне тән, атап айтқанда сақтардың баға жетпес бірегей ескерткіштерінің бір тобы аталған аймақтың бірсыпыра



жерінен кездейсоқ жағдайда көмбелерден табылған қола бұйымдардың жиынтығы болып табылады. Солардың бір тобы 1983 жылы Іленің бастауы болған Күнес өзенінің алқабынан кездейсоқ табылған. Олар — сақ көсемінің қоладан құйылған мүсіні, қола қазандар, қола шамдалдар мен шырағандар, қанжарлар мен семсерлер, сондай-ақ өзге де діни-ғұрыптық заттар.

Олардың ішіндегі жұрттың назарын бірден өзіне баурайтын тамаша жәдігерлердің бірі — қоладан құйылған сақ көсемінің мүсіні (1.25-сурет). Мүсінінің биіктігі 40 см, салмағы 3 кг, қалыпталып құйылған, іші қуыс, кейбір тұсы дәнекерленген, мүсінінің басына ұшы имектеліп келген шошақ төбелі, дөңгелек жұлықты бөрік кигізілген. Мүсін белден жоғары және тізеден төмен жалаңаш, ал бел тұсына қысқа көйлек (?) немесе нендей бір ғұрыптық киім (?) киген кейіпте бейнеленген, бір тізерлеп жүрелеп отыр. Екі қолын екі тізесіне қойып, әлде қандай бір затты ұстап отыр, заттың тұғыры қалып, өзі бүлініп жоғалған. Мүсін аса келісті сомдалған, шымыр тұлғасын еңселі ұстап, тіке алға қарап, аса салмақты да, сабырлы отыр. Онда кейіптелген кейіпкердің түр-әлпеті нағыз сақтың келбетін елестетеді.

Дәл осыған ұқсас қоладан құйылған сақ мүсіндері Орталық Азияда сирек кездеседі. Аталған мүсінді қытай ғалымдары б. з. д. V—III ғасырлардағы сақ сарбазының (батырының) мүсіні деп тұжырымдаған. Әрине, сақтар шетінен батыр болған, алайда мүсінінің жалпы бейнесіне қарағанда ол жай батыр емес, бір тайпа елді басқарған көсемге ұқсайды. Көсем болғанда да оның белгілі бір діни-ғұрыптық рәсімге қатысып отырған сәті бейнеленген сияқты, немесе сондай бір діни-ғұрыптық салтты басқарып-жүргізіп отыратын бақсы-абыздардың бірі шығар, қалай дегенмен де ол сақ қоғамындағы бойында бірнеше түрлі қасиеті мен лауазымы және жоғары мәртебесі бар әйгілі тұлғалардың бірінің мүсіні екені даусыз.

Күнестік қола бұйымдар жиынтығындағы келесі бір құнды жәдігер — үш бұтты қола қазан (1.26-сурет). Биіктігі 44 см, қалыппен құйылған, бүйірі шығыңқы, онда үш қатар белдеулетіп салынған өрнегі бар, үш бұты аң немесе жануардың тұяғы тәрізді етіліп құйылған, оның өзі көшпелілердің құрбандық шалу рәсіміне байланысты болса керек. Бұл қола қазан да Алматы маңынан табылған жетісулық қола қазандардың кейбірімен әбден ұқсас, бейне бір шебердің қолынан шыққандай бір-бірлерінен аумайды. Аталған жәдігерлермен бірге табылған екі қола гривна да ерекше назар аудартады (1.27-сурет). Олардың біреуінің шығыршығының түйісер тұсында бір-біріне айбат шегіп тұрған бір жұп барыс, екіншісінде де өзара шекісіп тұрған бір жұп қанатты барыс мүсіндері сомдалған. Бұлар да ежелгі көшпелілер мәдениетінде сирек кездесетін заттар, ғылыми болжамдар бойынша оны тайпа көсемдері немесе бақсы-абыздар белгілі бір діни-ғұрыптық салт-рәсім кезінде мойындарына киіп, іс жүргізетін болған.

Күнестен табылған тағы бір қола қазанның тұғыры конус тәрізді, доғаланып келген екі құлағы бар, ернеуінен төмен бүйіріне қарай айналдыра үшбұрышты өрнектер салынған, қазанның биіктігі 57 см, аузының диаметрі

42 см. Бұл қазан И. Тасмағамбетовтың жеке коллекциясындағы Алматы маңынан табылған қола қазанмен ұқсас, бір-бірінің сыңарындай. Сондай-ақ Күнес ауданының Кенсу ауылынан табылған, қоладан құйылған таутеке мүсіні де сирек кездесетін тамаша жәдігерлер санатына жатады (1.29-сурет). Таутеке мүсінінің биіктігі 5,5 см, тұрқы 5,7 см, оның шаңырақтай мүйізі мен тұмсығы ерекше әсіреленіп сомдалған. Жалпы скиф-сақ тайпаларының мифологиясындағы бұғы, бұланнан кейін кең тараған бейнелердің бірі — таутекелер, сондықтан да сақтардың “аң стильді” өнерінде таутеке рәмізі көп кездеседі.

Іле аңғарынан табылған сақ ескерткіштерінің ішінен Қазақстан шекарасының іргесінде ғана орналасқан Шапшал ауданы жеріндегі Судунбұлақ обасынан табылған қоладан құйылған құрбандық үстелін (алтарь) айрықша атауға болады (1.28-сурет). Құрбандық үстелдің биіктігі 23 см, ұзыны мен ені 76 см, төрт бұрышты, табақшасының ернеуі тегіс, екі жанында екі тұтқасы бар, төрт бұты түйенің табаны тәрізді етіліп құйылған да, оның жоғары жағына кәдімгі кісі келбеті сомдалған, ондағы адамның көзі, мұрны, аузы сияқты бес мүшесі түгел айқын бейнеленген. Дәл осыған ұқсас “Жетісу алтары” деп аталып кеткен құрбандық үстелі 1912 жылы Алматының (ол кезде Верный деп аталатын) Үлкен станицасының жанынан табылған екен, ал Ыстықкөл жағасындағы Шілпектен табылған осындай құрбандық үстелді Судунбұлақ құрбандық үстелінің айнымаған “көшірмесі” десе де болғандай.

Күні бүгінге дейін ҚХР жерінде ежелгі усуньдерге тән деп есептелген екі жүзге таяу ескі оба қазылып зерттелген. Олардың дені өз заманында тонауға ұшыраған. Дегенмен, қазба жұмыстары арқылы усуньдердің жерлеу ғұрпынан, тұрмыстық және шаруашылық жағдайынан, дүниетанымынан, сондай-ақ антропологиялық-нәсілдік келбетінен дерек беретін көптеген құнды жәдігерлер жинақталған. Сақ тайпаларының мәдени дәстүрлерін жалғастырушылар ретінде ежелгі усуньдер сақтардың реалистік өнерінің тамаша дәстүрлерін сақтап қана қалмаған, оның үстіне өздерінің жаңа төлтума мотивтерін жаратқан. Бұл кезеңде алтын өңдеу өнерінің полихромдық стилі, сіркелеу, түрлі-түсті асыл тастардан көз салу тәсілі өркендеді. Іле аңғарынан да усуньдердің бейнелеу және сәндік өнерінің бірсыпыра тамаша үлгілері табылған (1.30—1.37-суреттер).

Сондай құнды археологиялық материалдар берген ескерткіштердің бірі — еліміздің Райымбек ауданы Нарынқол ауылына таяу, оған шекарадан тұспа-тұс орналасқан, Текес өзені бойындағы Шаты обалары (Моңғолкүре ауданында). Ондағы обалардағы мәйітті жерлеу ғұрпы Жетісудағы усуньдік жерлеу салтымен бірдей. Обалардан табылған қыш құмыралар, соның ішінде көшпелі халықтар күні бүгінге дейін қолданып келе жатқан тері торсыққа ұқсас қыш құмыралар ерекше назар аудартады (1.30-сурет). Шаты қорымындағы № 38 обадан табылған дәл сондай торсық пішінді қыш құмыра Қазақстанның Жетісу жеріндегі усунь обаларынан және Оңтүстік Қазақстандағы Канцзюй (Кангюй) ескерткіштерінен де жиі табылып отырады. Шаты қорымындағы № 7 обадан табылған қыштан жасалған шырағдан сақ дәуіріндегі діни наным-сенімнің үзбей жалғасын тауып келгенін көрсет-



се керек (1.31-сурет). Усунь дәуірінде сақ өнеріндегіден өзгешелеу полихромдық стиль кең өріс алды, олардың зергерлік өнерінде алтын, мыс және қола сымнан асыл тастар араластырылып өріліп, неше түрлі сырғалар, түйреуіштер, шолпылар жасалған. Оларға құстардың мүсіндік бейнелері салынатын болған, жүзік, білезік сияқты әшекей бұйымдарға неше түрлі асыл тастардан көз орнатылатын болған (1.33, 1.35, 1.37-суреттер). Іленің Нылқы ауданындағы Қаратөбе қорымындағы № 2 обадан табылған қоладан жасалған шаш түйреуішті дәл сондай ежелгі усунь мәдениетінің тамаша жәдігерлерінің бірі деп есептеуге болады (1.32-сурет). Қола түйреуіш алтынмен қапталған, ұшына дөңгелек перуза тасынан көз салынған, ал оның бір ұшына алтыннан құйылған, ұшып бара жатқан құстың (аққу немесе тырнаға ұқсайды) мүсіні бекітілген. Жалпы, ертедегі көшпелілердің өнерінде, әсіресе олардың сәндік бұйымдарында құстар бейнесі жиі кездеседі. Есік обасынан табылған әйгілі “Алтын адамның” баскиімінде және Қарғалыдан табылған ежелгі усуньдердің алтын тәтісінде де ұшып бара жатқан неше түрлі құс бейнелері бар. Құстар ежелгі көшпелілердің діни-мифологиялық дүниетанымы бойынша әлемнің үш бөлігі ішіндегі ортаңғы әлемді, яғни адамдар мен жан-жануарлар мекендейтін жер үстіндегі бұл дүниені құдайлар мекендейтін көк-аспан әлемімен жалғастырушы, адамдарды ұшпақпен байланыструшы дәнекер деп есептелген.

### Алағоу алтын бұйымдары

Алағоу обалары Шығыс Тянь-Шань жоталарының оңтүстігінде, Үрімжі қаласынан оңтүстікке қарайғы 130 км жердегі Тұрфан қаласының шығысына қарай 160 км қашықтықтағы Алағоу аңғарында орналасқан. Қытай археологтары 1976–1978 жылдары Алағоу қорымындағы сексенге тарта обадан талдап-таңдап төрт ірі обаны қазып зерттеді. Нәтижесінде обалардан сақ тайпаларының мәдениетін паш ететін керемет олжалар тапты. Обалар кәдімгідей тастан үйілген, айналасы да тастармен төрт бұрышты етіп қоршалған. 6–7 м етіліп терең қазылған қабірлердің түбінде шырша бөренелерінен тік төрт бұрышты етіп қиюластырылып жасалған қима-көр бар. Мәйіттердің басы батысқа беріліп, шалқасынан сұлата жатқызылып жерленген. Обалардан табылған қыш ыдыстардың бірыңғай жиынтығы, әсіресе, сақ мәдениетіндегі дәстүрлі “аң стиліндегі” алтыннан, күмістен, қоладан жасалған сәндік және ғұрыптық асыл бұйымдар ерекше назар аудартады. Олар — бір-біріне айбат шегіп тұрған екі барыс бейнесі бедерленген төрт алтын пластина (2,6 x 3,5 см), артқы аяқтары арқасына қарай қайырылған жолбарыс бейнесі түсірілген алтын пластина (2,5 x 11 см), диаметрі 5,5 x 6 см келетін, барыс бейнесі түсірілген сегіз дөңгелек алтын қапсырма және тағы да осындай жыртқыш аңдардың басы бейнеленген төртбұрышты және қалқан пішіндес жеті күміс қапсырма, алтын алқа, қола шамдал, сонымен қатар жүзге тарта әр түрлі алтын әшекей заттар (1.38–1.43-суреттер).

Сақтардың діни-ғұрыптық бұйымдары — шамдалдар көбінесе кездейсоқ жағдайда немесе көне көмбелерден табылатын болса, Алағоу обалары-

ның бірінен (№ 20 оба) көрге бірге қосып көмілген жерінен табылған (1.43-сурет). Бұл — сирек кездесетін құбылыс.

Алагоу шамдалының тұғыры қиық пирамида тәрізді, табақшасы төрт бұрышты, ернеуі жалпақтау келген. Табақшасының ортасында бір бағытқа қарап тұрған қанатты екі барыс мүсіні орнатылған, киелі от тұтандырғыш бітелі түтікшенің орны болар-болмас білінеді. Шамдалдың тұрқы 32 см, табақшасының ені 29 см. Дәл осыған ұқсас қола шамдал Алматының маңынан да кездейсоқ жағдайда табылған болатын, олардағы айырмашылық сол, Алматыдан табылған шамдалдың табақшасында екі қанатты емес, төрт қанатты барыс мүсіні орнатылған. Алагоу ескерткіштерін қытай археологтары б. з. д. V—III ғасырлардағы сақ тайпаларының мұрасы деп тұжырымдаған<sup>5</sup>.

Жалпы, б. з. д. бірінші мыңжылдықтағы Еуразияның далалық өңіріндегі көшпелі халықтардың мәдениеті мен өнерінің ортақ, бірыңғай, біртектестігі туралы тұжырым ғылымда берік орныққан. Сол сияқты, Алагоу ескерткіштері өздерінің орналасуы жағынан (Қазақстан жеріне жақын), қабір құрылысы мен өлікті жерлеу салты, табылған ғұрыптық және өнер бұйымдарының жасалу стилі, тұрпаты, мүрделердің антропологиялық келбеті жағынан өздерімен дәуірі тұстас келетін сақтардың Жетісудағы әйгілі Есік обасы мен Бесшатыр қорғандары және Алтайдағы Пазырық мәдениеті ескерткіштеріне барынша ұқсас. Осының негізінде ғалымдар (Б. А. Литвинский, К. Дебен-Франкфор, Ван Бинхуа және т. б.) бұл ескерткіштерді жасаушылар туыстас немесе бір тайпа болған деген дәйекті ғылыми тұжырым жасап отыр.

### Құлансарық алтын бұйымдары

Құлансарық обалары ШҰАР-дың Қызылсу облысы Ақши ауданының аумағында, Оңтүстік Тянь-Шань тауларының Қақшаал жоталарының тау бөктерінде, Тоуышқан өзенінің оң жағалауында орналасқан. Қырғыз-қытай шекарасының шебінде тұрған бұл жер Қырғызстанның Ыстықкөл облысымен шектеседі, Қазақстанның Алматы облысына да таяу жатыр. Құлансарық обалары 1993 жылы археологиялық қазба жұмысы жүргізілердің қарсаңында тоналған, алтын бұйымдар сол тонаушылардың қолынан тәркіленген.

Құлансарық алтын бұйымдарының бірі — алтыннан соғылған жылқы бейнеленген жапсырма (1.44-сурет), оны жартылай ойыңқы мүсін деуге болады, ұзындығы 5 см, биіктігі 4,5 см келеді. Бұл жылқы бейнесі жалы тікірейіп, жүйткіп бара жатқан кейіпте, нағыз “қаз мойын, бота тірсек, қамыс құлақ” дегендей өте сымбатты сомдалған, артқы екі аяғы жонынан асырыла, жалына дейін қайырыла, әсіреленіп бейнеленген. Жылқы бейнесі

<sup>5</sup> Ван Бинхуа. Сычоу чжилоу каогу яньцзю (Жібек жолындағы археологиялық зерттеулер). Үрімжі, 1993.

сақ тайпаларының мифологиясында көрнекті орын алады, “аң стилі” өнерінде жиі кездеседі. Құлансарықтық алтын бұйымның енді біреуі — алтыннан құйылған бұғы мен бүркіттің мүсіні (1.44-сурет). Мүсіннің ұзындығы 2,6 см, биіктігі 3 см, мүсін екі бөлек құйылып, онан соң беттестіріліп дәнекерленген, іші қуыс. Мүсінде қашып бара жатқан бұғының үстіне қыран бүркіт келіп түсіп, бұғының жонынан шеңгелдеп жатқан көрінісі аса тартымды әрі әсерлі бейнеленген. Құлансарық обаларынан аталған бұйымдардан өзге тағы да алтын сырға, білезік және басқа да сәндік алтын заттар табылған. Жалпы, жылқы, бұғы және қыран бүркіт бейнелері ежелгі көшпелілер өнерінде өте жиі кездесетін мотивтер болғанымен, алайда тұрпаты мен сымбаты жағынан құлансарықтық алтын бұйымдармен деңгейлес жәдігерлер Орталық Азия өңірінен ілуде бір ғана табылған.

### Ярғол алтын бұйымдары

1994—1996 жылдары қытай археологтары Шығыс Тянь-Шаньның бір сілемі Боғда тауының оңтүстік етегіндегі Ярғол ауылының жанынан ерте көшпелілер дәуірінің ескі қорымында қазба жұмысын жүргізіп, аса құнды мәдени олжалар тапты. Қорымның жанында ежелгі Ярғол қаласының қираған жұрты тұр. Обалардағы көр шұңқырының аузын айналдыра шикі кірпішпен қалап қоршаған, оның сырты тағы да айналдырыла таспен қоршалып, үстіне тас үйілген. Обалар кезінде тоналғанына қарамастан, олардан алтын және өзге де металдардан, ағаштан, сүйектен жасалған заттар, жүн тоқыма және матадан, жібектен тігілген бұйымдардың мол жиынтығы алынған. Олардың ішіндегі ең құнды әрі назар аудартып, көз тартар жәдігерлер — алтыннан және сүйектен жасалған бұйымдар (1.45—1.49-суреттер).

Солардың бірі — № 1 обадан шыққан, ұзындығы 8,4 см, ені 5,75 см келетін алтын жапсырма (1.45-сурет). Ол соғып, қалыптау арқылы жасалған, онда бүркіт басты грифонның барысты желкелеп алып, талап жатқан арпалысты көрінісі бейнеленген. Грифонның тұла бойы балықтың сауыт қабыршақтары сияқты етіп соғылған, ал барыстың өзі азулы жыртқыш бола тұра, дүлей құбыжық грифонның алдында дәрменсіз, жуасыған күйде мойын ұсынып тұрған кейіпте бейнеленген. Сақтардың “аң стиліндегі” өнерінде мұндай сюжеттегі жапсырмалар (алтын, қола, ағаш т. б.) Пазырық, Берел мәдениеті мен Ордос ескерткіштерінде жиі кездеседі.

№ 1 обадан табылған алтыннан сомдалған бір жұп шөгіп жатқан түйелердің мүсіні де ерекше тартымды (1.46-сурет). Олардың биіктігі 2 см, ұзындығы 2,6 см, соғып, дәнекерлеу арқылы жасалған. Скиф-сақ, әсіресе ғұн-сармат кезеңінің бейнелеу өнерінде ең кең тараған бейнелердің бірі — түйелер, ол ежелгі көшпелілердің дүниетаным жүйесінде ерекше орын алады, олардың түсінігінше түйелер тек патшаларға лайық жануар деп есептелген.

Келесі бір алтын бұйым — жалпақ алтыннан екі бөлек етіп соғылып, өзара беттестіріліп дәнекерленген бұғының мүсіні. Мүсіннің ұзындығы 3,8 см, биіктігі 3,3 см. Бұғы өте сабырлы, тыныш қалыпта бейнеленген.

Ярғол алтын бұйымдарының ішіндегі ең бірегей жәдігерлік деп алтын гривнаны (мойынға кигізілетін әшекейлі алқа) атауға болады (1.47-сурет). Ол 1996 жылы Ярғолдағы II қорымдағы № 1 обаны қазған кезде табылған. Алтын гривнаның диаметрі 14 см, ені 1,9–4,1 см, салмағы 77 г, ол төрт-бес қатар жұқа алтын түтікшелерден қабаттастырылып құрастырылған. Гривнаның жоғарғы жағы мен етек жағында азулы барыстың таутеке тектес киіктерге тарпа бас салып жатқан бейнесі сомдалған. Қытай археологтары алғашында бұл гривнаны жаңсақтықпен тәж (тәті) деп таныған, кейін бұл ағаттықты жапон ғалымы Хаяши Тошио және басқа ғалымдар өз зерттеулерінде түзетті. Осыған ұқсас алтын гривна бүгінгі күнге ешбір тоналмай, бүлінбей жеткен Есік обасын қазған кезде ондағы “Алтын адамның” мойнынан табылған еді. Хаяши Тошио ярғолдық гривнаны “Алтын адамның” гривнасымен және де Еуразияның өзге аймақтарынан табылған осыған ұқсас жәдігерлермен салыстыра отырып, жасалу тәсілі, көркемдік-стильдік ерекшеліктерін талдай келе, оны ғұн-сармат кезеңінің, дәлірек айтқанда б. з. д. I ғасырдың мұрасы болуы мүмкін деп тұжырым жасаған. Ал бұл дәуірде Боғда тауының төңірегінде көне қытай жазба деректемелері бойынша цзюйши немесе кейде гуши деп аталған сақ тайпаларының бір тармағы мекендеген еді, Ярғол ескерткіштері сол елдің ақсүйек шонжарларының бірінің мұрасы болса керек.

### 3. ҒҰНДАРДЫҢ МӘДЕНИ ЖӘДІГЕРЛЕРІ

Қазіргі ҚХР-дың солтүстік бөлігі, атап айтқанда Ішкі Моңғолия, Шаньси, Хэбэй провинцияларының солтүстік аймақтары мен Гансу, Нинся провинцияларының аумағында б. з. д. XV ғасырлардан бастап табиғи-климаттық жағдайларға байланысты мал шаруашылығы қарыштап дамыған. Осыған орай аталған аймақтарда жоғары деңгейдегі қола мәдениеті өркендеді. Ол мәдениетті жасаушылар ең көне қытай жазба деректемелері бойынша ди, бэйди, шаньжун, сижун, гуйфан және т. б. деп аталатын көшпелі, жартылай көшпелі тайпалар болған. Тағы да сол көне қытай жазба деректемелері бойынша жоғарыда аталған тайпалардың тікелей ұрпағы болып табылатын ғұндардың (қытайша сюнну, кейбір деректерде “хулар” деп те аталады) б. з. д. V ғасырдан кейінгі негізгі ордасы да қазіргі Ішкі Моңғолиядағы Ордос пен оның төңірегіндегі өңірлер болды.

Аталған көшпелі тайпалар жасаған бірегей өркениеттің ескерткіштері XX ғасырдың басынан бастап бүкіл дүние жүзіне белгілі бола бастады. Ол жәдігерлердің дені кездейсоқ жағдайда табылған болса, бірсыпырасы тонаушылар тарапынан қолды болғандарынан жиналған болатын. Бұл ескерткіштер байтақ Еуразия даласының өзге аймақтарындағы көшпелілер өркениетімен төркіні, бітімі, болмысы және даму үрдісі жағынан болсын біртектес, біртұтас және бірыңғай екені бесенеден белгілі. Алайда, бұл өркениеттік құбылысқа батыстық және бұрынғы кеңестік ғылымда “скифтік-сібірлік” стильдегі өнер деген, ал Қытайда “ордостық үлгідегі қола бұйымдар” деген сүреңсіз аттар

қойылып, айдар тағылды, соңғы кездері Қытайда жарық көрген археологиялық еңбектерде бұлардың орнына “солтүстіктік жүйедегі қола бұйымдар” деген тағы бір жарымжан термин пайда болды.

Солтүстік Қытайдағы ежелгі көшпелілер өркениеті ғұндар дәуірінде шарықтау шегіне жетті. ҚХР-да XX ғасырдың 70-жылдарынан бастап бұл өңірлердегі ғұн және өзге де көшпелілердің археологиялық ескерткіштерін зерттеу кешенді түрде қолға алынды.

Ғұн өркениетіне қатысты сондай ірі археологиялық олжалардың бірі де, бірегейі де 1972 жылы Ішкі Моңғолияның Ордос үстіртіндегі Ехежау аймағының Ханцзин сомонындағы Алусайдэн обаларын қазған кезде табылған. Обалар бүлініп, тоналған, соған қарамастан қазба кезінде одан жалпы салмағы төрт мың грамман астам келетін 218 дана алтын бұйым олжаланды. Бұл алтын бұйымдар құймалау, қалыптау, қақтап соғу сияқты технологиялық тәсілдермен жасалған.

Бұл жәдігерлердің ішіндегі ерекше көз тартар ең таңдаулысы — **Алтын тәжі** (1.50-сурет). Биіктігі 7,1 см, диаметрі 16,5 см алтын тәж қалыпталып құйылған және шығыңқы бедермен жасалған. Тұтас тәж екі бөліктен, тәж айдары мен тәтіден құралған. Алтын тәж түгелдей “аң стиліндегі” өрнектермен бедерленген. Тәждің айдары тұтас алтыннан тебетей тәрізді етіліп құйылған да, онда төрт бөрі жеке-жеке төрт таутекені жәукемдеп жатқан көрінісі бедерленген, тебетейдің үстіне қанатын жайып, қомданып отырған қыран бүркіттің алтын мүсіні қондырылған, бүркіттің басы, тұмсығы және мойны көк перузадан сомдалып, алтын таспалармен бекітілген, бүркіттің басы, мойны мен құйрығы қозғалмалы етіліп жасалған (1.51-сурет). Тәж айдарының биіктігі 7,3 см, салмағы 192 г. Ал тәті тұтас сом алтыннан екі қатар шеңбер түрінде құйылған, шеңберлердің түйісер тұсында жер бауырлай жатып алып, аузын ақсита ашып, алға қарап айбат шеккен барыстың, оған қарама-қарсы тізерлеп жатқан жылқының және сондай-ақ арқардың мүсіндері шығыңқы бедермен сомдалған. Тәтінің айналма ұзындығы 60 см, салмағы 1202 г.

Алтын тәжі табылған бұл оба, сөз жоқ, ғұн патшаларының (тәңірқұттарының) бірінің немесе өзге бір жоғары мәртебелі көсемдерінің бірінің екендігі, яғни “патшалық обалар” қатарына жататындығы еш күмән тудырмайды. Өйткені мұндай мол алтын-күміс сияқты асыл металдардан жасалған аса бай ақыреттік заттармен тек ақсүйек билеушілер, жоғарғы жіктегілер ғана жерленген. Ежелгі көшпелілердің діни-мифологиялық ұғымдары жүйесінде алтынның өзі ерекше рөл атқарған, ол күннің рәмізі, мәңгілік өмірдің, мәртебеліліктің, дегдарлықтың белгісі, ақсүйектерге ғана тән деп танылған. Ал қыран бүркіт көптеген ежелгі көшпелі халықтардың, оның ішінде ғұндардың да дүниетанымында көсем билігінің негізгі нышаны болған, сонымен бірге ол сол тайпаның жебеуші пірі — тотем культімен байланысты болуы да мүмкін. Алтын тәждің тебетей тәрізді бөлігіндегі бөрі бейнелері де Еуразиядағы байырғы көшпелілердің мифологиясы мен бейнелеу өнерінде, генеалогиялық аңыздары мен батырлық эпостарында өте жиі

кездесетін тақырып. Бөрілер — мемлекеттілік қалыптаса бастаған уақытта, “қаһармандық” кезеңде өмір сүрген тайпалардың жасақшылар қосынындағы көсемнің рәмізі. Бөрі тотемдік мәнге де ие, ежелгі ғұндардың, усуньдердің және көк түріктердің өздерінің арғы ата-бабаларын бөрімен байланыстыратын генеалогиялық аңыз-әңгімелері көне қытай жазба деректері мен жылнамаларында жиі хатқа түскен, оның үстіне оның бір емес, бірсыпыра варианттары бар. Ал алтын тәждің тәтісінде бедерленген бейнелер Еуразияның көптеген ежелгі тайпаларының бірыңғай діни-мифологиялық дүниетаным-түсініктерін паш ететін, скиф-сақ, сауромат-сармат, ғұн және т. б. тайпалардың байырғы бейнелеу өнерінде молынан кездесетін ортақ сюжеттер қатарына жатады.

Қытай ғалымдарының зерттеуінше, аталған алтын тәж көне қытайдың тарихи жылнамасы “Хоу Ханьшуда” (Соңғы Ханьнаме) жазылған “хугуань”, яғни “хулардың тәжі” немесе “көшпелілердің тәжісінің” өзі. Б. з. д. IV ғасырда ғұндармен ұзақ жылдар соғысып, жеңіске жете алмаған қытайлық Чжао патшалығының билеушісі У Линван “ху фу ци шэ” (ғұндарша, немесе көшпелілерше киініп, салт ат мініп, садақ тарту деген мағына береді) деген бастама көтереді, ол жасақтарын ғұндарша киіндіріп (шалбар, етік, садақ тартуға ыңғайлы қысқа жеңді, қайырма жағалы тон), ғұндарша қаруландырып қана қоймай, өзі де ғұн тәңірқұттарына еліктеп тәж киген, тек ғұндардыкіне ұқсатып жасаған тәждің айдарына қыран бүркіттің емес, қытайша “хэ” деп аталатын өзге бір жыртқыш құстың мүсінін орнатқан екен.

Ғұндарға қатысты көне қытай жазба деректемелерін жан-жақты саралай отырып, қытай ғалымдары алтын бұйымдарға аса бай бұл сән-салтанатты “патша обасы” б. з. д. V—III ғасырларда Ордосты мекендеген ғұндардың линьху тайпасының көсемдерінің бірінікі деген ғылыми қорытынды жасаған.

Ғұн тәңірқұтының бұл обасынан алтын тәжімен бірге жүздеген алтын бұйымдардың табылғанын жоғарыда атап өттік. Олардың көпшілігі — дәстүрлі “скифтік-сібірлік” аң стилінде жасалған жапсырмалар, қапсырмалар, тоғалар, гривналар, сырғалар мен алқалар, алтын тізбек моншақтар және басқа да сәндік-әшекей заттар (1.54—1.58-суреттер). Алтын жапсырмаларда барыстың бұқаны талап жатқан көрінісі, барыстар мен жыртқыш құстардың, арқарлар мен таутекелердің алуан түрлі бейнелері асқан шеберлікпен бедерленген, кейбіреулеріне қызыл және жасыл асыл тастардан көз салынып әшекейленген. Обадан алтын заттармен бірге бес дана күміс жапсырмалар да табылған, олардың үшеуінде жәукемдеп алған бұғыларды арқалап, жортып бара жатқан бөрілердің бейнесі сомдалған. Бұл жәдігерлер қазір Көкхото қаласындағы Ішкі Моңғолия мұражайында сақтаулы.

Аталған баға жетпес құнды жәдігерлер ғұндардың өзіне ғана тән күрделі діни-мифологиялық дүниетанымы мен өскелең өркениетін паш етеді, ғұн өнері де олармен көршілес өзге халықтардағыдай өте жоғары өреге жеткенін көрсетеді.



Ордостағы ғұн мәдениетінің келесі бір ғаламат жәдігерлері 1975 және 1979 жылдары Ішкі Моңғолияның Жоңғар сомонының Бортоғай ауылындағы Сигоупань обаларын қазған кезде табылған. Олардың ұзын саны 150 данаға дейін жетеді, дені алтыннан, онан қалса күмістен жасалған. Алтын-күміс бұйымдардың көпшілігі жапсырмалар, ілмек-тоғалар, қапсырмалар, гривналар, сырға-жүзіктер, қару-жарақ қынының қаптама әшекейлері, сондай-ақ өзге де сәндік заттар (1.59—1.64-суреттер). Жәдігерлер түгел дерлік “аң стиліндегі” бейнелермен бедерленіп, безендірілген. Олардың арасынан кейбір ерекше назар аудартатын тартымды бұйымдарды жекелеп атауға болады. Солардың бір тобы — алтын грифондардың мүсіндері, олардың біреуінің ұзындығы 14 см, биіктігі 10,2 см, жалпақ алтыннан қиып, бедерленіп жасалған (1.59-сурет). Грифонның тұмсығы бүркіттің тұмсығына, дене тұрқы мен құлағы және құйрығы етқоректі жыртқыш аңдыкіне ұқсайды, төбесіндегі стильдендіріліп салынған имек-имек келген сала құлаш мүйізі құйрығына дейін жетіп тұр. Мүсіннің мүйізінде және тұлғасының әр жерінде тесіктер бар, бәлкім бұл киімге қадалатын әшекейлі жапсырма болса керек. Екінші бір грифонның алтын мүсіні төрт бұрышты пішінде болып, ұзындығы 9 см, ені 6 см келеді, қалыптап, соғылып жасалған, ондағы аяқтарын бүгіп жатқан грифонның бейнесінің де тұмсығы бүркіттікіне, құлағы мен жоғары қайырылған құйрығы және жалпы дене тұрқы етқоректі жыртқыштыкіне, ал құйрығына дейін созылып жатқан сала құлаш мүйізі бұғының мүйізіне ұқсайды. Бұл жапсырма қанжар қынының әшекейі болған көрінеді (1.62-сурет). Тағы да осындай қанжар қынының әшекейі болған алтын жапсырмада үш бірдей аңның арпалысы бейнеленген (1.63-сурет). Онда бір жыртқыш аң бір барыстың мойнын тістеп жатса, ал барыс ол жыртқыш аңның алдыңғы аяқтарына ауыз салған, олардың жоғарғы жағында бір грифонның бейнесі бедерленіп салынған.

Сигоупань обаларынан табылған “аң стиліндегі” өзге бұйымдарда да негізінен ерте көшпелілер бейнелеу өнері ескерткіштерінде жаппай кездесетін сюжеттер қайталанатын. Олардың дені жабайы аңдардың сұрапыл айқастары бейнеленген сюжеттер, атап айтқанда барыстардың жабайы қабанды, бұғыларды және басқа да аңдарды талап, жәукемдеп жатқан көріністері, сондай-ақ бұғылардың, жыртқыш құстардың, жылқылардың және өзге де аң-құстардың әр түрлі қалыптағы жеке бейнелері бедерленген жапсырмалар мен түрлі әшекей заттар, сонымен бірге қоладан жасалған қару-жарақтар мен жебе ұштары кездеседі.

Ордостық ғұндардың бейнелеу өнеріндегі екі құбылыс зерттеушілердің назарын аударып келеді. Оның бірі ғұн өнеріндегі грифон бейнелері болса, екіншісі әр түрлі бұйымдарда бейнеленген жыртқыш аңдар мен жылқылардың артқы екі аяқтары мен құйрықтарының арқа-жонына қарай қайырылып, имектеліп берілуі.

Жалпы грифондар бейнесі Еуразияның ежелгі көшпелілерінің, оның ішінде Қара теңіздің терістік жағалаулары, Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір және Алтайдың скиф-сақ тайпаларының мифологиясы мен бейнелеу өнерінде

неғұрлым ертерек, б. з. д. бірінші мыңжылдықтың басында-ақ көптеп кездеседі. Бір өзіне көптеген жабайы аң-құстар мен жануарлардың белгілерін біріктірген синкретті фантастикалық-мифтік құбыжық образдар — грифондарды ғалымдар бүркіт тектес, барыс тектес, жылқы тектес және т. б. деп жіктейді. Солтүстік Қытайға таяу жатқан Алтайдағы Пазырық мәдениетінде (б. з. д. V—III ғасырлар), сондай-ақ осы мәдениет шеңберіндегі Қазақ Алтайының Берел ескерткіштерінде грифон бейнелерінің неше алуан түрлері кездеседі. Ғұн жәдігерлеріндегі грифон бейнелері көп емес, оның үстіне образдары жалаң да бірыңғай болып келеді, олар Пазырық мәдениетінің орта және соңғы кезеңдеріндегі ескерткіштерде (Пазырық II, Үкөк, Берел т. б.) ұшырайтын грифон бейнелеріне ұқсайды. Сигоупань ескерткіштерінің дәуірін қытай ғалымдары б. з. д. III ғасыр деп дәйекті тұжырым жасаған. Ордостық ғұн бейнелеу өнеріндегі бұл құбылыстар ғұндардың “скиф-сібір әлеміндегі” көшпелілермен, әсіресе ежелгі Алтай тайпаларымен өте тығыз этно-мәдени байланыста болғанын көрсетеді.

Ежелгі ғұн ескерткіштерінің енді бір парасы — Ордостан Алтайға дейінгі созылып жатқан таулы-далалық аймақтардан кездейсоқ жағдайларда табылған қола қазандар. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңына дейінгі ғылыми мәліметтер бойынша Ордос өңірінен табылған ғұн қола қазандарының ұзын саны жиырмадан астам. Ғұн қола қазандары негізінен екі топқа бөлінеді, оның бірі тұғырсыз, түбі тегіс, екі жақ ернеуінде доғаланып келген тік құлақтары бар, тұрқы шелек тәрізді болып келсе, екінші бір топтағыларының бүйірі шығыңқы, екі жақ ернеуінде доғаланып келген немесе төрт бұрышты тік құлағы бар, тұғыры конус тәрізді болып келетін болған (1.65—1.68-суреттер).

Дәл осындай ордостық ғұн қола қазандарына өте ұқсас келетін қола қазандар Солтүстік Шынжаң өңірінің бірен-саран жерлерінен кездейсоқ жағдайда табылған. Ғұн қола қазандары Шынжаңның Үрімжі қаласының оңтүстігіндегі Наньшань (Қаратау) тауының етегінен, Шығыс Шынжаңдағы Баркөл ауданындағы Ланьчжоуваньцзэ деп аталатын ерте темір дәуірінің қонысынан, Санжы облысының Шонжы ауданының іргесіндегі ескі қоныстан, сондай-ақ Алтай аймағының Көктоғай ауданындағы Сарыбұлақ ауылынан және т. б. жерлерден табылған (1.69—1.74-суреттер). Бұл қола қазандардың барлығының тұғыры конус тәрізді, бүйірлері онша шығыңқы емес, екі жақ ернеуінде доғаланып келген, дөңгелек немесе төрт бұрышты тік орнатылған екі құлағы (тұтқасы) бар. Қола қазандардың барлығы да Ордостан, Оңтүстік Сібірден, Еділ-Жайық бойынан табылған ғұн қола қазандарынан аумайды. Әсіресе, олардың арасында 1976 жылы Үрімжі қаласының түстігіндегі Наньшаньнан табылған қола қазан ерекше көз тартады. Оны өте сымбатты құйылған, нағыз классикалық үлгідегі ғұн қазаны деуге болады. Биіктігі 57 см, аузының диаметрі 39 см келетін бұл қазан жалпы тұрпаты Оңтүстік Орал бойынан табылған ғұн қола қазанымен ұқсас, бір ұстаның қолынан шыққандай.



## ОРТА ҒАСЫРЛАР ЖӘДІГЕРЛЕРІ

**Ғ**ылымда қалыптасқан бірыңғай тұжырым бойынша қазіргі ҚХР аумағындағы Боғда (Шығыс Тянь-Шань) тауы мен Алтай тауларының арасы, яғни Жоңғария даласы көне түрік этногенезі мен ең алғашқы мәдени дәстүрлерінің қалыптасқан аймағы деп саналады. VI ғасырдағы қытай жылнамаларында хатқа түскен көне түріктердің ата-тегі туралы генеалогиялық аңыздардың бірінде жазылуынша түріктердің арғы бабасы болған он жасар баланы жауласқан көрші тайпа аяқ-қолын кесіп, иен далаға тастап кеткен жерінен қаншық бөрі асырап алыпты да, екеуі ерлі-зайыпты болыпты. Ол баладан жүкті болған қаншық бөрі ай-күні таяғанда Боғда тауындағы бір үңгірге қашып барып, сонда он ұл тапқан екен. Сол он ұлдан өсіп-өнген ұрпақ арасынан Ашина атты немересі кейін тұтас бір тайпаның көсемі болған екен делінеді.

Көне түріктердің онан кейінгі тарихы туралы қытай жылнамаларында аса мол нақты деректер сақталған. Қытайша туцзюе (түрік) деген атау қытай жылнамаларында ең алғаш 542 жылы хатқа түскен. Әуелде ат төбеліндей бір кіші ру немесе әлеуметтік топ болған түріктер ұзақ уақыт қазіргі Моңғолия мен Жоңғария жерін билеген Жужань хандығына тәуелді болып, олардың “темір өндіруші құлдары”, басыбайлы вассалы ретінде өмір сүрген делінеді. Ортағасырлық қытай жазбаларында дәл осылай сипатталады, “темірші түріктер” бейнеленген ортағасырлық белгісіз қытай қылқалам шеберінің көне қытай қағазына салған тарихи картинасы да күні бүгінге дейін сақталып жеткен (2.1-сурет). Бірақ олар тез арада ішкі жақтан бірлікті күшейтіп, өздерімен бір тектес, бір тілдес көршілес теле (арбалылар деген мағына беретін түрік тілдес тирек немесе тегрег атты тайпалар бірлестігі, яғни қаңлылар; бұл бірлестіктің құрамында байырқу, беклі, қарлұқ, бұғу, едиз, толангет, зебендер, тарғай т. б. тайпалар болған) тайпаларының басын күшпен біріктіріп, 552 жылы Жужань ордасына шабуыл жасап, Алтайдан Хангайға дейінгі аумақтағы хандықтың билігін өз қолына алады. Онан кейінгі бір-екі онжылдықта көк түріктер Хинган тауларынан Каспий теңізіне дейінгі ұлан-байтақ Еуразия даласындағы көшпелі тайпаларды бірлестіріп, Ұлы Түрік қағанатын құрды.

Түріктер дәл осы VI ғасырдың екінші жартысынан бастап Қытаймен белсенді қарым-қатынас жасады. Екі ел арасындағы кең көлемдегі саяси-дипломатиялық, сауда-экономикалық, әскери және құда-андалық т. б. байланыстардың бәрінен соғдылықтар елшілік-ара ағайындық, дәнекерлік рөл атқарды, түрік-қытай арасындағы керуен саудасын да соғдылықтар өз міндетіне алған. Жалпы, Түрік қағанаты дәуірінде көшпелі түріктер мен Византия, Иран, Қытай т. б. отырықшы елдер арасындағы түрлі байланыстарды соғдылықтар жүзеге асырып отырған. Бұл тарихи құбылысты жазба деректермен қатар осы заманғы археологиялық зерттеулер де дәлелдеп отыр. Еуразия даласындағы көшпелілер өркениеті мен отырықшылар өркениетінің өзара түйісетін белдеулері болып саналатын Қазақстанның Жетісу өңірі, ҚХР-дың Оңтүстік Шыңжаң, Ганьсу, Нинся, Шаньси, Шэньси, Ішкі Моңғол провинцияларының жерінен көптеген ортағасырлық соғды сауда колонияларының жұрттары, соғды сартбауларының (колония басшысы, керуенбасы) кесене-молалары, соған қатысты соғдыша, қытайша эпитафиялық жазбалар табылып, ғылыми қауымның жіті назарын аударуда.

Түрік қағанаты дәуірінің алғашқы кезеңінде түріктер иран тілдес соғдылармен, үнді-еуропа тілдес тохарлармен және қытайлармен қоян-қолтық араласып, өте тығыз этно-мәдени ықпалдастық жағдайда өмір сүрген. Түріктер өздерінің төл жазуын жасағанға дейін өз ортасында және халықаралық байланыстарда соғды тіл-жазуын пайдаланған. Біз сөз еткелі отырған қазіргі ҚХР жеріндегі көне түріктерге қатысты тарихи-мәдени жәдігерлер арасындағы түрік қағанының тас мүсіні, түріктердің алтын бұйымдары, соғдылық Аньцзяның моласынан, түрік Юйхунның моласынан табылған жәдігерлер дәл сол орта ғасырлардағы “түрік-соғды және қытайлық мәдени синтез” үрдісінің жарқын айғақтары.

Қазіргі ҚХР аумағында, соның ішінде Шыңжаң, Ганьсу, Солтүстік Қытай өлкелерінде, Ішкі Моңғолияда көне түріктердің тарихи-мәдени ескерткіштері өте көп сақталған. Олар — көне түріктердің тас мүсіндері, таңбалы тастары, ғұрыптық-жерлеу ескерткіштері, қала-бекіністері, әлеуметтік-экономикалық тіршілігіне қатысты бұйымдары, теңге-тиындары, бітік жазбалары т. б. Өкінішке орай, ҚХР жеріндегі көне түрік ескерткіштері белгілі себептерге байланысты осы күнге дейін кең көлемде ғылыми тұрғыдан кешенді түрде қолға алынып зерттелген жоқ, тек көне түрік тас мүсіндері ғана біршама толық есепке алынып, тексеріліп-зерттелді. Өзге түркілік ескерткіштер көбінесе кездейсоқ жағдайда табылғанда, немесе тонауға тап болғанда, не болмаса авариялық күйге душар болған жағдайда ғана зерттеуге алынған. Төменде таныстырылып отырған жәдігерлер сондай құнды ескерткіштердің бір парасы.

## 1. КӨНЕ ТҮРІКТЕРДІҢ АЛТЫН БҰЙЫМДАРЫ

**Алтын маска** (2.2-сурет). 1997 жылы ҚХР-дың Іле Қазақ автономиялы облысы Моңғолкүре ауданына қарасты Бома ауылындағы (Қазақстан шекарасынан шамамен 15—20 шақырым келеді) ескі обадан табылған. Бұл

обаны 1976 жылы ҚХР Тарих мұражайы мен Шынжаң мұражайының біріккен археологиялық экспедициясы алғаш бастап қазба жүргізіп, белгілі бір себептермен қазба жұмысы орта жолда тоқтап қалған. 1997 жылы қорым жанынан жол салушы жұмысшылар обаны түбіне дейін қазып, түк қалдырмай тонап алған. Кейін Іле Қазақ автономиялы облыстық полициясының көмегімен Мәдениет ескерткіштерін қорғау мекемесі тоналған 70-ке таяу құнды жәдігерлерді қайтарып алған. Қазір олар ҚХР-дың Құлжа қаласындағы облыстық Өлкетану мұражайында сақтаулы тұр.

Алтын масканың ұзыны 17 см, ені 16,5 см, салмағы 245 г. Маска келбетті, салауатты, сұсты ер кісінің бет әлпетін айқын елестетеді. Оның көздері доғаланған, қасы, қияқ мұрты, қаба сақалы түгелдей ені 1 см-дей келетін алтын таспамен көмкеріліп, лағыл тастардан көз салынып, өте шеберлікпен, әрі көрнекі бедерленген.

**Алтын құты** (2.3-сурет). Алтын құтының биіктігі 14 см, аузының диаметрі 7 см, салмағы 489 г. Құтының қақпағында өсімдік жапырағы іспетті өрнектер бедерленген, ал ыдыстың мойнын айналдыра бедерлі алтын “алқа” тағылған, “алқадан” төмен алдымен бір қатар дөңгелек, сосын үш бұрышты қиықша формада тұғырық орнатылып (бәрі де алтынмен дәнекерленген), оған асыл қызыл лағыл тастардан көз салынған.

**Алтынмен оюлап, безектелген күміс тостаған** (2.5-сурет). Биіктігі 17,2 см, аузының диаметрі 7,4 см, бүйірінің диаметрі 10,8 см. Салмағы 544 г. Тостағанның мойнына ені 2 см келетіндей ромб пішіндес етіліп алтыннан оюлы безек салынған.

**Алтын жүзік** (2.6-сурет). Алтын жүзіктің көзі сопақ пішінді қызыл лағыл тас, көлемі 2,1/1,5 см. Жүзік көзінің айналасы екі қатар алтын моншақтармен көмкеріліп, онан төменгі жағы ұсақ алтын түйіршіктермен сіркеленген.

**Қызыл ақық тастармен безендірілген алтын құты** (2.4-сурет). Құтының биіктігі 16 см, аузының диаметрі 8,8 см, түбінің диаметрі 7 см, салмағы 725 г. Құтының тұла бойына белгілі ретпен дөңгелек ойықтар шығарылып, оған қызыл ақық тастардан көз салынған, құтының бүйіріне алтыннан құйылған барыс пішінді тұтқа орнатылған.

Аталған алтын, күміс бұйымдардың аналогиялық үлгілерін біз Орталық Азияның бірсыпыра жерінен жүргізілген ресми археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған қазыналардан кездестіреміз. Қырғызстанның Шу аңғарындағы (Іле Алатауының күнгеі беті) Шамси қорымынан қазылған, бір ақсүйек әйел жерленген, ақыреттік заттарға аса бай катакомбалы зираттан әйел кісінің бет пішіні сомдалған алтын маска, күміс тәті, қоңыр-қызыл түсті жақұтпен әшекейленіп, көз салынған алқа мен сырға және т. б. асыл заттар табылған. Ондағы алтын масканың жүзінде ағаш бұтақтары тәрізді өрнектер бар, бәлкім марқұмның бетіндегі татуировкасын бейнелеген болса керек. Шамси обасын археологтар VI–VII ғасырлардыкі деп тұжырымда-

ған<sup>6</sup>. Дәл осындай алтын масканың екінші түрін археолог А. К. Әбетеков Қырғызстанның Алай аңғарындағы Жалпақтөбе (№ 8) обасынан тапқан<sup>7</sup>. Ал И. Қожамбердиев Қырғызстанның Кетментөбе аңғарындағы Төркен қорымынан қазған обалардан марқұм кісінің кебіні ретінде бірге көмілген, алтыннан жасалған бірсыпыра ауызтартқыштар (наротники) мен көзілдіріктер (наглазники) тапқан. Төркен ескерткіштерін ғалымдар б. з. V ғасырыныкі деп есептейді<sup>8</sup>. ҚХР ШҰАР-дың Тұрфан шұратындағы Астана қорымынан (дәлізі бар катакомбалы және жан ақымы бар зираттар, б. з. IV–VIII ғасырлар) түрлі-түсті тоқыма бұйымдардан тігілген әр түрлі ақыреттік маскалар мен бетперделер (лицевые покрывала) және көзілдіріктер көп табылды. Ғалымдар көне замандарда Орталық Азияда марқұм болған кісіні ақыреттік маскамен, бетпердемен және көзілдірікпен жерлеу ғұрпының түп төркіні Тянь-Шань төңірегінде, Ферғана аңғарының батысы мен Алай өңірінде тараған б. з. II–V ғасырларына тән катакомбалы-жан ақымы бар обалар мәдениетінен туындайтынын дәйекті түрде атап көрсетеді<sup>9</sup>. Ақыреттік масканың тағы бір шығу төркіні оңтүстік Сібірдің ғұндық-ерте түркілік дәуірдегі Таштық мәдениеті екені белгілі. Білікті мамандар Таштық мәдениетіндегі ақыреттік маскамен жерлеу ғұрпы сол аймақта сырттың ықпалынсыз, жергілікті діни наным-сенімдер негізінде дербес пайда болып, дамығанын айтады<sup>10</sup>. Жерлеу ғұрпындағы ақыреттік масканың мәні туралы ғылымда әр түрлі пікір бар. Марқұмды маскамен жерлеу көбінесе өлі мен тірінің аражігін айыру, марқұмның бет пішінін, жансыз образын, рухының бейнесін сақтап қалу сынды ата-бабаға, марқұмның аруағына табынушылық наным-сеніміне байланысты туғаны шындық. Сонымен біз салыстыра зертей отырып, Бомадан табылған алтын бұйымдарды б. з. VI–VII ғасырларында ежелгі Жетісу жерінде, асқақ Хантәңірі тауының баурайында орда тіккен Батыс Түрік қағанатынан қалған жәдігерлер деген қорытындыға келдік<sup>11</sup>. Біздің бұл ойымыз аталмыш жәдігерлерді зерттеген кейбір қытай ғалымдарының пікірімен бірдей шықты, олар да ескерткіштерді V–VII ғасырлардағы Батыс Түрік қағанатының мұрасы деп есептеген<sup>12</sup>.

<sup>6</sup> Археология СССР. Степи Евразии в эпоху средневековья. М., 1981. С. 21; Кыргыз Совет энциклопедиясы. Анықтамалық. Фрунзе, 1983. 120-б.

<sup>7</sup> Абетеков А. К. Ранние кочевники Тянь-Шаня и их культурные связи с Кушанской империей / Центральная Азия в Кушанскую эпоху. М., 1974. Т. II. С. 308.

<sup>8</sup> История Киргизской ССР. Фрунзе, 1968. С. 88.

<sup>9</sup> Лубо-Лесниченко Е. И. Могильники / Восточный Туркестан и Средняя Азия. М., 1984. С. 108.

<sup>10</sup> Киселев С. В. Древняя история Южной Сибири. М., 1951. С. 454.

<sup>11</sup> Сүңгатай С. Көне түркілердің алтын маскасы // ҚР БҒМ ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 2001. № 5.

<sup>12</sup> Ань Инсин. Шыңжаңның Іле облысы Моңғолкүре ауданындағы көне обадан табылған құнды алтын-күміс бұйымдар // Вэн-у. 1999. № 9; Юй Чжююун. Шыңжаңдағы Моңғолкүреден табылған Батыс түріктердің алтын қазынасы // Вэн-у тяньди. 2000. № 2.

Алайда, белгілі қытай археологі Ван Бинхуаның зерттеп, жорамалдауынша, бұл жәдігерлер V ғасырда, Батыс Түріктерден бұрын Батыс Жоңғария, Іленің жоғарғы аңғары мен Шығыс Жетісуда билік құрған ғұндардың кейінгі ұрпағы деп есептелегін Юебань елінің ақсүйек шонжарының ақыреттік көржолдас мұрасы көрінеді<sup>13</sup>. Қалай дегенмен де, бұл жәдігерлердің иесі ежелгі түрік қоғамындағы аса жоғары мәртебелі кісі немесе ел билеуші ақсүйек көсем болғаны дау тудырмайды. Осы орайда Батыс Түрік қағанатына елшілікке келген Византия елшісі Земархтың Истеми қағанның ордасындағы көрген-білгендері туралы Менадрдың жазғандарын еске ала кеткен жөн. Ол былай деп таң-тамаша болып суреттейді: “Бірнеше күндік сапардан кейін Земарх пен оның серіктері Соғдиянаға жетті. Олар келіп аттан түсісімен сондағы түріктер оларға темір сататынын білдірді, меніңше, бұл өз елінің темір өндірісіне өте бай, жоғары деңгейде екенін өзгелерге жеткізудің бір тәсілі шығар... Сонан кейін Земарх пен оның жолдастары да екі оттың арасынан өткізіліп, аласталды. Осы рәсімнен кейін, барлығы түгел Актаг деп аталатын (қазіргі Алатау. – С. С.) тау аңғарындағы қағанға сәлем беруге барды. Олар тау аңғарынан Истеми қағанның ордасын тапты. Земарх онда бара салып, Истеми қағанның қабылдауында болып, сұхбат құрды. Ол қағанның үлкен шатырлы ордада тұратынын, күймемен алып жүруге ыңғайлы доңғалағы бар алтын тақта отырғанын көрді... Келесі күні олар дәл осындай әшекейлі өрнектермен безендірілген екінші бір ордада жиналды. Истеми қаған үлкен алтын тақта отырды, оның саптаяғы мен сусын ішетін тостағаны да алтыннан жасалған екен. Олар сонда күні бойы қымыз ішіп, сұхбат құрды. Ертесі күні олар басқа шатырға барды, оның да ағаш тіреуіштері түгелдей алтынмен қапталыпты, төрт тауыс мүсіні тіреп тұрған тұғырға орнатылған хан тағы да түгелдей алтыннан құйылған... Мұның бәрі де біздікінен ешбір кем емес өнермен жасалған, қараңызшы, түріктердің сән-салтанатты өмірі қандай дәрежеге жеткен десеніңіші!”<sup>14</sup>. Қытайдың VII ғасырдағы Тан империясының будда монахы Сюань Цзан Орталық Азия арқылы Үндістанға сапар шегіп, жолшыбай Тараз маңындағы Мыңбұлақта отырған Батыс Түрік қағаны Тунябғұ қағанның ордасын көргенде де: “Қаған үлкен шатырда отырады, шатырдың іші түгел алтынмен әшекейленген, көздің жауын алады” деп тамсана жазған еді.

**Түріктердің алтын кісе белдігі.** Алтын кісе белдік 1981 жылы ҚХР-дың Ішкі Моңғол автономиялы ауданы Ширингол аймағының Сунит сомоньындағы Бутумжы деген жерінен табылған (2.7-сурет). Аталған кісе белдіктің Қазақстан мен Ресей мұражайларында сақталған XVIII–XIX ғасырларда-

<sup>13</sup> Ван Бинхуа. Шынжаңдағы Бомадан табылған алтын-күміс бұйымдар // Тулуфаньсюе яньцзю (Тұрфанологиялық зерттеулер), 2004. № 1.

<sup>14</sup> Ali Mazaheri. La Route de la sole (Жібек жолы). Пекин. 1996. 436-б.

ғы қазақтардың кісе белдіктерімен және Моңғолия мен Қытайдағы қазақтардың осы күнге дейін қолданып жүрген кісе белдіктерінен ешбір айырмашылығы жоқ дерлік. Оның формасы, түрі, жалпы тұтас атрибуттары мен аксессуарлары кейінгі қазақ кісе белдіктерімен бірдей болғанымен, алайда көне түркілік кісе белдік өте әдемі жасалған. Кісе белдіктің қалың теріден жасалған былғары белбауына сан-алуан ою-өрнектер бедерленіп салынған. Кісенің тоғасы мен ілмек-тиегі, белбаубасы және салпыншақтары мен екі оқшантайының кісеге бекітілген тұстары, сондай-ақ салпыншақтар мен оқшантайлардың өн бойы түгелдей өсімдік өрнектері мен “аң стиліндегі” жануарандардың бейнесі (арыстан, барыс, жылқы т. б.) бедерленген алтын жапсырмалармен әшекейленген. Кісе белдіктің сол жақ басындағы салпыншақтың бірінде алтын әшекейлі әрі асыл тастармен безендірілген қыны бар кездік, ал оң жағында қыны тұтастай алтынмен қапталған қанжар тағылған.

Кісе белдік көшпелілер қоғамында көне дәуірлерден таяу замандарға дейін өте ерекше мәнге ие бұйымдардың бірі болып келген. Оның бізге жеткен ең көне археологиялық тамаша айғақтарының бірі — Есік обасынан табылған әйгілі “Алтын адамның” — сақ ханзадасының — алтын белбеуі. Кісе белдік ең бірінші жауынгерліктің белгісі, биліктің атрибуты болған. Билік атрибутын көрсететін кісе белдіктерді негізінен ру ақсақалдары мен тайпа көсемдері, хандар мен патшалар таққан. Әдетте мұндай кісе белдіктер алтынмен апталып, асыл тастармен безендіріліп жасалған. Өйткені, алтын көптеген халықтардың түсінігінше патша билігінің ең негізгі ассоциацияларының бірі саналған. Мұндай әдеміленген кісе белдіктерді көне түрік ақсүйектері ғана емес, олардың тікелей ұрпақтары, мәдени дәстүрін жалғастырушылар — XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ, қырғыз хан-сұлтандары мен би-манаптары және басқа да мәртебелі, лауазымы жоғары атақты кісілер тағып жүретін болған. Ішкі Моңғолиядан табылып отырған бұл алтын кісе белдік VII—VIII ғасырларда осы өлкелерде билік құрған Шығыс Түрік қағанатының аса мәртебелі лауазымды бір кісісінен қалған көз екенінде дау жоқ. Бұл жәдігерлік қазір Ішкі Моңғолияның Көкхот қаласындағы мұражайда сақтаулы.

## 2. КӨНЕ ТҮРІК ТАС МҮСІНДЕРІ

Көне түріктердің монументальды өнерінің жарқын ескерткіштерінің бірі — тас мүсіндер. Көк түріктердің ата мекенінің бірі болған ҚХР-дың Шыңжаң жеріндегі көне түрік тас мүсіндері өлкенің барлық өңірлерінен емес, оның тек солтүстік аймақтарынан, атап айтқанда, Алтай, Тарбағатай тауларының қойнауларынан, Шығыс (Баркөл, Боғда) және Орталық Тянь-Шань (Еренқабырға) тауларының түстік және теріскей бөктерлерінен, Іле аңғарынан, сондай-ақ Жоңғар Алатауының солтүстік-шығыс баурайындағы Боротала даласы және т. б. өңірлерден табылған. Өткен ғасырдың 90-шы жыл-



дарының орта шеніне дейінгі археологиялық барлап-тексеру жұмыстарының нәтижесінде Шынжаң жеріндегі есепке алынып, тексеріліп-зерттелген көне түрік тас мүсіндерінің ұзын саны 186-ға жеткен. Ал ұлан-байтақ Шынжаң өлкесінің сайын далалары мен тау қойнауларында әлі де археологтардың назарынан тыс қалған тас мүсіндер қаншама екенін болжау қиын. Осы күнге дейін табылған тас мүсіндер арасында ішінара қола дәуірінің соңы мен ерте көшпелілер дәуірінің де тас мүсіндері бірен-саран кездеседі.

Шынжаңдағы көне түрік тас мүсіндерінің хронологиялық аясы VI—XIII ғасырлар арасын қамтиды. Қытай археологтарының пікірінше, бұл тас мүсіндер этностық атрибуциясы мен типологиясы жағынан ең ертедегілері көк түріктер мен теле (тегрек) тайпаларының, онан кейінгілері қарлұқтар мен қимақтардың, ал соңғы кезеңдегілері қырғыздардың мұрасы болуы мүмкін. Дегенмен, бұл жерде бір ескерер жайт, көне қытай және парсы жазба деректемелері бойынша, XII—XIII ғасырларда қазіргі ҚХР аумағындағы Алтай төңірегі мен Жоңғарияның солтүстік-шығыс бөлігін наймандар мекен еткені анық. Шынжаң тас мүсіндері жалпы Еуразия даласындағы түркілік тас мүсіндермен хронологиялық жағынан да, типологиялық жағынан да, сондай-ақ көркемдік-стильдік жағынан да біртектес, бірыңғай әрі сабақтас екенін, олар түркілік тас мүсіндердің ең таңдаулы үлгілерінің қатарына жататынын атап өткен жөн, олардың арасында тіпті көне түріктердің белгілі тарихи қайраткер тұлғаларының құрметіне арналған тас мүсіндер де кездеседі. Солардың бірі — Мұқан қағанның немересі Нири қағанның құрметіне орнатылған тас мүсін.

### Түрік қағанының тас мүсіні

Бұл тас мүсінді ең алғаш рет қытай археологы У Болунь жетекшілігіндегі Іле археологиялық экспедициясы барлау кезінде тауып, ғылыми хабарлама жасады<sup>15</sup>. Алайда, ҚХР-да 1990-жылдарға дейін ол туралы толық, түбегейлі ғылыми зерттеу жұмысы жүргізілмеді, тек тарихи ескерткіштерге арналған көркем суретті альбомдарда суреті жарияланды, онда да тас мүсіндегі ойып-таңбаланған жазу “көне түрікше немесе көне ұйғұрша жазу” деп қате көрсетіліп келді<sup>16</sup>. 1992, 1993, 1996 және 1999 жылдары Жапон-қытай

<sup>15</sup> У Болунь. Сибэй вэньхуацзюй Синьцзяншэн вэн-у дяочагунзоу. Синьцзян И-ли дицзюйдэ вэнь-у дяоча (Солтүстік-батыс мәдениет мекемесінің Шынжаң өлкелік мәдени ескерткіштерді барлау тобы) // Вэнь-у санькао цзэляо (Мәдениет жәдігерліктері туралы материалдар). 1953. № 12.

<sup>16</sup> Синьцзян каогу саньшиньянь (Шынжаң археологиясына отыз жыл). Үрімжі, 1983. 135-б; Синьцзян гудай миньцзу вэнь-у (Шынжаңдағы байырғы ұлттардың мәдени мұралары). Пекин, 1985.

ғалымдарының біріккен зерттеу тобы тас мүсінді арнайы зерттеп, оған қатысты көптеген мәселенің шешімін тапты<sup>17</sup>. Әйтседе, бұл ескерткіш туралы қытай ғалымдарының 1950-жылдардағы мардымсыз мәліметтері бойынша зерттеу жүргізген кеңес ғалымы Р. Х. Итсті атап өткен жөн<sup>18</sup>, ал АҚШ түркологы Л. В. Кларк қытайлық және кеңестік жарияланымдар негізінде тұңғыш рет тас мүсіндегі жазуды соғды жазуы деп анықтаған еді<sup>19</sup>.

Тас мүсін қазіргі ҚХР ШҰАР-дың Іле Қазақ автономиялы облысына қарасты Чжаосу (Моңғолкүре) ауданының орталығынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 км жердегі жазық далада орналасқан (2.12-сурет). Онда тұратын қазақтар бұл жерді Кіші Қонақай деп атайды екен, өзі Қазақстан Республикасының қазіргі Райымбек (бұрынғы Нарынқол) ауданы тұсындағы шекарасына дейін 30 км келеді. Тас мүсін қызғылт-сұр гранит тастан сомдалған. Ескерткіш қазірше әуелгі орнында тұр (2.13-сурет). Оның жер бетінен биіктігі 2,30 м, бас жағының ені 35 см, тұлғасының ені 50 см. Мүсіннің мұрны, көзі, мұрты, киімінің жағасы, қолындағы құтысы, кісесі және қанжары түгелдей шығыңқы әдіспен бедерленген, ал арт жағындағы сегіз өрімді бұрымы ойыңқы әдіспен салынған. Тас мүсіннің зерттеушілердің айырықша назарын аударған ерекшелігінің бірі — мүсінделген тұлға басына тәж (тәті) киген кейіпте сомдалған (2.14-сурет). Ол ежелгі түрік қағандарының (Күлтегін, Білге қаған т. б.) мүсіндеріндегі тәжге ұқсайды. Екінші бір ерекшелігі, ерекшелігі ғана емес, тас мүсіннің барша мән-маңызы мен болмысын айқындайтын белгі — мүсіннің етегінен табанына дейін өте шеберлікпен таңбаланған соғдыша эпитафия болып отыр (2.15, 2.16-суреттер).

Бұл — Қазақстанның тарихы мен мәдениеті үшін теңдесі жоқ құнды дерек. Жапондық ирантанушы, соғды тіл-жазуының маманы Йошида Юйтака тас мүсіндегі 20 жол (бұл тас мүсіннің жер бетінен көрініп тұрған тұсындағы жазулы жолдар, кей ғалымдар 21 жол бар дейді) бітіктің бірнеше жолынан үзік-үзік болса да біраз сөзді танып-оқып түсіндірді. Тас бітіктегі 6-жолдан кездескен “Мұқан қағанның немересі...” (Mwx”n x”r”n prusp...)

<sup>17</sup> Yoshida Yutaka. Shinkyo Uyuru Jichiku shinshutsu Sogudogo shiryō (Шынжаң ұйғур автономиялы районынан жаңадан табылған соғдыша жазбалар). Nairiku Ajia gengo pokenkū (Ішкі Азидағы тілдер туралы зерттеулер). VI, Tokyo, 1991; Osawa Takashi. Shinkio Iikawa gyūki no Sogudogo meibun sekijin ni tsuite — Tokketsu shosei no oto ni kansuru ichi shiryō (Шынжаңның Іле аңғарынан табылған соғды жазулы тас мүсін — Түріктердің алғашқы қаған әулеттері туралы деректер) / Kokuritsu minzokugaku hakubutsukan kenkyū betsusatu. XX, Tokyo, 1999. (Мемлекеттік этнологиялық мұражай еңбектері, еңбектің қытайша аудармасы ҚХР-да Синьцзян вэн ь-у журналында жарияланды, 2001, № 1–2); Ван Инмэй. Сяо Хуннахай ши жэнь (Кіші Қонақайдағы тас мүсін) // Синьцзян вэнь-у, 1997. № 2.

<sup>18</sup> Итс. Р. Х. О каменных изваяниях в Синьцзяне // Советская этнография. 1958. № 2. С. 100–103.

<sup>19</sup> Clark L. V. Two Stone Sculptures of the “Old Turkic” Type from Sinkiang / “Ural-Altische Jahrbucher”. 50. Berlin, 1978.



деген сөздер аталмыш ескерткіштің барша болмысы мен мән-маңызын ашуға жол ашқан. Өйткені, Мұқан қаған қытайдың көне тарихи жазба деректемелерінде айқын хатқа түскен (қытайша Мугань кэхань) нақты ірі тарихи тұлға, біртұтас Түрік қағанатының үшінші әулет қағаны, 553–572 жылдары билік құрған еді. Бітік тастағы екінші бір сәтті оқылған, шешуші әрі аса маңызды сөз — *nyu x'gn* — Нири қаған деген сөз болды. Оны алғаш рет ағылшын ғалымы N. Sims-Williams дұрыстап оқып шықты, кейін оған Юйтака Йошида да келісті. Ол 1996 жылы Такао Мориясумен бірге Ілеге арнайы келіп, Кіші Қонақайдағы тас мүсінді тағы да қайтара тексеріп, ондағы бітік жазудың жер бетіне дейін көрініп тұрған ең соңғы жолынан *swgu x'gn* — Чори қаған және *br'yo* — билеуші деген сөздерді оқыды. Ал сонда көне Түрік тарихындағы Нири қаған және Чори қаған дегендер кімдер?

Жалпы, аталған соғды тілі мамандары тас мүсіндегі бітік-жазбадан үздік-создық болса да, дұрыстап танып, оқыған сөз-сөйлемдерді қытайша аудармасынан қазақшаласақ, мазмұны мынадай.

1. ... ..
2. Төрт атыраптағы көптеген...
3. Таулар... сонан соң жиырма бір жыл елді (ұлысты)
4. Сақтады, одан кейін алты ай... жаққа
5. Қарай... содан кейін жиырма алты жылдан соң
6. Мұқан қағанның немересі (ұрпағы) құтты...
7. Нири қаған... .. жылы ұлық қаған болды...

... ..

Осава Такаши өзінің соңғы зертеуінде аталмыш тас мүсінді жан-жақты, терең зерттеген. Ондағы соғдыша эпитафиялық жазба мен көне түріктер туралы ежелгі қытайдың тарихи жазба деректемелерін өзара салыстыра зерттеу арқылы тас бітіктегі кісі аттарын, тарихи тұлғалардың өмірі мен қайраткерлік болмысының көптеген белгісіз қырларын анықтап, тас мүсіннің иконографиялық тұрпаты мен оның орнатылу мақсаты және мерзімін түбегейлі анықтап шыққан. Оның зерттеулерінде көне қытай жазба деректері бойынша VI ғасырдың соңындағы Түрік қағанатының Іле өзені аңғарындағы саяси жағдайы былайша пайымдалады. Мұқан қаған билік басында отырған 20 жыл бойы төрт төңірекке түгел әскери жорықтар жасаған, 572 жылы қайтыс болды. Онан соң оның інісі Тобо (Таспар) қаған ұлық қағанның орнына отырды. Ол өлгеннен кейін оның ұлы Яньло (Алып қаған) мен Мұқан қағанның ұлы Далобянь (Тұрым, Төремен) арасында тақ таласы болып, ақырында Кэло Исыйзи (Қара Ыссық хан) қағанның ұлы Шэтудың (Идуқ, Эрбег) қолдауымен ұлық қағандық таққа отырады. Алайда бұл Далобяньның наразылығын тудырады, кейін Шэту ұлық қағандық тақты иемденіп алып, өзін Шаболо мохэ кэхань (Баға Ышбара қаған, 581–587 жылдар) деп атады. Яньло екінші қаған болды. Бұл қағанаттың шығыс аумағындағы жағдай еді. Ал Жоңғария мен Іле-Жетісу өлкесінде бұл кезде

Истеми қағанның ұлы Дату (Тардуш) қаған мен Далобянь (Төремен) арасында қағандық таққа талас жүріп жатты. Ышбара қаған билік жүргізген аумақта Далобянь жеке иелік құрып, өзін Апа қаған деп атады. Ол 583 жылы Ышбара қаған соққысынан батыстағы Истеми қағанның ұлы Тардуш қағанға қашып барып, соның көмегімен Ышбараны жеңіп, Іле мен Жоңғария өлкесін иемденді. Түрік қағанаты екіге бөлінді, көп өтпей Апа қаған Батыс Түрік қағанатының ұлық қағаны болды. 587 жылы Апа қағанды (Далобянь-Төремен) шығыс түркілік Чулохоу тұтқындайды да, орнына ел Яңсоух тегіннің ұлы Нилиді қаған етіп көтереді. Ол қайтыс болғаннан кейін, оның ұлы Даман таққа отырып, Ницзюе Чуло қаған деп аталады. Көне қытай деректемелеріндегі осындай мол мәліметтерге талдау жасай келе, Осава Такаши тас мүсіндегі бітікте аталған Мұқан қаған қытай деректемелеріндегі Мугань кэхань, Нири қаған — Нили кэхань, Чори қаған — Чуло кэхань екендігін нық сеніммен түйіндеп айтады. Деректемелер бойынша, Нири қаған 598 жылы Пайкенттен Жетісуға (Іленің басына) оралып, Жоңғариядағы Теле тайпаларының бүлігін тыныштандыру жорығында қаза тапқан.

Тас мүсіндегі бітік-жазба мен көне қытайдың “Чжоушу”, “Суйшу”, “Тундянь” т. б. тарихи жазбаларындағы деректер көне түріктерге қатысты бұдан басқа да көптеген мәселелер туралы бір-бірін толықтыратын, бір-біріндегі жаңсақтықты дұрыстайтын болып шықты. Мысалға, “Суйшуда” Мұқан қаған 20 жыл тақта отырды деп жазылса, тас мүсіндегі жазуда 21 жыл делінген. Мұны ғалымдар көне қытай күнтізбесі мен түрік күнтізбесінің айырмашылығынан болған деп түсіндіреді. Енді бірі қытай деректемелеріндегі Батыс Түрік қағандарының генеалогиясындағы жаңсақ кеткен тұстар анықталды. Мысалы, қытай деректемелеріндегі мәліметтер бойынша көптеген ғылыми еңбектерде Нири (Нили) қағанды Истеми қағанның шөбересі (Истеми қаған — Дату қаған <Дяньгу, яғни Тардушхан> — Янсоух тегін — Нили қаған <Нири> — Даман <Чори қаған>) деп көрсетіліп келді<sup>20</sup>. Ал тас мүсіндегі бітік жазуы бойынша Нири қаған Мұқан қағанның немересі (Бумын қаған — Мұқан қаған — Янсоух тегін — Нири қаған <Нили> — Даман <Чори қаған>) екені нақ айқындалып отыр. Дәл осындай Нили қағанды Истемидің әулеті емес, Мұқан қағанның әулеті деген пікірді қытай тарихшысы Сюе Цзунчжэн де дәлелді түрде атап көрсеткен еді, алайда ол Нили қағанды Мұқанның шөбересі (Мұқан қаған — Далобянь <Төремен — Апа қаған> — Янсоух тегін — Нили қаған) деп көрсеткен<sup>21</sup>. Енді белгілі болғанындай, Далобянь (Апа қаған) мен Янсоух тегін ағалы-інілі кісілер болып шықты. Осава Такаши өз зерттеулерінен мынадай қорытынды шығарады: 1) тас мүсіндегі бітікте Нири қағанның асқақ мәртебесі мен ұланғайыр жетістіктерін ұлықтап, Чори қаған билігінің алғашқы кезеңіндегі іс-

<sup>20</sup> Гумилев Л. Н. Древние тюрки. М., 1993. С. 460.

<sup>21</sup> Сюе Цзунчжэн. Туцзюе ши (Түрік тарихы). Пекин, 1992. 275–276-бб.

әрекеттері баяндалған; 2) тас мүсінде Нири қағанның салауатты мәртебелі бейнесі сомдалған, ол оның ұлы Чори қағанның тікелей жарлығымен орнатылған; 3) Нири қағанның әкесі Янсоух тегін (парсы деректерінде Шири Кишвар) 587 жылы шығыс түріктер тарапынан тұтқынға түскен Далобянның (Апа қаған) інісі; 4) Нири қағанды жерлеу рәсімі 599 жылдың жазғы-тұрым немесе күз мезгілінде өткен, ал Нири қаған 598 жылдың соңы немесе 599 жылдың басында қайтыс болған; 5) осы тас мүсін мен Моңғолиядан табылған соғды жазулы Бұғыты ескерткішін ескеретін болсақ, онда VI ғасырдың соңына дейін Түрік қағанатында соғды тіл-жазуы жаппай қолданылатын қоғамдық тіл-жазу болған деп тұжырымдауға болады, ал аталмыш тас бітіктің авторы Батыс Түрік арасында жүрген соғдылық немесе соғдышаға жетік түрік; 6) осыған дейін тас мүсіндер тек археологиялық және палеоэтнографиялық материалдар ретінде зерттеліп келсе, аталмыш тас мүсін тарихи дерек ретінде аса маңызды ғылыми кәдеге жарап отыр.

Аталмыш тас мүсін туралы енді бір назар аударарлық маңызды жайтты Пекин университетінің профессоры Линь Мэйцунь мәлімдеді<sup>22</sup>. Автордың айтуынша 2002 жылы тас мүсіннің төңірегінде барлау жүргізген геологтар мүсіннің жанынан қыш ыдыстардың сынықтары мен кесек кірпіш пішінді және науа пішінді жабынқыш сынықтарын қазып алған да, оларды автордың сараптауына жіберген. Линь Мэйцуньның пікірінше, жабынқыштар қытайдың Суй-Тан дәуірінің (V–IX ғасырлар) өнімі көрінеді. Оның үстіне Нири қағанның бір әйелі Сян текті қытай қызы болған, ол ескерткішті орнатушы Чори қағанның анасы еді. Осы жайттарды ескерген автор өз заманында тас мүсіннің жанында Нири қағанның құрметіне арнап салынған қытай үлгісіндегі кесене-зират немесе ғибадатхана болған деп жорамалдайды.

Аталмыш ескерткішке қазірге дейін ресми археологиялық қазба жұмысы жүрген жоқ. Мүсіндегі бітік жазудың төменгі бөлігі жерде көміліп қалған тұсында жатыр. Жалпы Орталық Азияда мұндай ірі тарихи тұлғаларға арналған эпитафиялы, сындарлы тас мүсін сирек кездеседі. Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен мәдениеті үшін теңдесі жоқ бұл ескерткіштің түбегейлі сыры мен болмысы келешек зерттеулердің үлесінде шешілмек.

## Көне түріктердің қатардағы тас мүсіндері

Шынжаңдағы көне түркілік тас мүсіндер, жоғарыда атап өткеніміздей, негізінен Солтүстік Шынжаң жерінен табылған. Оңтүстік Шынжаң жерінде Қашқардың солтүстік-батысындағы Қырғызстан шекарасына таяу таулы аймақтар мен Тұрфанның терістігіндегі Боғда тауының түстік бөктерінен

<sup>22</sup> Линь Мэйцунь. Сяохуннахай Туцзюе кэхань линюань дяочацзи (Кіші Қонақайдағы Түрік қағанының зираты туралы зерттеу). Қолжазба, “Соғдылар Қытайда” атты халықаралық ғылыми конференцияда оқылған баяндама, 2004 жыл 23–25 сәуір, Пекин.

бірен-саран тас мүсіндер кездеседі. Солтүстік Шынжаңдағы түркілік тас мүсіндердің ең шоғырлы орналасқан жерлері — Алтай тауының түстік бөктерлері, Ертіс өзенінің аңғары, Сауыр-Тарбағатай және Барлық таулары мен Жоңғар Алатауының қойнаулары, Іле аңғары, Еренқабырға, Боғда тауының бөктерлері, Баркөл даласы және т. б. (2.17–2.21-суреттер).

### 3. КӨНЕ МОЛАЛАР

#### Аньцзяның моласы

2000 жылы Қытайдың ежелгі тарихи астанасы Чан-ань, қазіргі Си-ань қаласының солтүстік іргесінен (Шаньси провинциясында) кездейсоқ жағдайда ірі қорым-зират табылды. Қытай археологтары дәл сол жылы жазда онда кешенді археологиялық қазба жұмысын жүргізіп, тек Қытай ғана емес, бүкіл дүние жүзін дүр сілкіндірген өте құнды мәдени олжаға кенелді. Қорымдағы он бес моланың біреуі Солтүстік Чжоу патшалығы (б. з. 557–581 жылдары тұтас Солтүстік Қытай мен Орталық Қытайдың бір бөлігін билеген ғұн тектес көшпелі Юйвэнь әулеті құрған патшалық) дәуіріндегі Чань-ань маңындағы Тунчжоу деп аталатын аймақтағы соғды сауда колониясының сартбауы (колония басшысы) Аньцзяның моласы болып шықты. Мола бүгінгі күнге дейін еш тонамай, бүлінбеген күйде жеткен.

Аньцзяның моласы орта ғасырдағы қытай ақсүйектерінің дәстүрлі катакомбалап жерлеу ғұрпына еліктеп салынған. Моланың көрге дейінгі көлбеу қазылған дромосының ұзыны 35 метрге жетеді, көрге дейін өтпе жол, бес жерден тұңлік, екі жерден кірпіштен соғылған қақпа, онан соң көрге кіреберіс тас дарбаза мен дәліз салынған. Ал көрдің өзі кірпіштен күмбезделіп салынған, көлемі 3, 64 x 3, 68 м, биіктігі 3,3 м. Көрдің төрінде тас саркофаг (тас табыт) орналасқан. Оның ұзындығы 2,28 м, ені 1,03 м, биіктігі 1,17 м. Ол он бір бөлек көктастан сирағы бар ұзыншақ төрт бұрышты төсек сияқты етіп жасалған (2.23-сурет). Тас төсек-табыттың әр бөлек тас тақтасының бетіне түгелдей жартылай ойыңқы бедермен (барельеф) алуан сюжеттердегі суреттер ойылып, түрлі-түсті бояумен безендірілген, кейбір тұстары жұқа алтын жапырақшалармен зерленген. Онда соғды колониясының ішкі-сыртқы өмір-тіршілігінің барлық саласы, атап айтқанда, соғдылардың күнделікті тұрмысы, сауда-саттық жасап жатқан жайлары, діни-ғұрыптық іс-әрекеттері, сартбаудың нөкерлерімен бірге аң аулап, саят құруы, салт атпен сөйіс-серуенге шығуы, түрік елшілерін қабылдауы, қонақасы берген және ойын-сауық, жыр-думан құрған сәттері, сартбаудың Түрік қағанатының ордасына сәлем бере барған кездегі салтанатты қабылдау рәсімдерінің көріністері және т. б. өте шеберлікпен, аса тартымды бейнеленген.

Ежелгі Қытай астанасында мұншама қошеметті кесене-молада жерленетіндей Аньцзя қандай әлеуметтік мәртебе мен салауатқа ие тұлға еді? Жалпы, Аньцзя кім? деген заңды сұрақ туады.

Ақыреттік (көржолдастық) жәдігерлерге аса бай Аньцзя моласының тарихи датасын анықтауда осы моладан табылған, марқұмның құрметіне арналған қытайша жазулы құлпытас ерекше рөл атқарды (2.22-сурет). Құлпытас көне қытайша былай деп аталады: “Да чжоу дадуду тунчжоу сабао Ань цзюнь мучжимин” (Ұлы Чжоу әулетінің ұлуқ тұтғы, Тунчжоу сартбауы Ань мырзаның құлпытасы). Эпитафияның жазуынан мәлім болғанындай, ол бұхаралық соғды (орта ғасырларда қытайлар Орталық Азиядағы мемлекеттерді өздерінше атаған, мысалы, Аньго—Бұхара мемлекеті, Канго—Самарқанд мемлекеті, т. б. Қытайлар Орталық Азиядан Қытайға барған соғдылар мен түріктерді есімдерінің алдына елінің атын ныспы ретінде қосып атап, жазатын болған), Тунчжоу аймағының (қазіргі Шаньси провинциясындағы Дали) сартбауы, Солтүстік Чжоу әулетінің жылнамасы бойынша Дасян-1 жылы (б. з. 579 жылы) қайтыс болған.

Жалпы, орта ғасырларда соғдылықтар көшпелі түріктер мен отырықшы Қытай, Иран және Византия арасында сауда-саттық пен саяси-дипломатиялық қарым-қатынастардың жүзеге асуында дәнекерлік миссиясын белсенді атқарған. Соғдиянадан шығысқа қарай Жетісу, Шығыс Түркістан, Орталық және Солтүстік Қытай мен Моңғолияға дейін соғдылық сауда колониялары кең қанат жайып, Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда-мәдени байланыстарды мейлінше жандандырып отырды. Солардың бірі — сартбау Аньцзя иелігіндегі Тунчжоу аймағындағы соғды колониясы еді. Ол Қытайда ең алғаш құрылған соғдылық колониялардың бірі болған.

Аньцзяның моласындағы тас табыттың қабырғалары мен сирағындағы ойма суреттердің бірсыпырасы көне түріктерге қатысты болып шықты. Тас табыттың алдыңғы қалтқысындағы алты бөлек тас ойманың біріншісінде соғды колониясы басшысының (сартбауының) түрік қағанының ордасында қабылдауда болған сәті бейнеленген (2.24, 2.25-суреттер). Ойма суреттің жоғарғы жағында шатыр бедерленген, шатырда он адам бар, олардың төртеуі алдыңғы қатарда отыр да, өзге алты кісі арт жағында түрегеліп тұр. Алдыңғы қатардағы солдан екінші отырған адамның отырысына қарағанда ол ең үлкен қожайын болса керек, ол ұзын шашын екіге жарып, йығына қарай бос қоя берген. Үстіне қызыл түсті қайырма жағалы, тар жеңді қаптал шапан, бұтына қызыл шалбар, аяғына қара түсті саптама етік киген. Сол аяғын төсектің үстіне қарай бүгіп, оң қолын кеуде тұсына дейін көтеріп отыр. Оның ән-биге жан-тәнімен елітіп отырғаны көрініп тұр. Сол жағында отырған кісі де ұзын шашын артына қарай қоя берген, қаралтым түсті қайырма жағалы шапан, қара саптамалы етік киіп, беліне қара түсті кісе буынған. Қолына пипа (шертер тәрізді саз аспабы) алып тартып отыр. Сол жақтан үшінші отырған адам шашын түйіп алып, басына бөрік киген, үстіне қызғылт түсті дөңгелек жағалы қаптал шапан, аяғына қара саптама етік киіп, қара белбеу буынған. Ол адырна саз аспабын (кунхоу) тартып отыр. Оның сол жағында қысқа қырықпа шашты, дөңгелек жағалы ұзын шапан,

қара етік киген біреу отыр. Оның оң қолында тостаған, сол қолында құмыра бар, бәлкім шарап құюшы даяшы болса керек. Ал арт жақта түрегеліп тұрған алты кісінің сол жақтағы үшеуі шаштарын ұзын қылып арқасына қарай жайып қоя берген, қайырма жағалы киім киген. Оң жақтағы үш адам шаштарын қиып, төбесіне түйіп алған, дөңгелек жағалы киім киген. Барлығы да қияқ мұрт қойған. Алтауы да сазды әуенге еріп, өлең айтып тұр. Суреттің төменгі жағында бес адам бейнеленген. Олардың ортасындағы мың бұрала билеп жүргені қырықпа шашты, сұрғылт түсті қайырма жағалы тар шапан, ақ түсті шалбар, қара саптама етік киіп, қара белбеу буынған. Сол жақтағы екеуі де шаштарын қиып, төбесіне түйіп алған, орамал байлаған. Оның біреуі жеміс-жидек салынған үлкен табақты қос қолдап көтеріп тұр. Оң жақтағы екеу де шаштарын қиып, түйіп алған, екеуінің де құшағында шарап құйылған үлкен торсық бар (2.26, 2.27, 2.28, 2.29-суреттер).

Жалпы, суретте Түрік қағанаты ордасы мен соғды колониясының өкілдер тобының бір жолғы ресми кездесуінің салтанатты да, думанды рәсімі өте тартымды, шынайы, әрі әсерлі бейнеленген. Ойма суреттегі қайырма жағалы қаптал шапан киіп, ұзын шаштарын артына қарай жайып қоя берген кейіпкерлер көне түріктер, ал өзгесі соғдылықтар екені бесенеден белгілі. Қытай ғалымдарының пікірінше, жоғарыдағы суреттегі дөңгелек жағалы шапан және бөрік киіп, адырна тартып отырған адам соғды колониясының сартбауы, моланың иесі Аньцзяның өзі, сол жақтағы шертер тәрізді аспапты шертіп отырған кісі түрік ақсүйегі екені белгілі, ал ортада отырған адамның мәртебесі өзгелерден әлдеқайда жоғары тұлға екені көрініп тұр, бәлкім ол түрік қағандарының бірі болуы мүмкін<sup>23</sup>.

Ойма суреттің төртіншісі де ерекше назар аудартады (2.30, 2.31-суреттер). Оның жоғарғы жағында қара сайгүлікке мініп, нөкерлерін ерткен екі қолбасшының кездесіп, өзара сәлемдесіп тұрған сәті бейнеленген (2.32-сурет). Сол жақтағы салт атты ұзын шашын арқасына қарай бос жайып қоя берген, үстіне ақ түсті қызыл қайырма жағалы қаптал шапан, аяғына қара етік киген, беліне қара белдік буынған. Оң жақтағы салт атты кісі басына шошақ төбелі бөрік, үстіне қызғылт түсті дөңгелек жағалы шапан, қара шалбар мен қара саптама етік киген, қара белдік буынған. Мұндағы сол жақтағы салт атты кісі көне түріктердің қолбасы, ал оң жақтағы салт атты адам соғды сауда колониясының сартбауы (басшысы, керуенбасы) екені айқын. Ойма суреттің төменгі жағында тағы да сол түрік қолбасы мен соғды сартбауының шатырдың ішінде жанына нөкерлерін алып, кілемнің үстінде бірі малдас құрып, бірі жүрелеп отырып, өзара қызу сұхбаттасып отырған сәттері бейнеленген (2.33-сурет). Шатырдың маңдайшасында күн

<sup>23</sup> Шаньси провинциясының археология зерттеу институты. Си-ань Бэйчжоу Аньцзяму. (Си-аньдегі Солтүстік Чжоу әулеті дәуіріндегі Аньцзяның моласы). Пекин, 2003. 27-б.



мен ай бейнеленген рәміз салынған. Сұхбаттастардың арт жағында үш адам түрегеліп тұр. Ұзын шашын арқасына қарай жайып қоя берген, ұзын қайырма жағалы шапан киген, ортада тұрған адамның қолында шырағдан бар. Бұл кездесудің діни-ғұрыптық салт ережесімен өткен ресми келіссөз екенін аңғартады.

Ойма суреттің бесіншісі — соғды сауда керуенінің жолшыбай көшпелі Түрік ордасына соғып, дамылдап, қонақ болып, жәрмеңке құрған жағдайы суреттелген (2.34, 2.35-суреттер). Онда түрік ақсүйегі мен соғдының керуенбасы немесе сартбауы (Аньцзяның өзі болуы мүмкін) киіз үйде (шатырда) жеміс-жидек жеп, шарап ішіп, өзара шүйіркелесіп сұхбат құрып отыр. Шатырдың сыртында, кілемнің үстінде жүрелеп төрт адам отыр. Алдыңғы жағында отырған қаба сақалды адам жәй бөрік киген, ал онан кейін отырған екі кісі гүлді тәж киіп, қанжар асынған. Ғалымдардың пікірінше, бұл екі кісі соғды бекзадасы болса керек. Шатырдың қарсы алдында біреу кәуап (шашлық) пісіріп жатыр. Суреттің төменгі тұсында үш кісі түрегеліп тұр, олардың шаш қойысынан-ақ соғды саудагерлері екені аңғарылады. Олардың жанында тоғанақ жүті шешілмеген, шөгіп жатқан түйе, есектер, жусап жатқан мал бейнеленген.

Ойма суреттің алтыншы бөлігінде соғды сартбауы Аньцзяның өз сарайында жыр-думан, сауық-сайран құрып, аса салтанатты жағдайда түрік ақсүйегін қабылдап, сый-қошмет жасап, қонақасы беріп жатқан көріністері бедерленген (2.36, 2.37-суреттер). Аньцзя өзінің қытайы сәулеттік үлгідегі сарайының саяжайының төрінде түрік ақсүйегін (тегін, шад немесе тархан, сағұн т. б.) шараппен сыйлап, сұхбат құрып отыр. Олардың айналасында төрт-бес мұзыканттан құралған шағын оркестр күй орындап тұр, олардың бірінің қолында пипа (шертер?), енді бірінің қолында кунхоу аспабы (адырна), ал келесі біреуі пайсяо (саз сырнай) тартып тұр (2.38-сурет). Суреттің төменгі жағында сарайдың алдындағы алаңда оркестр күйіне мың бұрала билеген биші мен оны қызықтап, қолпаштап тұрған үш адам және жеміс-жидек тасып, шарап құюшы екі қызметші даяшы бейнеленген. Олардың шаш қойысы мен киім-киісіне қарағанда бәрі түгел соғдылықтар (2.39-сурет).

Тас табыттың оң жақ қабырғасында үш бөлек ойма сурет бар (2.42-сурет). Оның сол жақтан біріншісінде түріктер мен соғдылардың бірге аң аулап жүрген көрінісі бейнеленген (2.40, 2.41-суреттер). Аң аулап жүргендер бесеу, олардың біреуі кері шауып барады, бәлкім аң қайырып жүрсе керек. Оң жақтан жоғарыдағы екі салт аттының бірі ақбоз, бірі буырыл сайгүлікпен ұшқан құстай жүйткіп барады, қызғылт түсті қаптал шапан, қара саптама етік киіп, қара белдік буынған. Екеуі де ұзын шаштарын арқасына қарай бос қоя берген. Ортада зулап бара жатқан салт атты шашын қиып, төбесіне түйіп алған, үстіне дөңгелек жағалы сыптығырдай шапан киген, қара белдік буынған. Ол алдында зытып бара жатқан түз қояндарды ат үстінен садақпен көздеп атуда. Ең төменгі жақтағы кейіпкер алдында қашып бара жатқан бұғыны қуып бара жатып, оған шалма салып ұстауға ұмтылуда. Ол үстіне қара түсті қаптал шапан, басына гүлді тәжі бар бөрік,

аяғына қара саптама етік киіп, қара белдік буынған. Аталмыш сюжеттегі бір назар аударар жайт өзге суреттегілердей емес, мұндағы салт аттылардың түгел дерлік ер-тұрмандарында үзеңгілері бар. Қытай археологтарының зертеуі бойынша, бұл суреттегі кейіпкерлердің екеуі, яғни жоғарғы жағындағы ұзын шаш қойып, қайырма жағалы қаптал шапан киген екі салт атты кісі түрік ақсүйектері (қолбасылары), ал өзге үшеуі соғдылық, соғдылық болғанда ортадағы садақпен түз қояндарын көздеп бара жатқан салт атты кісі соғды сауда колониясының сартбауы, моланың иесі Аньцзя, оның төменгі жағындағы тәж киіп, бұғыға шалма салғалы жүргені Соғдиянадан келген бекзада (2.43-сурет). Тас табыттың оң жақ қабырғасындағы үш бөлек ойма суреттің өзге екеуінде соғды сартбауы Аньцзяның ұзақ керуен сапарына аттанар алдындағы жолаяқ-тілеу жасап, салтанатты қонақасы берген кезі мен жолға шыққан және отбасымен қоштасқан сәті тамаша суреттелген.

Аньцзя моласының аса бай, салтанатты кешені осы күнге дейін Орталық Азия мен Қытайдан табылған соғдылық ескерткіштердің ішіндегі бірегейлерінің бірінен саналады. Моланың жалпы құрылысы қытайлық (нақтылап айтқанда қытайланған сябилік) үлгіде болғанымен, жерлеу ғұрпы мен ақыреттік бұйымдар қытай мәдениетінен мүлде өзгеше. Аньцзя моласының жалпы жерлеу ғұрпы, мола дәлізіндегі қабырға суреттер мен ою-өрнектер және тас ойма суреттер түгел дерлік соғдылықтар ұстанған дәстүрлі зороастрийлік діни наным-сенімді толық паш етеді, оны әсіресе, моланың көрге кірер қақпасының маңдайшасындағы зороастризмге тән құрбандық беріп, отқа табынып, мінажат етіп жатқан ірі көлемді діни-ғұрыптық іс-әрекеттер бейнеленген ойма суреттен айқын аңғаруға болады. Аньцзяның тас табытындағы ойма суреттердің жалпы саны 101 бөліктен тұрады, мазмұны өте бай. Онда соғды колониясының сартбауы Аньцзяның көзі тірісіндегі тұтас өмірі мен қызметі, діни наным-сенімі т. б. түгел қамтылып суреттелген. Біз бұл еңбегімізде олардың арасынан тек көне түріктерге тікелей қатысты, түріктер бейнеленген ойма суреттерді ғана талдап таныстырып отырмыз. Бұл жәдігерлерден біз орта ғасырлардағы Ұлы Жібек жолы бойындағы көшпелі және отырықшы халықтар арасындағы этно-мәдени және сауда, сондай-ақ саяси-дипломатиялық қарым-қатынастардың қалай жүзеге асып отырғанының нақты әрі жаңды картинасын көре аламыз.

Тарихи жазба деректемелерде көшпелілер мен отырықшылар көбінесе бір-біріне қарама-қарсы қойылады, олардың өзара қақтығыс-соғыстары жиі тілге тиек етіледі. Ал шын мәнісінде, тарихта көшпелі және отырықшы өркениеттер бір-бірінсіз өмір сүре алмаған, бір-бірімен бейбіт қарым-қатынас жасауға екі жақ та мүдделі болған. Мұндай тығыз байланыстардың дәнекер-көпірі соғдылықтар болса, оның бейбіт жағдайда әрі әділ түрде жүзеге асуына және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауынгер, ержүрек түріктер жауапты болып отырған. Демек, Қытайдың көне астанасының іргесіндегі соғды сартбаулығы (колониясы) Түрік қағанатының билігінде



және қадағалауында болған. Ал қытай әулеттері сартбаулықты сауда және дипломатиялық миссия ретінде ғана қабылдаған. Аньцзя моласының ескерткіштері — көне түріктердің тарихи, саяси және мәдени өмірінің көптеген қырларын, сондай-ақ “түркі-соғды және қытайлық мәдени синтез” үрдісінің Солтүстік Қытай жерінде қалай жүргенін айқындайтын өте құнды заттық деректер. Оны жан-жақты әрі терең зертеп-білудің Қазақстанның ортағасырлық тарихы мен мәдениетін жете тану үшін маңызы зор.

### Юйхунның моласы

Юйхунның моласы да кездейсоқ жағдайда табылған. Моланы 1999 жылы шілде айында ҚХР-дың Шэньси провинциясының орталығы Тайюань қаласының іргесінен жол салып жүрген диқандар тапты. Қытай археологтары сол жылы, сол айдың өзінде молаға дер кезінде жан-жақты ғылыми археологиялық қазба жұмысын жүргізіп, үлкен сенсациялық жаңалық ашты<sup>24</sup>.

Юйхун моласының құрылысы кәдімгі қытайлық катакомбалы жерлеу үлгісімен салынған, моланың дромосы мен көрге кіре беріс дәлізінің ұзындығы он метрден астам келеді, көрдің қақпасы құлаған, ал көрдің өзі төрт бұрышты етіліп кірпіштен қаланып салынған, көлемі 3,90 x 3,66 x 3,80 x 3,55 м, көрдің де төбесі түсіп кеткен. Зерттеу барысында белгілі болғанындай, мола орта ғасырлар заманының өзінде-ақ тоналған. Көрдің қақ орталығында ақ мәрмәр тастан қашалып жасалған тас табыт (саркофаг) орналасқан, көлемі 97,5 x 220 см (2.44, 2.45-суреттер). Тас табытта бір ер кісі мен бір әйелдің қаңқа сүйектерінің қалдықтары ретсіз (моланың тоналғандығы салдарынан) шашылып жатыр, жастары 50—60-тар шамасында, антропологиялық және генетикалық зерттеулер бойынша олардың еуропа тектілігі басым нәсілді екені анықталған.

Моланың ішінен табылған көне қытай тіліндегі құлпытас жазуында (эпитафия) онда жерленген тұлғалардың аты-жөні, өмірі мен қызметі және басқа мәліметтер ойып жазылған (2.46, 2.47-суреттер). Құлпытас жазуынан белгілі болғанындай, молада жерленгендер Қытайдың Суй империясы (б. з. 581—618 жж.) дәуірінде өмір сүрген Юй (балық деген мағына) мемлекетінен келген Юйхун есімді шенеунік пен оның зайыбы болып шықты. Юйхунның өзі 592 жылы, ал зайыбы 598 жылы жерленген. Юйхунның әкесі Жужань (жоужань, жуаньжуань) қағанатында лауазымды қызмет атқарған, ал Юйхунның өзі он үш жасынан бастап Жужань қағанатында он шақты жыл бағабек (қытайша мохэфо) қызметін атқарып, Персия, Түйгүн, Эфталит және т. б. мемлекеттерге талай мәрте елшілік сапармен барған. Кейін қытайланған көшпелі түркі тілдес тайпалар құрған Солтүстік

<sup>24</sup> Шэньси провинциясының археология зерттеу институты. Тайюань Суй Юйхунму (Тайюандағы Суй дәуіріндегі Юйхунның моласы). Пекин, 2005.

Ци, Солтүстік Чжоу және қытайлық Суй әулеттерінің ордасында бірнеше мәрте тұтқ (қытайша дуду), санғұн (қытайша цзянцзюнь), бас санғұн, сартбау (қытайша сабао, шетелдік сауда колониясының басшысы) т. б. жоғары дәрежелі қызметтер атқарған.

Ал енді осы арада Юйхунның тегі кім? Ол туып өскен Юй мемлекеті Орталық Азияның қай тұсында болды? деген сауалдар мен мұңдалап тұр. Тарихтың әр кезеңінде өзінің төрт төңірегіндегі елдер мен ұлыстар туралы мәліметтерді қалт жібермей хатқа түсіріп отырған көне қытай жазбаларында Юй мемлекеті туралы ешбір дерек кездеспейді. Юйхун моласынан табылған құлпытастағы жазуда Юй мемлекеті “Батыс өлкеде” (“Сиюй”) деп көрсетілген. Алайда ежелгі қытай тарихнамасы мен дипломатиясындағы “Батыс өлке” ұғымының ауқымы өте кең. Кең ұғымда ол қазіргі Шыңжаң, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Ауғанстан, Пәкстан, Иран т. б. мемлекеттерді тұтас қамтиды. Юй мемлекетінің Орталық Азияның дәл қай жерінде орналасқаны туралы қытай ғалымдарының пікірлері де әр түрлі. Пекин университетінің профессоры, тарихшы Линь Мэйцунь Юй мемлекеті (юй — қытайша балық деген мағына береді) көне қытай деректемелеріндегі булоцзи атты түрік тайпасы (булоцзи — көне түрікше балық сөзінің қытайша транскрипциясы) құрған ел, оның орны қазіргі Шығыс Шыңжаңдағы Аратүрік ауданының аумағында деп тұжырымдайды<sup>25</sup>. Ал тарихшы Юй Тайшаньның пікірінше, Юй мемлекеті Соғдыяна жерінде болған, ол елдің тұрғындары ежелгі массагеттер, массагет атауы балық деген мағына берсе керек<sup>26</sup>. Енді бір қытай ғалымы Ло Фэннің зерттеуінше, Юй елі жужандардың бір тайпасы, немесе Жужань қағанатына бағынышты бір ел, ол елдің орны Жужань қағанатының батыс шебінде (Алтай, Тянь-Шань мен Жоңғар Алатауының арасы) болған болуы мүмкін<sup>27</sup>. Қалай болғанда да, ғалымдар Юйхунның елі Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстан аумағында немесе оған шектес далалық аймақтарда өмір сүрген көшпелі түрік тайпаларының бірі екендігіне күмән келтірмейді.

Юйхунның моласындағы тас табыттың төбесі кәдімгі үй шатыры тәрізді етіліп қашалған. Ал тік төрт бұрышты сандықша тәрізді тас табыттың ішкі-сыртқы қабырғаларының бәрінде жартылай ойыңқы бедермен (барельеф) және түрлі-түсті бояумен алуан сюжеттегі суреттер салынған (2.48—2.50-суреттер). Онда Юйхунның өмірі мен қызметіне байланысты барлық жағдайлар суреттелген. Суретте Юйхунның өзі мен зайыбы және әулетінің күнделікті тұрмысы, саяси-дипломатиялық қызметі, керуен-сауда ісі, діни-ғұрыптық шаралары т. б. қаз қалпында берілген. Онда әлеуметтік мәртебесі

<sup>25</sup> Линь Мэйцунь. Цзиху шицзикао (Цзиху тарихы туралы зерттеу) // Чжунго ши янь-цзю. 2002. № 1.

<sup>26</sup> Юй Тайшань. Юйго юаньюань и-шо (Юй елінің түп-тегі туралы жорамал) // Шилинь, 2002. № 2.

<sup>27</sup> Ло Фэн. И цзянь гуаньюй жоужань миньзудэ чжуняо шиляо (Жоужань ұлтына қатысты маңызды тарихи дерек) // Вэнь-У, 2002. № 6. 78-б.

мен этностық жағынан да әр түрлі адамдарды қоса есептегенде жиыны сексен бес тұлғаның бейнесі, одан сырт жылқы, тазы иттер, түйелер, құстар, арыстандар және т. б. хайуанаттар бейнеленген. Суретте бейнеленген кейіпкерлердің көпшілігі соғдылықтар, онан қалса парсылар мен түріктер. Түріктер бейнеленген суреттің бірі тас табыттың ішкі жақ қабырғасына, оның өзінде де биіктігі 95,5 см, ені 66 см келетін ең бір көрнекі тұсына бедерленген.

#### 4. ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАР

##### Алмалық қаласы

Ежелгі Алмалық қаласының ескі жұрты Іле өзенінің бойында, қазіргі ҚХР-дың Іле Қазақ автономиялы облысының аумағында, Қорғас ауданы орталығының солтүстік-шығысына қарай 15 км жерде орналасқан, Қазақстан шекарасынан не бары 5—6 км қашықтықта. Қаланың қираған жұртының аумағы 25 шаршы км жерді алып жатыр.

Тек Қазақстанның ғана емес, тұтас Орталық Азиядағы елдердің тарихында ежелгі Алмалық қаласының орны бөлек. Ол Ұлы Жібек жолының күре тамырында, яғни оның шалғайдағы тарам-тарам соқпақтарынан гөрі ең бір соқталы, ұрымтал тұсына орналасқандығынан, Ұлы дала төсінде Шығыс пен Батысты бір-бірімен табыстыратын көпір, ірі саяси және мәдени орталық болды. Аты мәшһүр қаланың атақ-даңқы да, трагедиясы да орта ғасырлардың бел ортасында болды. Қаланың іргесі дәл қашан қаланғаны бізге белгісіз. Алмалық туралы бізге белгілі деректемелер — Шыңғыс хан жорығына қатысушы қытай ғұламасы Чанчунь Чжэньжэньнің, кидан Е-люй Чуцайдың Орталық Азияға сапары туралы жазбалары, “Юань тарихы”, Алмалықтың өзінен шыққан ғұлама-тарихшы Жамал Қаршидің “Мұлхақат ас-Сурах” атты еңбегі, сондай-ақ Мұхаммед Қайдар Дулатидың, Рашид ад-Диннің, Ала ад-Дин Ата Мәлік Жуайнидің, Бабырдың кітаптары мен армян патшасы Гетумның жолжазбаларында — мол мағлұматтар кездеседі. Осы деректемелер бойынша оның бізге белгілі алғашқы билеушісі қарлұқ Озар Тұғырыл ханды Шыңғыс ханға тізе бүккені үшін Найман ханы Күшлік өлтірген. Шағатай ұлысы кезінде Алмалық қаласы хандықтың жазғы ордасы болды. XIV ғасырдың басында ұлыс ыдыраған соң Моғолстан хандығының астанасы болды. Тарихи деректемелерде жазылуынша Алмалық қаласы Әмір Темірдің 1357, 1365, 1383 және 1390 жылдары Моғолстанға жасаған жорықтары кезінде күйреген көрінеді.

Алмалық қаласының ескі жұртында қазірге дейін ірі көлемді кешенді археологиялық қазба жұмысы жүрген жоқ. Қаланы ең алғаш XIX ғасырдың соңында Н. Н. Пантусов тексерді. 1950 жылы қытай археологі Хуан Вэнби және соңғы жылдары Шынжаң археологтары біраз археологиялық тексеру, зерттеулер жүргізді. Тексеру барысында қала жұртынан қыш және фарфор ыдыстар, оның ішінде орта ғасырларда қымбат бағаланатын қытайлық

селадон фарфор ыдыстары, Шағатай ұлысының алтын, күміс теңгелері, металдан жасалған тұрмыстық бұйымдар, түркі тілінде сөздер жазылған несториандық құлпытастар және т. б. құнды мұралар табылды (2.51–2.54-суреттер).

Қаланың шығыс жақ іргесінде Алмалық қаласында тұрып билік жүргізген Моғолстан ханы Тұғлық Темір ханның (1329–1369 жылдар) күмбезді кесенесі әлі күнге дейін бүлінбестен сақтаулы тұр (2.55–2.56-суреттер). Тұғлық Темір хан кесенесі 1365 жылы салынған, қасбетінің ені 11 м, биіктігі 15,5 м келеді, сырты неше түрлі әшекейлі өрнектер мен арабша құран аяттары әсемделіп жазылған шыңылтырлы кірпіштермен қапталған. Моғолстан ханы Тұғлық Темір хан Шыңғыс ханның жетінші ұрпағы, өзі бас болып ислам дінін қабылдап, оны ұлыстың ұлы діні етіп жариялаған да сол еді.

### Бесбалық қаласы

Орта ғасырларда тұтас Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың тарихында Бесбалық қаласының орны бөлек. Өйткені қаланың орналасқан жері Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағындағы ең бір ұрымтал тұсы, қазіргі Қазақстан, Қытай және Моңғолия елдерін тұтастырып жатқан баяуатты өлке. Қаланың ескі жұрты қазіргі ҚХР-ге қарасты ШҰАР өлкесінің Жемсары ауданының орталығынан солтүстікке қарай 12 км жерде.

Қытай деректемелері бойынша Бесбалық қаласының негізі сонау ғұн-усунь заманында қаланған. Бұл қала ғұндардың батыстағы ордасы ретінде қытай жазбаларында Кэханьфутучэн, яғни Қағанбуд қаласы деп аталған. Бесбалық қаласының даңқы Батыс Түрік қағанатының дәуірінде тұтас Еуразияға мәшһүр болды. Қала ол заманда Батыс Түрік қағаны Ашина Хэлудың ордасы еді. Қытай деректерінде қала Цзинманьчэн (қазіргі Жемсары немесе Жемшәрі атауының қытайша дыбысталуы) деп аталған. Батыс Түрік қағанатының әлеуеті әлсіреген соң, 702 жылы қытайлық Тан империясы Шығыс Түркістанға ықпалы күшейген кезде қаланы Бэйтин (көшпелілердің солтүстіктегі ордасы) деп атады. Қаланың Бесбалық атауы белгілі Күлтегін ескерткішінде кездеседі.

Қала VIII ғасырға дейін алдымен басмылдардың, онан кейін қарлұқтардың ордасы болды. Ал 720 жылы Білге қаған бастаған шығыс түріктері Бесбалықты өзіне қаратты. Бесбалықтың ең қасіретті тағдыры 760 жылғы тибет жаугершілігі тұсында болды. 840 жылдан кейін Бесбалық қаласы Моңғол даласынан Шығыс Түркістанға қоныс аударған ұйғырлар құрған Идиқұт хандығының жазғы ордасы ретінде бірнеше ғасыр көркейіп, гүлденді. Қаланың ескі жұртын XX ғасырдың басында жапондық Отанидың экспедициясы, ағылшын археологі А. Стейн және 1928, 1979, 1987 жылдары қытай археологтары тексеріп, зерттеді. Бесбалықтың қазіргі орны ұзынша төртбұрышты, ішкі қамалы мен сыртқы қорғанының іздері жақсы сақталған. Сыртқы қорғанының ұзындығы 4596 м, ішкі қамалының ұзындығы 3001 м, биіктіктері 2–5 м келеді. Қамал сыртын айналдыра қорғаныс

орлары қазылған. Қазба жұмыстары кезінде қала жұртынан қыш және фарфор ыдыстардың сынығы, мыс теңгелер мен қола айналар, кірпіштер, жабынқыштар және т. б. тұрмыстық-сәндік, сондай-ақ еңбек құралдары табылды (2.57–2.59-суреттер). Қала жұртының ортасында көне будда ғибадатханасының орны анықталды, ал қаланың іргесіндегі Идиқұт мемлекетінің хан әулеті салдырған будда ғибадатханасы осы күнге дейін жақсы сақталған (2.60-сурет). Оның орталық сарайы мен ғибадаттық үйлерінде көп мүсіндер мен көне түрікше және қытайша діни дұғалар жазылған (2.61-сурет).

Бесбалық Шыңғыс хан шапқыншылығынан кейін көп уақыт Шағатай әулеттерінің билеуінде болды. Осыған қатысты, Қытайдың Мин дәуіріндегі әдебиеттерінде Шағатайдың ұрпақтары билік жүргізген Моғолстан мемлекетін “Бешбалық” деп атаған. XIV ғасырдың соңында Әмір Темірдің Моғолстанға жасаған жорықтары кезінде қирады.

### Чамбалық қаласы

Ортағасырлық Чамбалық қаласының ескі жұрты ҚХР ШҰАР-дың Санжы облысының орталығы Санжы қаласының іргесіндегі қалалық демалыс паркінің ішінде орналасқан. Қаланың қазіргі қиранды жұрты ұзыншақ төрт бұрышты пішінде болып, ұзындығы 1100 м, кеңдігі 600 м келетін аумақты алып жатыр. Қаланың қорған-дуалдары кәдімгідей топырақтан соғылған, өкінішке орай, қала жұрты рабайсыз бүлінген. Осы күнге дейін онда ресми археологиялық қазба жұмыстары жүргізілмеген. Алайда өткен ғасырдың 80–90-шы жылдары археологтардың барлап-тексеру жұмыстары кезінде қала жұртынан бірсыпыра тұрар-жай ғимараттарының орны, құмырашылық шеберханасының орны анықталған, сондай-ақ қыштан жасалған ыдыстардың жиынтығы табылған (2.62-сурет). Сол құмырашылық шеберханасының орнынан табылған үлкен бір қыш құмыраның ішінен 1370 дана күміс теңге шыққан, әр түрлі күміс теңгелердің бір бетінде арабша діни дұғалар жазылса, енді бір бетінде теңгелерді шығарған билеуші мен теңгенің соғылған уақыты жазылған. Олжаланған теңгелердің көпшілігі XIII ғасырдың 40–80-ші жылдарында Орталық Азияның Алмалық, Хотан, Қашқар, Тараз, Бұхара, Самарқанд қалаларында соғып шығарылған, олардың арасында тағы да Алтын Орда хандығының төрт дана күміс теңгесі де бар, өкінішке орай, бұл жәдігерлердің иллюстрациялық материалдары әлі күнге дейін жарияланбағандықтан, біздің қолымыз жетпеді.

Ортағасырлық Чамбалық қаласы туралы көне жазбаларда мол деректер кездеседі. Қытайдың Тан әулетінің тарихи жылнамаларында бұл қала Чжанбао деп жазылған, ал Махмұт Қашқаридың “Түркі тілдері сөздігінде” — Чамбалық, Юань империясы дәуіріндегі Ли Чжичан жазған “Чанчунь Чжэньжэньнің Батыс өлкеге сапар естеліктерінде” — Чанбала, “Юань тарихында” — Чанбали, армян патшасы Гетумның “Саяхатнамасында” — Жанба-

лық т. б. деп аталған. Облыс орталығы болып отырған қаланың қазіргі атауы Чанцзи (Санжы) да сол Чамбалық атауынан туындағаны айқын.

Бұл келтірілген деректер ортағасырлық Чамбалық қаласы Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағының бойындағы ең ұрымтал жерге орналасып, Орталық Азиядағы халықаралық ірі сауда және мәдени байланыстардың орталық қалаларының бірі болғанын көрсетеді. Чамбалық қаласы да XIV ғасырдың соңында Әмір Темірдің Моғолстанға жасаған жорықтары кезінде ойрандалды.

## 5. ТЕҢГЕ-ТИЫНДАР

Ежелгі және орта ғасырларда Ұлы Жібек жолының бірнеше тармақтары Шынжаң жері арқылы өтіп, кей тұстарында түйісіп, тоғысып отырды. Сондықтан да Шынжаңда ішкі және халықаралық транзиттік керуен саудасы ерекше кең өріс алып, халықаралық ақша айналымы қарыштап дамыды. Қазірге дейінгі нумизматикалық зерттеулердің нәтижесі көрсеткендей, б. з. бірінші мыңжылдығының басында Шынжаңда қытайлық, кушандық, сасанидтік және византиялық ақшалар айналымда болған, сонымен бірге ол заманда Шынжаңның Күсән, Хотан және т. б. қалаларында өз теңгелері соғылып шығарылып, қолданыста болған.

Шынжаң жерінен табылған нумизматикалық материалдардың ішінен Қазақстан тарихы мен мәдениетіне қатысты жәдігерлерді үш топқа бөлуге болады: 1) Түркеш қағанатының теңгелері (2.63–2.66-суреттер); 2) Қарахан мемлекетінің теңгелері (2.67–2.71-суреттер); 3) Шағатай ұлысының теңгелері (2.72–2.77-суреттер).

**Түркеш теңгелерін** Жетісуда Батыс Түрік қағанатынан кейін құрылған Түркеш қағанатының (690–756 жылдар) қағандары Учжилэ (Үшлік, Баға тархан деген атағы бар), Сулу (Сулук, Білге қаған атағы бар) және т. б. өз аттарынан Тараз бен Суйаб қалаларында Қытайдың Тан империясының “кайюань тунбао” деп аталатын мыс теңгелеріне ұқсатып (теңгенің ортасында төрт бұрышты тесігі бар) мыстан соғып шығарған. Түркеш теңгелерінің бет жағына садақ секілді таңба, ал екінші жағына соғды жазуымен “Баға Түркеш қағанының паниі (теңгесі)” деген жазулар жазылған (2.63-сурет). Зерттеушілер мұндағы “баға” сөзі соғдыша “тәңірі, киелі” деген мағына берсе, “пани” сөзі қытайша “вэнь” сөзінен туған, яғни Тан империясының ақша бірлігін, номинациясын білдіреді деп атап көрсетеді. Бұдан түркештердің соғды және қытай мәдениетінің едәуір әсерінде болғаны аңғарылады.

Шынжаңнан қазірге дейін кездейсоқ жағдайда табылған түркеш теңгелерінен сегіз данасы (1990-жылдарға дейінгі мәлімет) белгілі, олар Ұлы Жібек жолының жолөтпелері болған Қашқар, Хотан, Тұрфан, Мори т. б. жерлерден табылып отыр.

**Қарахан мемлекетінің теңге-тиындары** Шынжаң жерінен өте көп табылған және күні бүгінге дейін үзбей табылып келеді. Қарахан мемлекетінің



екінші бір астанасы болған Қашқардың жанындағы Артуш қаласының іргесіндегі көмбенің бір өзінен 1980 жылы бір жолда 17 000 данадан астам мыс теңге табылған, Үрімжі мен Дахэяньнан 4000 данадан астамы жиналған, ал 1990-жылдардың басындағы мәліметтер бойынша тұтас Шынжаң жерінен табылған қарахандық теңгелердің ұзын саны 22 000 данадан астам деп көрсетілген. Теңгелердің басым көпшілігі Қарахан мемлекетін Мұхаммед Арыслан хан билеп тұрған кезеңде (1056 жылы таққа отырған) соғылған, ол теңгелердің бет жағына “Алладан басқа құдай жоқ, Мұхаммед Алланың елшісі” деген, ал екінші бетіне “Алладан қамқоршы болуды тілеген Мұхаммед Арыслан хан” деген жазулар жазылған. Қытайдың нумизматик ғалымы Цзян Цисяньның пікірінше, Қарахан билеушісі Мұхаммед Арыслан ханның толық аты-жөні Мұхаммед ибн Юсуф, ол әйгілі “Түркі тілдері сөздігінің” авторы Махмұт Қашқаридың атасы болуы мүмкін.

Қарахандық теңгелердің екінші тобы Сүлеймен Қадыр Табғаш ханның атынан соғылған. Оның да бірнеше жүз данасы белгілі. Теңгелердің енді бір тобы неғұрлым ертерек кезеңге жатса керек, онда “Аллаға сиынушы әрі құлы Насыр оғлы Масғұд” деп, ал екі бетінің шет жағалауына өшкін әріптермен дұғалар, теңгенің соғылған жері мен уақыты жазылған, бірақ танылып оқылмайды, тек бір теңгенің шет жағынан “Қашқар” деген сөзді нобайлап оқуға болады. Қарахандық теңгелердің көпшілігі Қашқарда, Яркендте, сондай-ақ Тараздың және Орталық Азияның басқа да қалаларының теңге сарайларында XI ғасырдың басы мен орта шенінде соғып шығарылған.

**Шағатай ұлысының алтын, күміс және мыс теңгелері** Шынжаң жерінен түгел табылған, оның үстіне саны да аз емес. Шағатайлық теңге-тиындардың ең мол табылған жері — Үрімжінің батысынан 30 км келетін жердегі Санжы қаласының іргесіндегі ортағасырлық Чамбалық қаласының жұрты. Ондағы құмырашылық шеберханасының орнынан табылған қыш құмыраның ішінен 1370 дана әр түрлі алтын, күміс теңгелер шыққан. Олардың ішіндегі 1364 дана күміс теңге Шағатай ұлысының, 4 дана алтын теңге Алтын Орда хандығының, 1 дана күміс теңге Илхан ұлысының ақшасы болып шыққан. Теңгелер XIII ғасырдың 40-шы жылдарынан XIV ғасырдың басы аралығында Алмалықта, Нұратыда (?), Хожеңдте, Кенжетте (?), Самарқандта, Қашқарда, Бұхарада, Таразда және Хорезмде соғылған. Бұдан өзге шағатайлық теңгелерден Оңтүстік Шынжаңдағы Күшар ауданынан 100-ден астамы, Солтүстік Шынжаңдағы Мори мен Шонжы ауданынан 100-ден астам күміс теңге, Фукан қаласының жанындағы ортағасырлық Күллік қала жұртынан 10 шақты алтын теңге, Жоңғар Алатауының солтүстік-шығыс етегіндегі Боротала облысы аумағындағы Далта қала жұртынан (ортағасырлық Болат қаласы) 35 дана алтын теңге, сондай-ақ соңғы жылдары көне Алмалық қаласының жұртынан да бірсыпыра шағатайлық алтын-күміс теңгелер үздіксіз табылған, соңғы екі қаладан табылған теңгелер сол жердің өзінде соғылған екен.



Жалпы Шынжаңнан табылған шағатайлық теңгелердің дені Алмалықта соғылған, онан қалса “Ұлуқ Орда” деп аталған жерде, Қашқарда, Таразда және т. б. жерлерде соғылған. Алмалық ұлыстың ірі орталық қалаларының бірі болған. Бұл теңге-тиындар туралы ғылыми мағлұматтар әлі толық жарияланған жоқ. 1983 жылы Пекин қаласының қақ ортасынан ғимарат құрылысы салынып жатқан сәтте 15 дана күміс теңге табылған, оның бір данасы туралы ғылыми мәлімет жарияланған, теңгенің бір бетінде кәдімгі дұға сөздер, ал екінші бетінде “құдіретті де қуатты Сұлтан Уәйіс хан” және хижраша “807 жыл” (1404–1405 жылдар) деп жазылған (2.78-сурет). Сұлтан Уәйіс хан Моғолстанның (қытай деректемелерінде Бешбалық, кейде Ілебалық деп аталады) соңғы ханы еді.

Шынжаңнан табылған жоғарыда аталған нумизматикалық материалдар орта ғасырларда (VIII–XV ғасырлар) Қазақстан мен Шынжаңның ақша айналымы жүйесін, екі ел арасындағы өте тығыз сауда-экономикалық байланыстардың қыр-сырын зерттеуде баға жетпес құнды жәдігер әрі дерек көзі болмақ.

## ЦИН ДӘУІРІ СУРЕТТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР

### 1. ДЖУЗЕППЕ КАСТИЛЬОНИ САЛҒАН “ХАСАКЭ ГУН МА ТУ” АТТЫ СУРЕТ

**Ж**оңғар хандығы жойылып, Қазақ хандығы мен Цин патшалығы тікелей көрші болған XVIII ғасырдың 50-жылдарынан бастап, қытайларда Қазақ жері мен қазақ халқы жөнінде нақтырақ ұғым пайда болған. Кейін келе екі елдің қарым-қатынасы әрі қарай дамуымен байланысты цин патшалық әдебиетінде қазақтар туралы мағлұматтар көбейген. Сондай-ақ дәл осы дәуірде Қазақстан тарихы мен мәдениеті туралы біраз ескерткіштер, әсіресе өнер туындылары Қытайда дүниеге келген. Цин патшасы Цяньлунның орда суретшісі, италиялық Джузеппе Кастильонидің “Хасакэ гун ма ту” (“Қазақтардың Цин патшасына сыйлық әкелуі”) атты суреті осы өнер туындылардың ішіндегі ең көрнектісі болып есептеледі.

Джузеппе Кастильони (Giuseppe Castiglione, қытайша есімі Лан Шинин (郎世宁) католик миссионері ретінде 1715 жылы Қытайға барып, Цин патшасының сарай суретшісі болып, циннің үшінші дәрежелі лауазым шенін алған. Циннің үш патшасына (Канси, Юнчжэн және Цяньлунға) қызмет көрсеткен оның тарихта атын қалдырған еңбектерін атап айтуға болады: 1) әйгілі цин патшалық саябағы әрі сарай кешені — “Юаньминюаньді” (圆明园) жобалау жұмысына қатысқан (қытай және батыс сәулет өнерінің сол кездегі ең керемет деген үлгілерін өз бойына жинаған әрі өте көп тарихи жәдігерлер сақталған бұл кешен 1860 жылы Пекинге басып кірген британ-француз бірлескен армиясының қолынан өртенген); 2) Еуропа мен Қытайдың сурет салу дәстүрлерін тоғыстыру арқылы көптеген өнер туындыларын жасаған. Оның салған суреттерінің ішінен мыналарды ерекше атап өтуге болады: “Жоңғар мен Хуэйбуды (Қашқарияны) тыныштандыру операциялары” (қытайша “准噶尔回部平定战役图” деп аталатын бұл “өнер туындысы” 16 суреттен құралған. Оны Джузеппе Кастильони Цин патшасы Цяньлунның сарай суретшісі болып жүрген басқа еуропалықтармен бірлесіп 1765 жылы салып бітірген. Өзінің аты көрсетіп тұрғандай, бұл туынды Жоңғар хандығының соңғы кезеңі мен XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Қашқария-

ның тарихына тікелей қатысы бар аса құнды тарихи дерек болып табылады); “Цяньлун патша әскери парад өткізуде” (“乾隆皇帝大阅图”); “Цяньлун патшаның Оңтүстікті аралаған сапары” (“乾隆皇帝南巡细密写真图”); “Цяньлун бұғы аулауда” (“乾隆哨鹿图”); “Жүз арғымақ” (“百骏图”); “Жоңғарлардың Цин патшасына арғымақ сыйлауы” (“准噶尔贡马图”); “Көктемде қала шетінде арғымақтарды сынау” (“春郊试马图”); “Хасакә гун ма ту”, яғни “Қазақтардың Цин патшасына арғымақ сыйлауы” (“哈萨克贡马图”).

Джузеппе Кастильонидің “Хасакә гун ма ту” атты суретінде Абылай хан қатарлы қазақ көсемдерінің Цин патшасы Цяньлунға жіберген елшілері және олардың Цяньлунға апарған арғымақтары бейнеленген. Суреттің түпнұсқасы қазір Париждегі Гимэ шығыс өнері мұражайында сақтаулы (3.1, 3.2-суреттер)<sup>28</sup>.

Енді осы өнер туындысына байланысты тарихи оқиғаларға назар аударсақ, көп жайтты аңғаруға болады. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасындағы ресми қарым-қатынас Жоңғар хандығы ыдыраған кезден бастап бірте-бірте орнаған. Мұндай қарым-қатынастың басталуы Абылайдың одақтасы болған әрі Жоңғар хандығының біртұтас билігіне үмтылған соңғы тұлға болып тарихта қалған Әмірсананың Цин патшалығының құдалауына байланысты қазақ жерін паналауына тікелей қатысты еді. Осымен байланысты тарихи оқиғалардың өрбуі Абылайдың Цин патшалығы жөнінде ұстанған саясатын айқын көрсетеді. Бес томдық “Қазақстан тарихының” 3-томында айтылғандай: “Көреген саясатшы болған ол (Абылай. – Б. Е.) Жоңғарияның қазақ қоныстарын қытай экспансиясынан қорғап, аралық рөл атқаратынын анық ұғынды”<sup>29</sup>. Сондықтан да шығар, Абылай Цин патшалығының “Әмірсананы бізге тапсыр” деген талабын орындаудың орнына Цин патшалық әскерімен соғысуға дейін барды. Алайда Абылай Әмірсананың және Жоңғар хандығының дәурені келмеске кеткенін, өз іргесіне жойқын күштің ақыры мықтап келіп жеткенін, ендігі жерде Қазақ елінің мүддесін дипломатиялық жолдармен қорғау қажет екенін түсінді. Сондықтан Цин патшалығымен бітімге отыру үшін және Қазақ-Цин арасындағы шекара жер мәселесін шешу жолын іздестіру үшін Цин патшасы Цяньлунға өз елшілерін жіберді. Абылай ханның Цин патшасына елші жіберуі жөнінде Цин патшасы Цяньлунның өз жылнамасының (өз билігінің) 22 жылғы 7-айының “бин у” күнгі (1757 жылғы тамыз айының 30-жұлдызындағы) орда естелігінде (“Шилу”-да) үш жерде жазылған. Солардың бірінде – Цин патшасының жоңғарларды жаныштау армиясының оң қол басшысы генерал Чжау Хуэйдің өз патшасына жіберген мәлімдемесінде былай делінеді: “Абылай... өтініш

<sup>28</sup> Суреттің фотокошірмесін ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор М. Қ. Әбусейітова 2004 жылы Парижден түсіріп әкелген. Біздің еңбегіміз осы фотосуретке негізделіп жазылған.

<sup>29</sup> Қазақстан тарихы, 3-том. Алматы, 2002. 249-б.

хатымен бірге 4 арғымақ сыйлап, Хэнцзигээр (Кенжеқара)<sup>30</sup> қатарлы жеті адамды елші етіп, патшамен жүздесуге жіберіпті. Бұдан тыс ол елші жіберіп, сыйлық ретінде маған да арғымақ берген екен. Фу Дэ<sup>31</sup> тағы бір мәрте Абылаймен кездесем деп талап қойған еді, сонда келген елшілер: “Абылай жасақтарын бастап елін аралап кетті. Егер қазақтарды түбегейлі білгілеріңіз келсе, онда біз сіздерден өз ұлықтарыңызды жіберіп, Абылаймен бірге елді аралай келе патшаларыңызға мәлімдеулеріңізді өтінеміз” — деп жауап берген екен. Мен Фу Дэнің лагеріне барып, келген елшілердің хал-жағдайларын сұрап, Пекинге апару үшін оларға Далику қатарлы адамдарды қосып жібердім. Бұдан тыс тәйжі Эркесара, қорғаушы Нусань қатарлыларды торғын-торқа және басқа да сыйлықтарды ала барып (Абылайға) рахмет айтуға жібердім... ..”<sup>32</sup>.

Сол жылғы 9-айдың “жэнь чэнь” күнгі (1757 жылғы қазан айының 15-жұлдызы) орда естелігінде сақталған тағы бір құжатта Абылай ханның елшілері Цяньлун патшаның жаздық ордасына жетіп қалғаны туралы айтылған<sup>33</sup>. Цяньлун жылнамасының 22 жылы 9-айдың “цзя у” күні (1757 жылғы қазан айының 17-жұлдызы) Цяньлун патша қазақ елшілерін өзінің жаздық ордасында қабылдады. Бұл туралы сол күнгі орда естелікте былай деп жазылған: “Патша жаздық ордасында болды. Қазақ Абылайдың елшілері Хэнцзигээр (Кенжеқара), Умуэртай (Өміртай), Дулэн (Төлен?), Аланьчжа (?), Абылайдың бауыры Әбілпейіздің жіберген елшілері Танаси (Танаш ?),

<sup>30</sup> Қытайша иероглифпен бұл есім “Хэн цзи гэ эр” (亨集噶尔) деп хатталған — бұдан сол есімнің түпнұсқасы қандай екендігін білу қиын. Дегенмен Цин дәуіріндегі басқа да қытай дерегіне қарап бұл жердегі “Хэн цзи гэ эр” деген қазақ есімі “Кенжеқараның” қытайша транскрипциясының бұрмаланған түрі екенін білеміз. Мысалы, Цин патшасы Цяньлунның бұйрығымен жазылған, цин патшаларының жаздық ордасы орналасқан Жэхэ жері туралы “Жэхэ чжи” («热河志») атты кітапта (кітап XVIII ғасырдың 50—60-жылдары жазылған. Біз оның “Сы ку чуань шу (四库全书)” нұсқасына сүйеніп отырмыз) мынадай мәлімет берілген: “(Цяньлун жылнамасының 22 жылы 9-айының “цзя у” күні, яғни 1757 жылы қаңтар айының 17-сі күні) патша (Цяньлун) Бугуту (тауындағы) үлкен лагерде орналасқан көшпелі ордасында болды. Сол бөлік қазақтардың ханы Абылайдың елшісі Гэнь-чжа-ха-ла, Улумутай, Дулэн, Аланчжа және Абылайдың інісі Әбілпейіздің елшісі Танаси, Байкэнай қатарлылар осында (патшаға) сәлем беру салтанатын өткізді. Патша оларға алдымен шайын, артынан қонақасысын беріп, сосын оларға “менімен бірге аң аулауды тамашалаңдар” деп ұйғарды” (“Жэхэ чжи”, 23-цзюань). Мұндағы Абылай ханның бас елшісі болған, аталған бірінші тұлғаның есімі аталмыш кітапта тағы 6 рет (16-цзюаньда 1 рет, 23-цзюаньда 5 рет) қайталанаты. Осы кітаптағы бұл есімнің қытайша транскрипциясына қарап, ол қазақша “Кенжеқара” деген есім екенін білеміз.

<sup>31</sup> Фу Дэ (富德) — жоңғарлардың көсемі Әмірсананы қуып қазақ жеріне енген Цин армиясының алдыңғы қосынының командирі.

<sup>32</sup> “Цин Гауцзун шилу” (“清高宗实录” — “Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер”). 543-цзюань. 8—11-бб., Цяньлун жылнамасының 22 жылы 7-айдың “бин у” күніне (1757 жылғы тамыз айының 30-жұлдызына) арнаған естелік.

<sup>33</sup> “Цин Гауцзун шилу” (“清高宗实录” — “Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер”). 545-цзюань. 3—4-бб., Цяньлун жылнамасының 22 жылы 9-айдың “жэнь чэнь” күніне (1757 жылғы қазан айының 15-жұлдызына) арнаған естелік.

Бокэнай (Бөкенай ?) өтініштерін тапсырып, патшаға сәлем беру рәсімін өткізді. Патша елшілерге және өзімен бірге ертіп жүрген бектері мен уәзірлеріне қонақасы берді”<sup>34</sup>.

Жоғарыдағы деректерден тыс, Цин патшалығы орда естелігінде осы реткі қазақ елшілігі туралы тағы мынадай екі мағлұмат сақталған.

1. Цяньлун жылнамасының 22 жылы 9-айының “и мо” күні “(Цяньлун патша) Хэнцзигээр қатарлы қазақ елшілеріне өзімен бірге аңшылыққа шығуды ұйғарған”<sup>35</sup>;

2. Цяньлун жылнамасының 22 жылы 9-айының “у сюй” күні “(Цяньлун патша) өзімен бірге жүрген моңғолдың ван, гун, тәйжілері мен әскерілеріне және қазақ елшілеріне қонақасы берді”<sup>36</sup>.

Цяньлун жылнамасының 22 жылы 10-айының “цзя цзи” күні (1757 жылғы қараша айының 16-жұлдызы) қазақ елшілерін қайтарар кезінде Цяньлун Абылай хан мен Әбілпейіз ханға ресми хат жолдаған. Осы хат арқылы біз елшілердің шекара мәселесін қозғағандығын білеміз. Бұдан тыс осы хат аталған елшілікке қатысты басқа да біраз мәселелерді анықтауға септігін тигізетін тәрізді. Төменде Цяньлун хатының аудармасы:

“Цяньлун жылнамасының 22 жылы 10-айының “цзя цзи” күні (1757 жылғы қараша айының 16-жұлдызы) патша (Цяньлун) қазақтың Абылай қатарлы (елбасшыларына) былай деп бұйрық түсірген: сендер, қазақ ханы Абылай мен Әбілпейіз, өздеріңнің жіберген Кенжеқара, Танаш, Атахай (Атағай), Өміртай, Төлен, Аланчжа және Бөкенай есімді елшілерің Жэхэ жеріне<sup>37</sup> келіп маған сәлем берді. Мен оларға ілтипатымды білдіріп, қонақасы бердім. Оларды әуелі менің жаздық ордамнан кері қайтармақшы едім, алайда Кенжеқара қатарлылар Пекинге де барсақ деп өтінгендіктен, оларды өзіме ерте астанамызға әкеліп, онда тағы бір мәрте қонақасы бердім. Мен ойласам, сендер, Абылай қатарлылар, патшамыздың құзырынан тыс шалғайдағы елден<sup>38</sup> болғандықтан, сендерге Ішкі Қытайдағы “чжасакэ”

<sup>34</sup> “Цин Гауцзун шилу” (“清高宗实录” — “Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер”). 546-цзюань. 6-б., Цяньлун жылнамасының 22 жылы 9-айдың “цзя у” күніне (1757 жылғы қазан айының 17-жұлдызына) арнаған естелік.

<sup>35</sup> “Цин Гауцзун шилу” (“清高宗实录” — “Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер”). 546-цзюань. 10-б., Цяньлун жылнамасының 22 жылы 9-айдың “и мо” күніне (1757 жылғы қазан айының 18-жұлдызына) арнаған естелік.

<sup>36</sup> “Цин Гауцзун шилу” (“清高宗实录” — “Цин патшасы Гауцзун (Цяньлун) туралы орда естеліктер”). 546-цзюань. 11-б., Цяньлун жылнамасының 22 жылы 9-айдың “у сюй” күніне (1757 жылғы қазан айының 21-жұлдызына) арнаған естелік.

<sup>37</sup> Жэхэ (热河) — қазіргі ҚХР Хэбэй провинциясының аумағына кіретін жер. Цин патшаларының “Жэхэ синьгун” (“热河行宫”) немесе “Бишу шаньчжуан” (“避暑山庄”) деп аталатын жаздық ордасы осында орналасқан.

<sup>38</sup> Қытайшада “вай фань” (外藩) — деп жазылған. Цин патшалығы өзімен қарым-қатынаста болған Корея, Вьетнам, Бирма сияқты көршілес елдерді де осылайша атаған.

жүйесіне<sup>39</sup> салып, лауазым-дәреже берсем, сендер өздеріңе тағайындаған міндеттеріңе байланып, ыңғайсызданып қаларсыңдар. Сондықтан сендер әуре болмай, өздеріңнің бұрынғы әдет-ғұрыптарыңды тұтып, өзара тату-тәтті болып өмір сүре берсеңдер деймін. Егер елшілерің келсе, мен өз шапағатымды тигізіп, оларға сый-сыяпатымды беруден тартынбаспын.

Ал сендер жіберген елшілердің мәлімдемесінде “Тарбағатай біздің бұрынғы көшіп-қонып жүрген жеріміз еді. Біз сізден өзіңіздің ілтипатыңызды білдіріп, осы жерді бізге берсеңіз” — деген сөздері бар екен (астын сызған біз. — Б. Е.). Бұл жерді біз жаңадан тыныштандырдық, күні бүгінге дейін бос тұр. Әсілі мен ол жерге қимастық етпес едім. Дегенмен, сендер бізге енді ғана келіп бағындыңдар, әлі де болса ешқандай еңбек көрсетпедіңдер, мұндай жағдайда (талап еткен жерді) осылай бере салсақ, мемлекетіміздің тәртібіне сай келмейді әрі сендер өздерің де ыңғайсызданарсыңдар. Егер сендер расында опасыз қылмыскер Әмірсананы ұстап әкеп берсеңдер, онда мен өз ілтипатымды көрсетіп (талап еткен жерді) сыйлап берер едім.

Елшілерің келер шақта патша армиясы арт-артынан жорыққа аттанып бара жатқан кез болатын, сондықтан да елшілеріңді екі жолмен жүргіздік. Дәл қазір қыс түсіп, армиямызды шегіндіріп жатырмыз. Сондықтан да елшілердің ұзақ оралу сапарында қорғау ісі босаңқылау бола қалса, сендер менің сыйлаған заттарымынан айырылып қалуларың мүмкін. Осыған байланысты, мен арнаулы саньидачэн лауазымды Хэшоци батыр, орда қорғаушысы Фусилэ және Мулунбао қатарлыларға солұндардан және моңғолдардан құралған жасақтарын бастап, елшілеріңді қорғап, Ертіс, Тарбағатай және Гурбан-чар арқылы жеткізуді ұйғардым. Сендерге, Абылай мен Әбілпейіз екеулеріңе, мен біраз киім-кешек сыйладым, елшілерің барғанда тапсырып аларсыңдар. Келген жеті елшіге де біраз киім-кешек сыйладым. Бұдан тыс елшілермен еріп келген күтушілерге өздеріне базардан зат-бұйымдар алу үшін жалпы 1000 лян<sup>40</sup> күміс ақша сыйладым. Осылардың бәрін сендер білсін деп айтып отырмын. Бұдан кейін сендер ықластарыңмен қызмет көрсетіп тұрсаңдар, онда менің бұдан да көп шапағатым тиіп, өздеріңді таусылмас бақытқа мәңгі бөлендіресіңдер”<sup>41</sup>.

<sup>39</sup> “Чжасакэ” жүйесі (札薩克制度) — Цин патшалығының өзіне бағынған Моңғол және Құмыл мен Түрпандағы ұйғырлар сияқты елдерінде орнатқан басқару жүйесі. “Чжасакэ” деген сөз “бір хошунның бастығы” деген мағынаны білдіреді. Цин дәуірінде Циннің орталықтағы “лифаньюань” (жат ұлттар істер басқармасы) мекемесі жоғарыда аталған елдердің ван, бэйлэ, бейіс, гун, тэйжі, табунан сияқты лауазымы бар ақсүйектерінен бір адам таңдап, патшаға бекіткізіп, хошун “чжасакэсі” — деп тағайындайды. Ол “лифаньюань” немесе Циннің сол аймақтарға жіберген ұлықтарына бағынады. Чжасакэнің қол астында көмекші тэйжі, зэңгі, зэңгінің орынбасары, цаньлин, цзолин, сяоцисяо сияқты лауазым иелері болады.

<sup>40</sup> Лян (兩) — қытайдың көне салмақ және ақша өлшемі.

<sup>41</sup> “Цянь Цзя Дао сань чао хасакэ ши ляо” (“Цяньлун, Цзяцин және Даогуан патшалар кезіндегі қазақтар туралы тарихи деректер”). 4-б.

Бұл аталған кітап — сирек кездесетін цин дереккөзінің бірі. Әуелгі аты “Хасакэ лань жу цин синь ши люэ” (“Қазақтардың (жерімізге) өздігінен еніп кірулері туралы қысқаша шолу”) болып келетін бұл кітаптың авторы белгісіз. Кітап мазмұнында негізінен көне қытай мұрағат

Жоғарыдағы деректен білгеніміз: Абылай хан мен Әбілпейіздің елшілері 1757 жылдың қазан айында Цин патшасы Цяньлунның жаздық ордасы орналасқан Жэхэ жеріне (қазіргі ҚХР-дың Хэбэй провинциясында) барып, кейінірек олар Цяньлунмен бірге Пекинге де барып, Цин ордасында жалпы бір айдай болған. Осы деректе барған жеті елшінің есімдерін толық берген: мұнда жоғарыдағы аталған патша орда естелікте көрсетілген 6 есімнен тыс Атағай деген есім қосылып отыр. Ал елшілердің миссиясы туралы айтсақ, олар тек Цинмен бітімшілікке келу немесе Цяньлун патшаға арғымақ сыйлау үшін емес, Цин патшалығынан өз кезінде жоңғарлар жаулап алып, кейін келе Цин армиясы басып алған қазақтардың ата жұртының бір бөлегі болып есептелетін Тарбағатай жерін қазақтарға қайтарып беруді сұрап барған.

Цин патшалары, әсіресе Цяньлун, Цзяцин қатарлы патшалар, Орта Азия және Моңғолия жерлерінен келген елшілерді көбінесе жоғарыда аталған Цин патшалығының жаздық ордасы “Бишу шаньчжуан”-да қабылдаған. Қабылданған елшілерге көрсеткен құрметтері ретінде цин патшалары сол елшілерді әскери жаттығу, аңшылыққа шығу сияқты шараларға қатынастырумен қоса, “Бишу шаньчжуан”-да арнайы киіз үйлер тіктіріп, елшілерге қонақасы беріп, әр түрлі ойын-сауық өткізіп отырған. Цин дәуірінде салынған төмендегі екі сурет осындай шараларға қатысты туындылар: оның біріншісінде Цин патшасы Цяньлун бұрыт (қырғыз) елшілерін қабылдап, оларға өзінің батырларының бірінің тірідей барыс күшігін ұстап алған сәтін тамашалатуы бейнелеген (3.3-сурет). Бұл суретті де жоғарыда аталған Цяньлунның сарай суретшісі италиялық Джузеппе Кастильони 1758 жылғы салған. Суреттегі сол қол жақта сапқа тізіліп тұрғандар қырғыз елшілері (3.4-сурет). Ал суреттің жоғарғы бөлігінде бейнеленген, Цяньлунның қабылдауын күтіп тұрған орта-азиялық көшпенділер қазақтар болуы мүмкін (3.5-сурет).

Осы еңбегіміздегі аталған елшіліктен басқа **Абылай хан, Әбілмәмбет хан және олардың ұрпақтарының Цин патшалығына жіберген дипломатиялық миссиялары** жөніндегі қысқаша мағлұматты арнайы берілген кестеден алуға болады. Кестені біз қытай ғалымы Ли Шэньнің “Қазақстан және оның Шыңжаңмен арадағы қарым-қатынастары (XV–XX ғғ.)” атты еңбегінің (2004 жылы ҚХР Харбин қаласында шыққан) 127–129-беттерінде берілген кестені негіз етіп, оған “Цин шилу”, “Шыңжаң шилуе” қатарлы қытай деректеріне сүйене отырып толықтыру енгізу арқылы жасадық. Кестеде көрсетілген айлар қытайдың көне ай күнтізбесімен алынған, олар қазіргі қолданып жүрген күнтізбемізбен сәйкес келе бермейді.

---

материалдарынан, атап айтқанда Цяньлун жылнамасының 22 жылы 7-айы (1757 жылғы тамыз айы) мен Даогуан жылнамасының 18 жылы 12-айы (1839 жылғы қаңтар айы) аралығында қазаққа қатысты жазылған Цин патшаларының бұйрығы және шекара аймақтарындағы Цин ұлықтарының патшаларына жолдаған мәлімдемелері қамтылған. Бұл кітаптың қолжазбасын қытай ғалымы Ву Фэньпэй 1982 жылы тауып, оған жаңа ат қойып, “Қытайдағы ұлттар тарихы мен географиясына қатысты материалдар сериясының” (“Чжунго минцзу ши ди цункань”) № 25 сериясында ішкі материал ретінде басып шығарған. Кітаптың қолжазбасы Пекиндегі Орталық ұлттар университетінің кітапханасында сақтаулы.



№	Елші жіберген қазақ хан-сұлтан-дары	Бас елшінің аты-жөні	Елшілер барған уақыт	Елшілерді қабылдаған Цин патшасы
1.	Әбілпейіз, Ханбаба	Жолан	1758 ж. қазан	Цяньлун патша
2.	Әбілмәмбет	Орыс	1759 ж. қаңтар	Цяньлун патша
3.	Абылай	Ырысқұл	1760 ж. мамыр	Цяньлун патша
4.	Әбілмәмбет Абылай Әбілпейіз	Құттыбай Дәулеткерей Бекенай	1760 ж. қазан	Цяньлун патша
5.	Абылай	Жолбарыс	1761 ж. қаңтар	Цяньлун патша
6.	Әбілмәмбет, Әбілпейіз, Санияз, Ханқожа, Болат	Себек	1762 ж. ақпан	Цяньлун патша
7.	Абылай	Атағай	1762 ж. мамыр	Цяньлун патша
8.	Абылай	Дәулеткерей	1762 ж. шілде	Цяньлун патша
9.	Әбілпейіз	Себек	1764 ж. қаңтар	Цяньлун патша
10.	Әбілмәмбет	Кенжеқара	1764 ж. наурыз	Цяньлун патша
11.	Абылай	Отаршы	1765 ж. сәуір	Цяньлун патша
12.	Абылай	Дәулеткерей	1767 ж. тамыз	Цяньлун патша
13.	Абылай	?	1768 ж. қыркүйек	Цяньлун патша
14.	Әбілпейіз	Жолшы	1768 ж. желтоқсан	Цяньлун патша
15.	Абылай	Уәли	1769 ж. наурыз	Цяньлун патша
16.	Әбілпейіз Санияз Болат	Жолшы, Қасым Ақтайлақ	1773 ж. қаңтар	Цяньлун патша
17.	Абылай	Әділ	1773 ж. желтоқсан	Цяньлун патша
18.	Абылай	Отаршы	1776 ж. желтоқсан	Цяньлун патша
19.	Абылай	Сыдық	1780 ж. мамыр	Цяньлун патша
20.	Уәли	Сығай	1782 ж. мамыр	Цяньлун патша
21.	Әбілпейіз Абылай сұлтан (Нұралының ұлы)	Ғадай Қаратоғы	1783 ж. сәуір	Цяньлун патша
22.	Ханқожа	Ағадай	1786 ж. желтоқсан	Цяньлун патша
23.	Уәли	Қасым	1787 ж. тамыз	Цяньлун патша
24.	Ханқожа	Жолшы	1790 ж. шілде	Цяньлун патша
25.	Уәли	Досәлі	1790 ж. желтоқсан	Цяньлун патша
26.	Уәли	Хамза	1791 ж. шілде	Цяньлун патша
27.	Уәли Ханқожа	Хамза Айқожа	1795 ж. шілде	Цяньлун патша
28.	Уәли	Бегәлі	1803 ж. тамыз	Цзяцин патша
29.	Уәли Тоғым	Досәлі, Сарыбай Алтынсары	1809 ж. тамыз	Цзяцин патша
31.	Жанқожа Ғұбайдолла	Рүстем, Данияр Есім	1823 ж. желтоқсан	Даогуан патша

## 2. “ХУАН ЦИН ЧЖИ ГУН ТУ” АТТЫ КІТАПТАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ СУРЕТТЕРІ

Цин патшасы Цяньлун өз билігінің 16-жылы (1751 ж.) өзінің шекара аймақтарына жіберген ұлықтарына және ордасындағы сыртқы істерге жауапты шенеуніктеріне бұйрық түсіріп, Цин патшалығына қарасты ұлттар өкілдерінің және Цин патшалығымен қарым-қатынаста болған жат ел адамдарының киім-кешегін қағаз бетіне бейнелеп түсіріп қалдыруды ұйғарған. Тапсырылған бұл іс он жылдай жалғасып, арада салынған суреттер Циннің ең жоғарғы әскери істер басқармасы “цзюньцзичуға” жиналып, оларды сол істің басы-қасында жүрген “дасюеши”<sup>42</sup> Фухэн Цяньлун жылнамасының 26 жылы (1761 ж.) “Хуан Цин чжи гун ту”, яғни “Цин патшалығына сыйсыяпаттарын әкелген ел өкілдерінің суреттері” деп аталатын бір кітапқа енгізіп, кітапты ксилографиялық әдіспен басып шығарған. Тоғыз цзюаньнан (бума немесе тараудан) тұратын бұл кітапта әр түрлі ұлыс пен ұлттардың ер-әйел өкілдерін бейнелеген 299 суретпен қоса, сол суреттерге шағын түсіндірме берілген, бейнеленген ұлыстар мен ұлттардың тарихы, олар мен цин аралығындағы қарым-қатынас және олардың этно-мәдениеті туралы қысқа болса да құнды мәлімет беріп отырған. Кітаптың 2- және 9-цзюаньындағы 10 сурет қазақтарға қатысты. Төменде біз осы суреттерге және олармен бірге берілген деректерге тоқталып кетпекпіз<sup>43</sup>.

### Абылай хан мен Әбілпейіз хан елшілерінің суреттері

“Хуан Цин чжи гун ту” кітабының 2-цзюаньында қазаққа қатысты 4 сурет сақталған, олар “Қазақ елбасшысы”, “Қазақ елбасшысының әйелі”, “Қарапайым қазақ” және “Қарапайым қазақтың әйелі” деп аталады (төмендегі 3.6, 3.7, 3.8, 3.9-суреттер). Бұл суреттер бірінің артынан бірі көрсетіліп, соңында мынадай жалпы түсіндірме берілген:

“Қазақтар жоңғарлардың солтүстік-батысында, бұлар — Хань дәуіріндегі Давань елі<sup>44</sup>. Шығыс және Батыс болып екіге бөлінетін<sup>45</sup> бұл ел ежелден бері Қытаймен қарым-қатынаста болмаған. Цяньлун жылнамасының 22 жылы (1757 ж.) Шығыс қазақтардан Абылай мен Әбілмәмбет алдымен, сонан соң Батыс қазақтардан Әбілпейіз іле-шала елдерін бастап бізге бағы-

<sup>42</sup> Дасюеши (大学士) — Цин патшалық лауазымы.

<sup>43</sup> Біз “Хуан Цин чжи гун ту” кітабының 1991 жылы ҚХР Шэньян қаласында фотоли-тография әдісімен шығарылған нұсқасына («皇清职责图», 辽沈书社影印出版, 1991年, 沈阳) сүйеніп отырмыз (төменде “Чжи гун ту” — деп қысқартып алмақпыз).

<sup>44</sup> Давань (大宛) — Қытайдың ерте заманғы тарихи жазбаларында Ферғана жерін осылай деп атаған. Цин патшалығы Қазақ хандығымен қарым-қатынас орната бастаған шақта қытайлар қазақтарды өз тарихнамаларындағы әр түрлі ежелгі елдердің атауларымен, ішінде Давань атауы, яғни ежелгі Ферғанамен де байланыстырып, қазақтың арғы тегі-зады кім екенін таба алмай дал болған.

<sup>45</sup> Цин патшалық қытай деректемелерінде қазақтарды “оң, сол және батыс бөліктері” деп үшке бөліп, олады қазақтың үш жүзімен теңестіреді. Алайда, бұл бөліс қазақтың үш жүзін түгелдей қамти алмайды. Сол деректерде айтылатын “сол бөлік қазақтар”, “оң бөлік

нып<sup>46</sup>, өз ұлдарын немесе аға-бауырларының ұлдарын Пекинге жіберіп, патшамен дидарласып, патшаға арғымақ сыйлаған. Осылайша олар біздің иелігімізге енген<sup>47</sup>. Бұл ел әдетте көшіп-қонып мал бағумен шұғылданады. Дегенмен егін егуді де біледі. Елағалары<sup>48</sup> қызыл, ақ түсті, төрт бұрышты, шеті құрыммен тігілген биік төбелі баскиім, ұзын жеңді торғын шапан, жібек белбеу және құрым етік киеді. Әйелдері екіге бөліп өрген бұрымдарын бос қоя беріп, құлақтарына моншақ, сырға тағып, адам көзін жаулайтын түрлі-түсті торғын-торқамен безендірілген ұзын жеңді шапан киеді, баскиімдері және аяқкиімдері ерлердікімен ұқсас. Ал қарапайым адамдары болса, ері болсын, әйелі болсын, көбінесе киізден тігілген баскиім және жай матадан тігілген шапан киеді екен<sup>49</sup>.

Жоғарыдағы деректемеден білгеніміз: аталмыш төрт суреттің келіп-шығуы 1757 жылғы қазақ хандары Абылай мен Әбілмәмбеттің Цин патшалығына елші жіберуі оқиғасымен тығыз байланысты. Яғни бұл суреттерді қытай орда суретшілері сол кезде салып алып қалған деуге болады.

Айта кетерлік бір жайт: сол жолғы қазақтардың дипломатиялық миссиясы тек қазақтар үшін ғана емес, Цин патшалығы үшін де оның саяси өмірінде айтарлықтай оқиға болғаны айқын. Осы себептен болар, аталмыш оқиғаға байланысты өнер туындысы тек жоғарыда аталған кітапта ғана емес, басқа жерде де сақталған. Пекиндегі “Гугун” мұражайында (бұрынғы патша сарайы) “Хуандин чжи гун ту цзюань” атты сурет сақталған. Көлемі 33,6 мм х 1941, 3 мм осы түтік сияқты оралған суретте жоғарыда аталған және басқа суреттер түрлі түсті бояулармен безендіріліп енгізілген. Онда суреттерге арнаған шағын түсіндірме сөздерін қытайша және маньчжурша екі тілде беріп отырған (3.10–3.11-суреттер).

### **Кіші жүз елбасшылары Нұралы, Батыр және Қайып хан елшілерінің суреттері**

“Хуан Цин чжи гун ту” кітабының 9-цзюанында Цин патшалығына елші болып барған Кіші жүз қазақтарына қатысты 6 сурет сақталған, олардың алғашқы екеуі “Кіші жүз тайпасының Нұралы есімді адамына қарасты

---

қазақтар”, “батыс бөлік қазақтар” деп іс жүзінде қазақтың Орта жүзі мен Ұлы жүзінде билік жүргізген Абылай ханның, Әбілмәмбеттің және Тұрсын сұлтанның ұрпақтарын меңзеп отырғаны анық, бұл туралы қараңыз: Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. I том. Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар, Алматы, 2005. “Сиюй шуй дао цзи” атты деректемеге берілген 26-түсіндірме және “Шынжаң ши люе” атты деректемеге берілген 1-түсіндірме.

<sup>46</sup> Патшалық Қытайдың дәстүрлі дипломатиялық ұғымы бойынша сол кездегі қытайлар өздерімен бітімге барған немесе жай дипломатиялық байланыс орнатпақ болып барғандардың барлығын “бізге бағынып келушілер” деп қабылдайды немесе солай бұрмалап түсіндіреді.

<sup>47</sup> Мәтіндегі бұл тұжырым да, 46-түсіндірмеде айтылғанындай, сол кездегі Қытайдың дәстүрлі дипломатиялық ұғымынан туындаған.

<sup>48</sup> Мәтінде “бастықтары” деген мағынаны беретін “тоу му” (“头目”) сөзі қолданылған.

<sup>49</sup> “Чжи гун ту”. 198-б.

мұсылман ері”<sup>50</sup>, “Кіші жүз тайпасының Нұралы есімді адамына қарасты мұсылман әйелі” деп аталады (төмендегі 3.12, 3.13-суреттер). Бұл суреттер бірінің артынан бірі көрсетіліп, соңында мынадай жалпы түсіндірме берілген.

“Нұралы (басқаратын) Кіші жүз тайпасы<sup>51</sup> — Батыс қазақтардың тағы бір бөлігі. Бұлар Іленің солтүстік-батысына қарай 2000 ли-ден астам қашықтықта орналасқан. Көшіп-қонып мал бағумен өмір сүреді. Бұлар армиямыз “Хуэй буды” тыныштандырғаннан<sup>52</sup> кейін ғана қой, жылқыларын айдап, Ілеге келіп сауда-саттық жасаған. Цзяньлун жылнамасының 27 жылы (1762 ж.) бұлардың елбасы Нұралы елші жіберіп, патшаға сый-сыяпатын әкелген. Ерлері жай матадан тігілген шапан мен құрымнан тігілген баскиім киеді екен. Әйелдері гүлді жібек жаулықпен бастарын орайды екен, араларында ақ кепеш киетіндері де кездеседі. Ғұрып-әдеттері Шығыс қазақтарына ұқсас”<sup>53</sup>.

“Хуан Цин чжи гун ту” кітабының 9-цзюанында қазаққа қатысты тағы екі сурет “Кіші жүз тайпасының Батыр есімді адамына қарасты мұсылман ері”<sup>54</sup> және “Кіші жүз тайпасының Батыр есімді адамына қарасты мұсылман әйелі” деп аталады (3.14, 3.15-суреттер).

Бұл суреттер бірінің артынан бірі көрсетіліп, соңында мынадай жалпы түсіндірме берілген.

“Батыр (басқаратын) Кіші жүз тайпасы да Батыс қазақтардың бір бөлігі. Бұлардың барлығы көшіп-қонып мал бағып, саудамен шұғылданып өмір сүреді. Елбасылары Батыр Цзяньлун жылнамасының 27 жылы (1762 ж.) елші жіберіп, патшамызға сый-сыяпатын әкелген. Бұлардың ғұрып-әдеті және киім киістері де Шығыс қазақтарына ұқсас”<sup>55</sup>.

“Хуан Цин чжа чун ту” кітабының 9-цзюанында қазаққа қатысты соңғы екі сурет “Үргеніш тайпасының Қайып есімді адамына қарасты мұсылман ері” және “Үргеніш тайпасының Қайып есімді адамына қарасты мұсылман әйелі” деп аталады (3.16, 3.17-суреттер). Бұл суреттер бірінің артынан бірі көрсетіліп, соңында мынадай жалпы түсіндірме берілген:

“Қайып (басқаратын) Үргеніш тайпасы да Батыс қазақтардың тағы бір бөлігі. Бұлардың көшіп-қонып жүрген жерлері Кіші жүзге жақын, Ілеге дейін шамамен 2000 ли-ден астам алшақтықта. Бұлар көршілес мұсылмандармен бірге Іле қатарлы жерге келіп сауда жасаған. Цзяньлун жылнамасы-

<sup>50</sup> Мәтінде “хуэй рэнь” (“回人”) — деп алған. Бұл Цин патшалық әдебиетінде ортаазиялықтарға қарасты жалпы атау.

<sup>51</sup> Бұл жердегі сөз тіркесін сөзбе-сөз аударғанда “Кіші жүз тайпасы Нұралы” болып оқылады. Қытай автор мұнда ел атауы мен тұлға есімін шатастырып көрсете салған тәрізді.

<sup>52</sup> Бұл жерде автор 1759 жылы цин патшалық армиясының Қашқариядағы ұйғырларды жанышптеу оқиғасын меңзеп отыр. Цин әдебиетінде Қашқария жерін “Хуэй цзян” (回疆) деп, ондағы елді “хуэй бу” (回部) деп атайды.

<sup>53</sup> “Чжи гун ту”, 1046-б.

<sup>54</sup> Мәтінде “хуэй рэнь” (回人) — деп алған. Бұл Цин патшалық әдебиетінде ортаазиялықтарға қарасты жалпы атау.

<sup>55</sup> “Чжи гун ту”, 1050-б.

ның 27 жылы (1762 ж.) бұлардың елбасы Қайып елші жіберіп, патшаға сый-сыяпатын әкелген. Бұлардың ғұрып-әдеті және киім киістері кішіжүздіктермен түгелдей ұқсас”.

Көрсетілген үш топ деректердің барлығы Кіші жүз қазақтарына қатысты: алдыңғы екеуі анық көрсетілген, ал соңғы “Үргеніш Қайып” дегені сол Кіші жүзден шыққан Батыр ханның ұлы Қайып хан. Ол әкесінің тірі кезінде-ақ Хиуа жеріне билік жүргізген. Ш. Ш. Уәлихановтың еңбегінде осы Қайып хан “Ургенч Каип хан” деп аталады — бұл біздің талдап отырған қытай дерегіне сай келеді<sup>56</sup>.

Жалпы, Кіші жүз қазақтары мен Цин патшалығы арасында қарым-қатынас аз болған. Дегенмен екі арадағы келіп-кету істері мүлде болмаған деуге де келмейді. Біздің білуімізше, Кіші жүздің билеушілері Цин патшалығына кем дегенде екі мәрте елші жіберген<sup>57</sup>. Біздің көрсетіп отырған суреттер — Кіші жүз қазақтары Цин патшалығымен тұңғыш рет қарым-қатынаста болған кездегі туынды.

Осы жолғы елшілік туралы біз білетін ең алғашқы қытай дерегі мынадай: Цяньлун жылнамасының 27 жылғы 11-айының “бин цзи” күнгі (1763 жылғы қаңтар айының 1-і күні) жазылған цин патша орда естелігінде (“Шилу”-да) Цяньлун патшаның бір жарлығы кездеседі. Онда былай делінеді:

<sup>56</sup> Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Изд. 2-е. Алматы, 1996. С. 161; Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений: В 5 т. Т. 4. А.-А., 1985. С. 174 (таблица 1).

<sup>57</sup> Біздің осы еңбегімізде көрсетілмек болған 1762 жылғы дипломатиялық миссиядан тыс, Кіші жүздің Нұралы ханы цин патшасына тағы бір мәрте елші жіберген. Бұған қатысты қытай қаламгері Ци Юньши (祁韵士) 1807 жылы жазған “Си чуй яо люе” (西陲要略) кітабында мынадай бір дерек сақталған: “Батыс тайпасының Нұралы ханы ұлы Абылай сұлтанды патшамызға сый-сыяпат тартуға жіберген. Ол келер жолында қайтыс болып, оның орнына көмекші уәзірі Халатохо (Қаратоғы?) келіп, патша оған да қонақасы берді” (“Си чуй яо люе”, 4-цзюань). Цяньлун патшаның орда естелігінен (“Шилу”-дан) біз бұл жолғы дипломатиялық миссия 1783 жылы мамыр айында болғанын білеміз: онда осы жолғы елшілік туралы мынадай деректер сақталған:

1) Цяньлун жылнамасының 48 жылы 4-айдың “синь вэй” күнгі (1783 жылғы мамыр айының 11-і күнгі) бір естелікте “қазақ Нұралының ұлы Абылай сұлтанның елшісі болып келген (патша орда естелігін құрастырушы бұл жерде “Абылай сұлтанның елшісі” деп қателескен. Қараңыз: жоғарыдағы айтылған “Си чуй яо люе” кітабында берілген дерек. — Б. Е.) Қаратоғы және қазақ ваны Әбілпейіздің ұлы Ғадай қатарлы 10 адам (Цяньлун) патшамен жүздесті. Патша олардың барлығына өздеріне лайықты қылып киім-кешек және күміс ақша сыйлады” деп жазылған (“Цин Гауцзун шилу”, 1178-цзюань, 5-б.);

2) Цяньлун жылнамасының 48 жылы 4-айдың “куй ю” күнгі (1783 жылғы мамыр айының 13-і күнгі) бір естелікте “Патша “Шань гао шуй чан” сарайында болып, қазақ Нұралының ұлы Абылай сұлтанның елшісі болып келген Қаратоғы және қазақ ваны Әбілпейіздің ұлы Ғадайға қонақасы берді” деп жазылған (“Цин Гауцзун шилу”, 1178-цзюань, 16-б.);

3) Цяньлун жылнамасының 48 жылы 4-айдың “бин цзи” күнгі (1783 жылы мамыр айының 16-сы күнгі) бір естелікте Цяньлун патша Қаратоғы мен Ғадайға тағы бір мәрте қонақасы бергендігін жазады (“Цин Гауцзун шилу”, 1179-цзюань, 1-б.).

“Патша тағы мынадай жарлық түсірді: Мин Жуи<sup>58</sup> қатарлылар кеше мәлімдеме жолдапты, онда: “Қазақтар қайтадан Тарбағатай төңірегіне келіп мал жайып жүр. Оларды келесі көктемде әрі қарай қуып жіберіп, малдарын алып қалсақ деген өтінішімізді мақұлдап патша жарлығы түсіп еді. Алайда жақындағы Цзин Эли<sup>59</sup> қатарлылардың патшаға жолдамақ болған мәлімдемелеріне қарағанда, Сол бөлік қазақ Нұралы<sup>60</sup> елші жіберіп, патшаға сәлем бермекші екен. Бұдан тыс Үргеніш қаласындағы Қайып, Кіші жүздің өзге бір тайпасының Батыр қатарлы адамдарының жіберген елшілері де келе жатыр екен. Бұлар патшамызға сәлем беріп келген Оң бөлік қазақтардың патшаның шапағатына бөленіп, сый-сыяпатқа ие болғанын көріп, арт-артынан соларға еліктеп отыр. Бұлардың шалғайдан келіп бағынып отырғандығын ескере отырып, салт бойынша қонақасы берілуі сөзсіз. Ал келесі көктем дәл осылардың Ішкі Қытайға келетін кезі. Кенеттен қазақтардың малын тартып алып жатқанын естисе, табиғаты қырыс осы жат елдің адамдары күмәнданып әрі сескеніп қалуы мүмкін. Сондықтан қазақтарды қуу ісін келесі жылғы қысқа немесе одан арғы жылғы көктемге дейін қалдырсақ та болар ма екен” делінген. (Осыған қатысты) Мин Жуи қатарлыларға мынадай бұйрық түсірілсін: (Қазақтардың) малдарын тартып алу ісі уақытша тоқтатылсын. Адамдарын алдыңғы жолғы бұйрықта айтылғандай әрі қарай қуып тастасын”<sup>61</sup>.

Елшілер бір айдан кейін Пекинге жеткен тәрізді. Цин патшалығының орда естелігінде Кіші жүз қазақтарының елшілері Пекинде болғаны туралы мынадай мәліметтер бар:

1) Цяньлун жылнамасының 27 жылы 12-айдың “дин сы” күнгі (1763 жылғы ақпан айының 11-і күнгі) бір естелікте: “Ауған елшісі Қожа-Мирхат, Бадақшан елшісі Абдул-Хамза, Қоқан елшісі Бабашық, Батыс Қазақ Үргеніш тайпасының елшісі Сейіткерей<sup>62</sup>, Кіші жүз тайпасының елшісі Үкібас, Болат<sup>63</sup> және “Хуэй бу” Қашқар қалаларының үшінші дәрежелі әкім-бегі Ақбек қатарлылар патшаға сәлем беру үшін “У мән”-нің<sup>64</sup> алдында патшаны күтті”<sup>65</sup> — деп жазылған.

<sup>58</sup> Мин Жуи (明瑞) — Цин патшалығының батыстағы шекара аймағында тағайындаған тұңғыш генерал-губернаторы (қытайша лауазымы “Или цзянцзюнь” деп аталған).

<sup>59</sup> Цзин Эли (旌額理) — сол кезде Үрімжіде тың ашу және шекара сауда істеріне жауапты болған цин шенеунігінің бірі.

<sup>60</sup> Деректе Нұралының есімін қытайша иероглифпен “Ну эр лай” (“努尔赛”) — деп транскрипциялаған және оның елін “Сол бөлік қазақ” (“左部哈萨克”) — деп қате көрсеткен. Цин патшалық деректемесінде соңғы атау көбінесе Абылай ханның тікелей құзырындағы қазақ жұртын меңзейді. Цинмен қарым-қатынасы аз болған Кіші жүз қазақтарына қатысты атаулар қытай дерегінің біраз жерінде қате алынған. Бұл туралы біздің төмендегі түсіндірмелерімізге қараңыз.

<sup>61</sup> “Цин Гауцзун шилу”, 675-цзюань, 4-б.

<sup>62</sup> Деректе қытайша иероглифпен “Сай дэ кэ лэ” (“努尔赛”) деп транскрипцияланған.

<sup>63</sup> Деректе екі елшінің есімдері қытайша иероглифпен “У кэ ба ши” (“乌克巴什”) және “По ла тэ” (“颇拉特”) деп транскрипцияланған.

<sup>64</sup> У мән (午门) — Пекиндегі Цин патша ордасы орналасқан қалашықтың бір дарбазасы.

<sup>65</sup> “Цин Гауцзун шилу”, 677-цзюань, 18-б.



2) Цяньлун жылынамасының 28 жылы 1-айдың “куй хэ” күнгі (1763 жылғы ақпан айының 17-сі күнгі) бір естелікте: “Патша “Цзи гуан гэ”-де<sup>66</sup> болып, сыртқы Моңғолдың ван, гун, тәйжілері, “Хуэй будың” ваны Хоцзисы қатарлылармен қоса Ауған елшісі Қожа-Мирхат, Бадақшан елшісі Абдул-Хамза, Қоқан елшісі Бабашық, Батыс Қазақ Үргеніш тайпасының елшісі Сейіткерей, Кіші жүз тайпасының елшісі Үкібас, Болат және “Хуэй бу” Қашқар қалаларының үшінші дәрежелі әкім-бегі Ақбек қатарлыларға қонақасы берді”<sup>67</sup> — деп жазылған.

3) Цяньлун жылынамасының 28 жылы 1-айдың “дин мао” күнгі (1763 жылғы ақпан айының 21-і күнгі) бір естелікте: “Патша Чанчуньюань жеріне қарасты Сичанда әскери парад өткізді. Патша Дасимэньдегі үлкен шатырда болып (патша әулетінен шыққан ақсүйек) вандар, әкімшілік пен әскери істерге жауапты уәзірлерге және моңғолдардың ван, гун, тәйжілеріне қонақасы берді. “Хуэй будың” ваны Хоцзисы қатарлылармен қоса Ауған елшісі Қожа-Мирхат, Бадақшан елшісі Абдул-Хамза, Қоқан елшісі Бабашық, Батыс Қазақ Үргеніш тайпасының елшісі Сейіткерей, Кіші жүз тайпасының елшісі Үкібас, Болат және “Хуэй бу” Қашқар қалаларының үшінші дәрежелі әкім-бегі Ақбек қатарлыларды да осы қонақасыға қатынасын деп ұйғарды. Қонақасы болғаннан кейін патша парад өткізіп, патшаның бұйрығы бойынша әр мұсылман жерінен келген елшілер парадты тамашалады... ..”<sup>68</sup>.

Елшілер Пекинде ақпан айының 23-күніне дейін тұрған. Цин патшасы Цяньлунның 1763 жылғы ақпан айындағы орда естелігінде (“Шилу”-да) Цяньлун патша бір күннің ішінде “Оң бөлік қазақ Кіші жүз Нұралы”<sup>69</sup>, “Оң бөлік қазақ Кіші жүз Батыр” және “Оң бөлік қазақ Үргеніш Қайып”<sup>70</sup> деп аталған үш қазақ билеушісіне жазған, мазмұны ұқсас хат сақталған. Бұл хаттар жоғарыдағы айтылған Кіші жүз қазақтарының Цин патшалығына жіберген дипломатиялық миссиясына тікелей қатысты. Төменде сол хаттардың бірі, яғни Нұралыға арналған хаттың аудармасын келтіріп отырмыз:

Цяньлун жылынамасының 28 жылы 1-айдың “цзи сы” күні (1763 жылғы ақпан айының 23-і күні) Оң бөлік қазақ Кіші жүз Нұралыға былай деп жарлық жіберді:

“Сендер патшалығымыздың сән-салтанатына ынтызар бола отырып, бізге хат-құжаттарың мен сый-сыяпаттарыңды жолдап, елшілеріңді маған сәлем беру үшін жіберіпсіңдер. Бұл туралы Үрімжіде тұратын уәзірімнен мәлімдеме келгенде-ақ мен риза болып едім. Менің бұйрығым бойынша елшілеріңді астанаға (Пекинге) жеткізіп әкелді. Мен оларға шапағатымды тигізіп қонақасы бердім. Сендерге торғын-торқа және ыдыс-бұйым сыйладым, ал кел-

<sup>66</sup> Цзи гуан гэ (紫光閣) — Цин патша ордасындағы бір сарай.

<sup>67</sup> “Цин Гауцзун шилу”, 678-цзюань, 9-б.

<sup>68</sup> “Цин Гауцзун шилу”, 678-цзюань, 11-б.

<sup>69</sup> Деректе қытайша иероглифпен “Ну эр ли” (“努尔里”) деп транскрипцияланған.

<sup>70</sup> Деректе қытайша иероглифпен “Ха чжа бу” (“哈扎布”) деп транскрипцияланған.



ген елшілерге өздеріне тиісті “лин дин”<sup>71</sup>, ыдыс-бұйымдар және күміс ақша сыйлады. Сенің тұрған жерің шалғайдағы далада болғандықтан, патшалығымыздың абырой-атағынан хабарсыз болған едің. Енді міне Бадақшан мен Қоқанның тайпалары, бұрыт (қырғыз) тайпалары және өзіңмен көрші тұрған Орта жүз қазақ Абылай қатарлылардың барлығы бағынып келіп, менің ерекше шапағатыма бөленгендіктерін естіп, сен де патшалығымыздың сән-салтанатына ынтызар болып, бізге бағыну ниетіңді білдіріп, маған арғымақ сыйлап отырсың. Бұл сенің шын пейілде екеніңді білдіреді. Көшіп-қонып жүрген жерің өте алыста болғандықтан және сен тұңғыш рет елші жібергендіктен, мен саған ерекше сыйлық сыйладым. Сен енді патшамыздың үлкен мархабатына бөленіп отырғандықтан, заң-ережелерді жақсы сақтап, өз адамдарыңды тежеп, көршілермен тату-тәтті өмір сүруің керек, сонда ғана біздің беретін мәңгілік бақыт пен қайырымдылығымызға ие бола аласың. Осы бұйрықты арнайы түсірдім”<sup>72</sup>.

Осы үш хат, әрине, Цин патшасының “аспан астындағы әлемнің барлығы менің иелігімде, бізге келгендердің барлығы бағынушылар” деген феодалдық Қытайдың дәстүрлі дипломатиялық ұғымымен жазылған. Ал шындығында Нұралы, Батыр және “Үргеніш Қайып” қатарлы Кіші жүз қазақтарының көсемдері жіберген елшілердің мақсаты не болған? Осы сұраққа жауап табу үшін алдымен мына дерекке зер салайық.

Пекиндегі Қытайдың № 1 тарихи мұрағатындағы Цин дәуіріндегі “Маньвэнь луфу” тарихи құжаттар<sup>73</sup> тобында Цяньлун жылнамасының 27 жылы 10-айдың 20-сы күні (1762 жылғы қараша айының 30-ы күні) Цзи Эли (жоғарыда аталған) және Юн Дэ есімді Цин шенеуніктері Цяньлун патшаға жолдаған бір мәлімдеме сақталған. Онда былай деп жазылған:

<sup>71</sup> Лин дин (翎頂) — мұндағы айтылған “лин дин” екі нәрсені, яғни “хуа лин” мен “дин дайды” меңзеп тұр. Хуалин (花翎) Цин патшалық кезіндегі шенеуніктердің баскиміне арналған тотықустың қауырсынынан жасаған әшекей бұйым. Цин патшалық шенеуніктерінің баскимінің төбесінде асыл тастан жасалған, лауазымын көрсететін маржаны болады (оны сол кездегі қазақ тілінде “дiңсе тас” деп атаған. Бұл туралы қараңыз: *Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений*, Т. 2. С. 88; “Манас”, 2-том, 207-б.), “хуалин” сол маржанның түбіне тағылып, желкені бойлай салақтатып қойылады. Шенеуніктердің лауазымына қарай “хуалин” бір көзді, екі көзді және үш көзді болып бөлінеді. Оны бесінші дәрежеден жоғарғы лауазымдылардың барлығы тағуға болады. Цин патшалары аталмыш қауырсынды ерекше сыйлық ретінде ақсүйектерге, зор әскери еңбек сіңірген адамдарға және өздерімен бірге аңшылық, әскери жаттығу немесе ас беруге барған адамдарға да беріп отырған. “Диндай” (“頂戴”) атты екінші бұйым “динци” (“頂子”) деп те аталады. Жоғарыда айтылған көне қазақ тіліндегі “дiңсе тас” сөзінің құрамындағы “дiңсе” сөзі осы “динци” сөзінен келсе керек.

<sup>72</sup> “Цин Гауцзун шилу”, 678-цзюань, 19-б.

<sup>73</sup> Маньвэнь луфу (滿文錄副) — толық аты “маньвэнь луфу цзюучжэ” (“滿文錄副奏折”), яғни “маньчжур тілінде патшаға жолданған мәлімдемелердің көшірмесі”. Цин патшалық дәуірінде патша атына жіберілген мәліметтер ордада бір нұсқасы көшіріліп алынып, мұрағат ретінде сақталынады. Осындай көшірме құжаттар “луфу цзюучжэ” деп аталаған. Ал патшаның қолына жетіп, патша үстіне қаулысын жазып, қолын қойған құжаттар “юйпи цзюучжэ” (“御批奏折”) деп аталаған.

“Біз Кіші жүз жіберген Үкібас бастаған сауда керуенімен сауда жасадық. Сауда барысында жиыны 55 жылқы тапсырып алдық: оның ішінде айырбастап алған 45 жылқы және 10 “бөлік” жылқы<sup>74</sup> бар. Бұларды айырбастауға жұмсалған торғын-торқалардың өз құны мен апарған жол ақысын қоса есептегендегі жалпы шығыны мынадай болды: екінші дәрежедегі аттан 30, әрбіреуіне 3 лян 9 цянь күміс ақша кетті<sup>75</sup>; үшінші дәрежелі аттан 15, әрбіреуіне 2 лян 8 цянь күміс ақша кетті; бұдан тыс 10 бөлік жылқы алынды, олардың әрбіреуіне 4 лян 1 цянь күміс ақша кетті”<sup>76</sup>.

Осы дерекке қарағанда, Кіші жүз қазақтарының бұл жолғы Қытайға баруының негізгі мақсаты сауда-саттық болған.

Қазақ хандығы Цин патшалығымен қарым-қатынас орнатысымен, екі ел арасындағы сауда-саттық байланыс басталып, аз жыл ішінде қарқынды дамыған. Мұның өзіндік себептері бар еді: әлеуметтік болмысы біршама деңгейге жеткен кез келген орталықазиялық көшпенді қауым секілді XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы үшін де өз экономикасының тірегі есептелетін мал шаруашылығының өнімдерін экспорттау өзекті мәселе болған. Ендігі жерде оны шешу үшін бұрынырақта қалыптасқан қазақ-орыс сауда қарым-қатынасы аздық еткен; ал Жоңғар хандығын жойып, Қашқарияны басып алған Цин патшалығы үшін батыстағы қорғанысын мықтап бекіту және жаңадан ие болған аймақтардың экономикасын көтеру қажет болды. Сондықтан Цин патшасы Цяньлун Абылай хан, Әбілпейіз хан және Қабанбай батыр қатарлы қазақ көсемдерінің бастама ұсыныстарын құп көріп, алдымен Үрімжіде (1757 жылдан 1765 жылға дейін), кейін келе (1765 жылдан кейін) Құлжа мен Тарбағатайда “жылқыға жібек саудасы” (绢马贸易) деп аталатын сауда жәрмеңкелерін ұйымдастырған<sup>77</sup>.

<sup>74</sup> Сол кездегі қазақтардың сыйға тартқан (шындығына келгенде таза сыйлықтан гөрі бұл да сауданың бір бөлігі тәрізді, өйкені осы тартуларға да ақы төленіп отырған) ең керемет арғымақтарды осылай атаған.

<sup>75</sup> Лян (两), цянь (钱) — қытайдың дәстүрлі ауырлық өлшемдері, осы заман қытай қазақтарының тілінде лянды “сәрі” — деп, цяньді “мысқал” — деп аударып алады. 1 лян = 50 г., 1 цянь = 5 г.

<sup>76</sup> Қытайдың № 1 тарихи мұрағатындағы “Маньвэнь цзюнь цзи луфу” (“Маньчжур тілінде жазылған әскери істер мекемесінің құжаттар көшірмесі”) тарихи құжаттарының тобындағы Цяньлун жылнамасының 27 жылы 10-айдың 20-сы күні Цзи Эли мен Юн Дянь Цяньлун патшаға жазған мәлімдемесі. Біз бұл деректі мына еңбектен алдық: *Линь Юнкуан (林永匡), Ван Си (王熹). “Цин дай сибэй миньцзю маои ши” (“Цин дәуіріндегі батыс-солтүстік ұлттардың сауда тарихы”). Пекин, 1991. 185–186-бб.*

<sup>77</sup> Цин армиясы жеңілген жоңғар қолбасшыларының ізіне түсіп, Қазақ даласына енген шақта Абылай хан әуелі оларға қарсы шығып, кейін келе бітімге келмек болып, сонымен қоса Цин өкілдеріне “сауда байланысын орнатсақ” деген ниетін білдірген. Бұл туралы Цяньлун жылнамасының 22 жылғы 7-айының “бин у” күнгі (1757 жылғы тамыз айының 30-ы күнгі) Цин патшалық орда естелігінде сақталған, сол кездегі Цин армиясының оң қол генералы Чжао Хуэйдің Цяньлун патшаға жазған бір мәліметінде айтылған (қараңыз: “Цин Гауцзун шилу”, 543-цзюань. 8–11-бб.). Ал Пекиндегі Қытайдың № 1 тарихи мұрағатында кезінде Әмірсананың ізіне түскен Цин армиясының қатарында болып, кейін

Бұл сауданың қазақ қауымына ықпалы қандай болды? Чуньюань Циши-и есімді маньчжур қаламгерінің XVIII ғасырдың екінші жартысында жазып қалдырған “Сиюй цзун чжи” атты кітабында<sup>78</sup> Абылай басқарған қазақтар туралы былай деп баяндалған: “Қазақтар... .. вандарының есімі Абылай. Оны қол астындағылардың барлығы “Абылай би” деп атайды. Жерлері кең, жан саны мол, малдары көп. Байларының жылқысы мен сиыры он мыңнан есептеледі, қойларына сан жетпейді. Осы байлар бірнеше әйел алып, оларды жан-жақтағы жайылым жерлеріне орналастырып, өздері сол әйелдеріне ретімен барып қонып кетеді. Кедей аттыларының өзі неше жүз сиыр мен жылқы, неше мың қойға ие, қиген-ішкендерінен қам жемейді. Ұлдары 16 жасқа тола салғанда еншілерін бөліп беріп, өз тіршілігін бастатқызады. Той-томалақ болғанда жейтін тағамдары — жылқы, сиыр, түйе және қойдың еті, ішетіндері — қымыз. Ағаш табақ, ағаш тостаған және ағаш қасық қолданады. Байлары мыс, қалайы ыдыстар жасатады. Киімді көп кесе әсем көрінеді деп есептейді, тіпті шілденің ыстық күндерінде де 8—9 қабат киім киіп алады. Қытайдың фарфорын, шайын, түрлі түсті маталарын және ұсақ алтын бедері бар торқаны ұнатып, қадірлейді. Ал киіп жүрген торғын мен жібектерді айтарлықтай аяп та кимейді... ..”<sup>79</sup>. Чуньюань Циши-и жазып кеткен бұл дерек, бір жағынан, сол кездегі қазақ мал шаруашылығының дамып, сыртқы нарық ашу мәжбүрлі іс болып қалыптасқанын білдірсе, екінші жағынан Қытаймен арадағы аталмыш “мемлекетаралық” сауда қарым-қатынасы қазақ бұқарасының тез арада қытайдың торғын-торқалары мен басқа да бұйымдарына қарық болғанын көрсетеді.

Сыртқы сауда көзін табу сол кездегі барша қазақ үшін өзекті мәселе болғандығынан болар, тіпті шалғайдағы Кіші жүздің сауда керуендері де Үрімжіге жеткен. Бұл сауда керуендерінің апарған малының жалпы санын білмесек те, жоғарыдағы аталған цин шенеуніктері Цзи Эли мен Юн Дэнің мәлімдемелерінен білгеніміз: Үкібас бастаған осы керуендердің бірі 45 жылқы апарып, жиыны 200 лян күміс ақшаға тең торғын-торқа алмастырып алған.

Цяньлунның тағайындауымен Үрімжідегі цин-қазақ сауда жәрмеңкесін ұйымдастыруға жауапты болған Нусань есімді маньчжур шенеунігінің Цяньлунмен сұхбаттасқандағы ұсыныстарының маньчжур тіліндегі жазбаша нұсқасы сақталған. Осы құжаттағы мәліметтерге қарағанда, Абылай хан, Әбілпейіз хан және Қабанбай батыр қатарлы ел көсемдері Цин патшалығына ұсыныс жасағанда келешектегі сауда орны Үліңгір және Қызылбаскөл сияқты жерлерде болса деп талап қойған. Алайда Цин патшалығы бұл талапты қабылдамай, Үрімжіні сауда орны етіп тағайындаған (Пекиндегі Қытайдың № 1 тарихи мұрағатында сақталған бұл құжаттың толық мәтіні жарияланбаған. Дегенмен оның үзінділері жоғарыдағы аталған Линь Юнгуан (林永匡), Ван Си (王熹) есімді қытай авторларының еңбегінде көрсетілген (қараңыз: “Цин дай сибэй миньцзу маоин ши”, 134—136-бб.)).

<sup>78</sup> “Сиюй цзун чжи” (西域总志 “Сиюйдің жалпы ахуалы”) — “И юй со тань” (“异域琐谈”, “Жат аймақтардың ұсақ-түйек істері жөніндегі өңгіме”) деп те, “Сиюй вэнь цзянь лу” (“西域闻见录”, “Сиюйдегі көрген-білгендерім”) деп те аталады. Біз бұл кітаптың 1977 жылы Тайпэйдегі “Вэньхай” баспасынан (文海出版社) қайта басылып шығарылған нұсқасын пайдаланып отырмыз.

<sup>79</sup> Чуньюань Циши-и (椿园七十一). Сиюй цзун чжи. 212-б.

Бір қызығы, сол цин шенеуніктерінің мәлімдемесінің екінші бөлігінде өздерінің саудаға жұмсаған торғын-торқаның күміс ақшаға шаққандағы бағасын да берген. Онда “45 жылқыны айырбастап алу үшін 46 орама торғын-торқа кеткен, сол торғын-торқаға жұмсалған күміс ақшаның жалпы сомасы 201 лян 9 цянь деп көрсетілген” деп жазылған<sup>80</sup>. Яғни Цин шенеуніктері қазақтармен сауда айырбастағанда зиянға ұшыраған тәрізді болып шығады — бұл мүмкін емес. Жоғарыда айтып кеткендей, бағаның арақатысын күміс ақшамен белгілеп, өз білгендерінше бағалағанда Цин патшалығы қазақтардан мал айырбастап алу арқылы батыстағы қорғанысын мықтап бекітумен қатар жаңадан ие болған аймақтарының экономикасын көтеруді көздеген. Қазақтармен сауда жүргізуден бұрын осы мақсат үшін Цин өкіметі Шыңжаң жеріне ішкі Қытайдан мал әкеліп тұрған. Ал кейін келе қазақтардан мал алу Цин патшалығы үшін тиімді болғандықтан, ішкі Қытайдан мал әкелуді тоқтатқан. Бұл туралы Цяньлун жылнамасының 26 жылғы 3-айдың “бин инь” күнгі (1761 жылғы мамыр айының 1-і күнгі) Цин патшалық орда естелігінде сақталған Цяньлун патшаның мына бір нұсқауынан білуге болады.

“Әскери істер уәзірі (цзюнь цзи дачэн) қатарлыларға бұйрық: А Гуэй<sup>81</sup> жіберген мәлімдемеде “ішкі Қытайдан сатып алынған есек пен сиырдың құнын қазақ жылқысының құнымен салыстырып көргенде, ішкі Қытайдан алынған 1 сиырдың ақысымен 4 қазақ жылқысын, ал 1 есектің ақысымен 2 қазақ жылқысын сатып алуға болады. Қазіргі таңда Іле мен Үрімжіде сатып алынған (қазақ) жылқылары көп, олар егіншілікке де жарайды. Сондықтан да ішкі Қытайдан сиыр мен есекті сатып алу ісін тоқтатсақ” — депті. Бұрын, Ілені меңгере бастаған шақта, ішкі Қытайдан мал сатып әкелуге мәжбүр болып едік, енді міне сатып алынған жылқы көбейгендіктен, бұл істі реттеу керек. Осыған байланысты, Ян Инцзюй, Юньнин, Вуцзи қатарлыларға менің мынадай нұсқауымды жеткізсін: қазірге дейін алынып болған малдарды бұрынғыдай (Ілеге) жіберсін. Бұдан кейін Шаньси, Ганьсу, Хами және Баркөл жерлерінен Ілеге мал сатып апарудың қажеті жоқ”<sup>82</sup>.

Ал Кіші жүз қазақ керуенін қабылдаған Цин шенеунігі Цзи Эли өзінің бұрынырақ, яғни Цяньлун жылнамасының 27 жылғы 2-айының “бин инь” күнгі (1762 жылғы ақпан айының 25-і күнгі) Цяньлун патшаға жолдаған бір мәліметінде былай деп жазған.

“Шаньси-Ганьсу өлкесінің губернаторы Ян Инцзюй жіберген (қытай) отбасыларына тың ашуға жерлер берілді. Енді оларға жылқы қажет. Қазіргі таңда қазақтардан сатып алған үш дәрежелі жылқы бар. Солардың ішіндегі сүйектері кішілеулерінің құнын 8 лян күміс ақшаға шағып, әрбір отбасына бірден берсек...”<sup>83</sup>.

Демек, Цин билеушілері қазақ жылқысының құнын төмендетіп, өздерінің торғын-торқасының құнын асқақтатып отыру арқылы өздерінің үлкен мақ-

<sup>80</sup> Линь Юнгуан (林永匡), Ван Си (王熹). Цин дай сибэй миньцзу мао ши. 184-б.

<sup>81</sup> А Гуэй (阿桂) — сол кездегі Цин патшалығының Іледегі ұлығы.

<sup>82</sup> “Цин Гауцзун шилу”. 633-цзюань. 14—15-бб.

<sup>83</sup> “Цин Гауцзун шилу”. 655-цзюань. 15-б.

сатына қол жеткізіп қана қоймай, сол арзан сатып алған жылқыларды тың ашу үшін Шынжаң жеріне жіберілген қарапайым қытай бұқараларына жоғары бағада сатып, орасан көп пайда көріп отырған.

### 3. “СИЮЙ ТУЦЭ” АТТЫ КІТАПТАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ СУРЕТТЕР

Пекиндегі Қытайдың № 1 тарихи мұражайында “Сиюй туцэ” (“Батыс аймақтар туралы карта-суреттер”)<sup>84</sup> атты сирек кітап кездеседі. Бұл кітапты 1758–1787 жылдары үш рет Ле, Балқаш сияқты жерлерді аралап шыққан маньчжур шенеунігі Мин Фу жазған. Онда Мин Фудың өзі салған бір картамен қоса он бір сурет және сол суреттерге берілген шағын түсіндірмелер сақталған, олардың көбі сол кездегі қазақ, ұйғыр, торғауыт, ойрат сияқты Орталық Азия халықтарының тұрмысын сипаттауға арналған.

Төменде осы кітаптағы қазақтарды, торғауыттарды және ойраттарды бейнелеген 3 сурет және Мин Фу жазған сол суреттердің шағын түсіндірмелерін беріп отырмыз.

Бірінші сурет (3.18-сурет) “Қазақтар” деп аталады. Мұнда қазақ жылқышыларының тұрмысы бейнеленген. Суреттің сол жақ төменгі бөлігінде бір мосы тұр, мосының түбінде бір жас бала қазан асып, ас дайындап жатыр, мосының сол жағында төрт адам отыр. Суреттің оң жақ төменгі бұрышында бір ат мама ағашта байлаулы тұр, жанында үш қой жайылып жүр. Суреттің оң жақ жоғарғы бөлігінде бір ер адам асау жылқыны құрықтауда. Суреттің ортасында тағы үш сайгүлік бейнеленген. Суреттің сол жақ жоғарғы бөлігінде қолына құрық алған тағы бір ер адам атына мініп, итін ертіп алысқа кетіп барады.

Суретке Мин Фу мынадай түсіндірме берген:

“Қазақ дегеніміз — Хань патшалық дәуіріндегі Давань (Ферғана) елі<sup>85</sup>. Бұл елде керемет арғымақтар көп болады. Ол арғымақтар ерекше сүйекті келеді. Ішінде жирендері көп болғандықтан, бұл арғымақтарға “хансье ма” (“хан терілік арғымақ”)<sup>86</sup> деген ерекше атау берілген. Адамдары көшіп-қонып өмір сүреді. Әрбір жерлерінде бір вандары<sup>87</sup> болғанымен, адамдарының барлығы дерлік бұйрыққа бойсұнбайды. Бұлар дәнді дақылдармен

<sup>84</sup> Маньчжур-цин шенеунігі Мин Фудың “Сиюй туцэ” кітабы — бұрын ешқайда жарияланбаған сирек қолжазба. Қолжазбаның өзіне біздің қолымыз жетпеді. Еңбегіміз Қытайда жарық көрген мына кітаптарда берілген материалдарға сүйеніп жасалды: 1) *Сун Чжаолин*. “Миңцу вәнью тун лунь” (“Ұлттық мәдени мұралар туралы”). Пекин, 2000. (宋兆麟:《民族文物通论》,北京,2000年); 2) Цао Ваньжу және т. б. құрастырған. “Чжунго гудай диту цзи — Циндай” (“Қытайдың көне карталар жинағы — Цин дәуірі”). Пекин, 1997. (曹婉如等编:《中国古代地图集—清代》,北京,1997年)

<sup>85</sup> Қараңыз: 44-түсіндірме.

<sup>86</sup> Қытайлар Хань патшалық дәуірінен бастап Орта Азия жерінен Қытайға жеткізілген ең керемет арғымақтарды осылай немесе “тянь ма” (“тәңірлік жылқылар”) деп атаған.

<sup>87</sup> Ван (王) — көне Қытайдың иерархиялық жүйесінде патшадан төменгі лауазым осылай деп аталады.

азықтанбайды. Тілдері және ұстанған наным-сенімдері “хуэйцзылармен”<sup>88</sup> ұқсас. Әр жылы қар ерігеннен кейін осы қазақтар жылқы, сиыр және қойларын Тарбағатай (Шәуешек) мен Ілеге (Құлжаға) айдап әкеліп сатады”.

Екінші сурет (3.19-сурет) “ойраттар” деп аталады. Мұнда ойраттардың, яғни қалмақтардың қонысы бейнеленген. Суреттің сол жақ жоғарғы бөлігінде қой бағып жүрген әйел адам байқалады. Сол жақ төменгі бөлігінде үш киіз үй тұр, маңында таяқ ұстаған кәрия, бала көтерген әйел, жылқышы және ит бар. Суреттің оң жақ төменгі бөлігінде тағы екі киіз үй, ат байлайтын мама ағаш, зат көтерген әйел адам және жылқыны құрықтап жүрген ер адам бейнеленген. Суреттің ортанғы бөлігінде бір үйір жылқы жайылып жүр, оның жоғарғы жағында атқа мінген бір топ жолаушы кетіп бара жатыр. Ал суреттің сол жақ жоғарғы бөлігінде бір қарауыл мұнара байқалады.

Суретке Мин Фу мынадай түсіндірме берген:

“Ойраттар дегеніміз – Хань патшалық дәуіріндегі Сюньну (ғұн) елі. Бұлар ежелден бері Қытайға жиі-жиі шапқыншылық жасап келеді. Адамдарының мінезі қасқыр секілді, әлсіздерді бөзек қылғанды ұнатады, соғысқа шебер, сондықтан да Сиюй (Орта Азия. – Б. Е.) елдері бұлардан сескенеді. Цяньлун жылнамасының 19 жылы (1754 ж.) бұлардың іштерінде бүлік шығып, өзара бір-бірімен қырылысқан кезде Әмірсана есімді адамы аспан астындағы патшамызға бағынып келіп, бүлікті тыныштандыру үшін патша әскерінің көмегін сұраған. Патшамыз жасауылын жіберіп, екі жылда оларды тыныштады. Сонан соң әр жат елдің жерінде қала салып, әскер орнатып, тың игерушілерін жіберді. Өз кезінде бүліктен қашып басқа елдерге кеткен (ойрат) адамдары патшамыздың жақсы пана бола алатындығын естіп, жан-жақтан бізге келіп қосылған. Қазір бұлардың барлығы армандарына жетіп, өз тіршілігінің игілігін көріп жатыр”.

Үшінші сурет (3.20-сурет) “торғауыттар” деп аталады. Онда 1771 жылы Еділ қалмақтарының бір бөлігі Қазақ даласы арқылы Цин патшалығы иелігіндегі Құлжа жеріне қоныс аударған тарихи оқиғаны бейнелеген. Суреттің төменгі жағында ат, түйеге мініп немесе жаяу бара жатқандар – сол ауып бара жатқан қалмақтар. Суреттің оң жақ жоғарғы бөлігінде “айдаһар туының” астында күтіп тұрған осы көшті қарсы алмақ болған Цин шенеуніктері. Ағып жатқан өзен – Іле өзені. Өзеннің арғы бетінде бір қытай қаласының қамалы көрініп тұр.

Мин Фу осы суретіне мынадай түсіндірме берген:

“Торғауыттар бұрын орыстарға қараған. Цяньлун жылнамасының 36 жылы бұлар басқа діндегі орыстармен шығыса алмай, Обашы есімді басшылары елінен жасақтаған 100 000-нан астам әскерін бастап, шалғайдан Ілеге (Құлжаға) келіп, бізге бағынды. Бұлар қазақтар мен бұрыттардың (қырғыздардың) жерлерінен өткенде сол елдермен соғысқан, одан тыс жолда келе жатқан көш арасында жұқпалы ауру тараған. Осындай себептерден олар

<sup>88</sup> Хуэйцзы (回子) – Цин патшалық әдебиетінде ұйғырларды осылайша да кемсітіп атайды.



Ілеге жеткенде 40 000–50 000-дай ғана адамдары қалған. Патшамыз олардың шалғайдан келіп бағынғандығын ескере отырып, жан-жаққа орналастырып, олардың талаптары орындалсын деп ұйғарған. Қазіргі Іле жерінде патшамыздың осылардың бағынып келуіне арнап тасқа қашатып жаздырған естелігі орнатылған”.

Жалпы, аталмыш тарихи оқиға қалмақтардың Ресей құзырынан қашып шығып, Маньчжур-Цин мемлекетін пана етіп келгендігіне байланысты болғандықтан, қытай тарихнамасында патриоттық ерлік деп қарастырылады. Сондықтан бұл оқиғаға байланысты тарихи деректер де мол. Біз осы тарихи оқиғаның Қазақ даласында қалай өрбігенін көрсету үшін, Сюй Сун есімді әйгілі қытай шенеунік-қаламгерінің 1820-жылдары жазған “Сиюй шуй дао цзи” (“Батыс өлкенің өзен арналары”) атты еңбегінде<sup>89</sup> сақталған, қазаққа тікелей қатысы бар бір деректі қосып отырмыз.

“Сиюй шуй дао цзи” кітабының 4-цзюаны:

“Сиюй вэнь цзянь лу” кітабының<sup>90</sup> “Торғауыттардың бағынып көшіп келгені туралы қысқаша баяндама” атты тарауында былай делінген: “Цяньлун жылнамасының 35 жылы торғауыттың ханы Обаши [елін ертіп] Ресейдің Еділ өзенінен аттанып Балқаш арқылы Қытайға өтпек болды. Сонда 5 күн бойы басып өткен шөл даладан әредік бұлақ кездесе де, бұлақ бойынан ешқандай шөп таппайды. Көш Шыңғыс Шағанға<sup>91</sup> жеткенде қазақ хандары<sup>92</sup> Абылай мен Әбілпейіз, Әбілмәмбеттер олармен соғысты. Онан кейін оларға тәйжі (сұлтан) Ералы мен Нұралы шабуыл жасады. [Обаши] жиырма неше күнге созылған шайқастан кейін Шалаболәге (Сарыбел?) бұрылып, сол жердің оңтүстік шекарасына жеткенде жиналған 100 000-нан астам бурыттар алдарынан сау етіп шыға келді. Обаши Шалаболәнің солтүстік шекарасына шегініп, одан әрі басып өткен 1 000 лиден астам шөл даладан бір тамшы су, бір тал шөп кездестіре алмады. Бұл кез күн жылынған наурыз айы болатын. Адамдар жылқы мен сиырдың қанын ішті. Ел арасында оба тарап, 300 000 адам қырылып, малдың оннан үш-төрт бөлігі ғана қалып, он неше күнде сол шөл даладан әрең қашып шыққан”.

<sup>89</sup> Біз “Сиюй шуй дао цзи” кітабының 1820-жылдары жарық көрген “Суй Синбо сань чжун” (“徐星伯三种”), яғни “Суй Синбоның (Суй Сунның) үш шығармасы” (“Сиюй туралы үш шығарма” деп те аталады) нұсқасын пайдаланып отырмыз, бұл нұсқаны Пекин университетінің кітапханасынан көшіріп алғанбыз.

<sup>90</sup> “Сиюй вэнь цзянь лу” (“西域闻见录”), яғни “Сиюйде көрген-білгендерім” кітабы — Цин патшасы Цяньлун дәуірінде Шыңжаңда болған маньчжур шенеунігі Чунюань Циши-и жазған еңбек (шамамен 1777 жылы жарық көрген).

<sup>91</sup> Автор “Шыңғыс Шаған” деген осы жер атауына кіші иероглифтермен “Найман руын басқаратын Жанқожа мен Әбілпейіздің баласы Жолшы (маньчжурша мұрағат құжаттарында “Жошы” деп те жазылады. — Б. Е.) қатарлылардың жайылымы” деп түсіндірме берген.

<sup>92</sup> Автор “ханы” деген сөзден кейін кіші иероглифтермен “ол кітапта (“Сиюй вэнь цзянь лу”-да. — Б. Е.) уаңы (бұл патша, ханнан бір дәреже төмен лауазым. — Б. Е.) деп қателескен” деп түсіндірме береді.



## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

Ван Бинхуа. Хутуби сянь Канцзяшимэньцзэ шэнчжи чунбай янькэдяо-хуа (Құтыби ауданындағы петроглифтер туралы зерттеулер) // Синьцзян вэн-у. 1988. № 2.

Ван Бинхуа. Цычоу чжилу каогу яньцзю (Жібек жолындағы археологиялық зерттеулер). Үрімжі, 1993.

Самашев З., Франкфорт А. Н., Сұңғатай С., Жетібәев Ж. Қазақ даласы петроглифтеріндегі ежелгі бақсы-абыздар бейнесі // Шынжаң қоғамдық ғылымы. 1996. № 1.

Чжао Яофэн. Алэтайшань яньхуа (Алтай тауындағы петроглифтер). Сиань, 1986.

Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье: Очерки истории / Под ред. С. Л. Тихвинского, Б. А. Литвинского. М., 1988.

Дебэн-Франкфор К. Саки в провинции Синьцзян до периода Хань. Критерии идентификации / Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. А.-А., 1988.

Археология СССР. Степи Евразии в эпоху средневековья. М., 1981.

Кыргыз Совет энциклопедиясы. Анықтамалық. Фрунзе, 1983.

Абетеков А. К. Ранние кочевники Тянь-Шаня и их культурные связи с Кушанской империей // Центральная Азия в Кушанскую эпоху. М., 1974. Т. II.

История Киргизской ССР. Фрунзе, 1968.

Лубо-Лесниченко Е. И. Могильники / Восточный Туркестан и Средняя Азия. М., 1984.

Киселев С. В. Древняя история Южной Сибири. М., 1951.

Сұңғатай С. Көне түркілердің алтын маскасы // ҚР БҒМ ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 2001. № 5.

Ань Инсин. Шынжаңның Іле облысы Моңғолкүре ауданындағы көне обадан табылған құнды алтын-күміс бұйымдар // Вэн-у. 1999, № 9.

Юй Чжиюун. Шынжаңдағы Моңғолкүреден табылған Батыс түріктердің алтын қазынасы // Вэн-у тяньди. 2000. № 2.

Ван Бинхуа. Шынжаңдағы Бомадан табылған алтын-күміс бұйымдар // Тулуфаньсюе яньцзю. 2004, №1.

Ali Mazaheri. La Route de la sole (Жібек жолы). Пекин. 1996.

Сюань Цзан. Да Тан Сиюйцзи цзяочжу (Ұлы Тан дәуіріндегі Батыс өлке туралы жазбалар). Пекин, 2000.

У Болунь. Сибэй вэньхуацзюй Синьцзяншэн вэн-у дяочагунзозу. Синьцзян И-ли дицзюйдэ вэнь-у дяоча (Солтүстік-батыс мәдениет мекемесінің Шынжаң өлкелік мәдени ескерткіштерді барлау тобы) // Вэнь-у санькао цзэляо (Мәдениет жәдігерліктері туралы материалдар). 1953. № 12.

Синьцзян каогу саньшинянь (Шынжаң археологиясына отыз жыл). Үрімжі, 1983; Синьцзян гудай миньцзю вэнь-у (Шынжаңдағы байырғы ұлттардың мәдени мұралары). Пекин, 1985.

Yoshida Yutaka. Shinkyo Uyuguru Jichiku shinshutsu Sogudogo shiryо (Шынжаң-ұйғыр автономиялы ауданынан жаңадан табылған соғдыша жазбалар). Nairiku Ajia gengo pokenkyu (Ішкі Азиядағы тілдер туралы зерттеулер) / VI. Tokyo, 1991.

Osawa Takashi. Shinkio Iikawa ryuiki no Sogudogo meibun sekijin ni tsuite — Tokketsu shosei no oto ni kansuru ichi shiryо (Шынжаңның Іле аңғарынан табылған соғды жазулы тас мүсін — Түріктердің алғашқы қаған әулеттері туралы деректер) // Kokuritsu minzokugaku hakubutsukan kenkyu betsusatu. XX. Tokyo, 1999 (Мемлекеттік этнологиялық мұражай еңбектері. Еңбектің қытайша аудармасы ҚХР-да Синьцзян вэнь-у журналында жарияланды. 2001. № 1–2).

Ван Инмэй. Сяо Хуннахай ши жэнь (Кіші Қонақайдағы тас мүсін) // Синьцзян вэнь-у. 1997. № 2.

Итс Р. Х. О каменных изваяниях в Синьцзяне // Советская этнография. 1958. № 2.

Clark. L. V. Two Stone Sculptures of the “Old Turkic” Type from Sinkiang // Ural-Altische Jahrbucher. 50. Berlin, 1978.

Гумилев Л. Н. Древние тюрки. М., 1993.

Сюе Цзунчжэн. Туцзюе ши (Түрік тарихы). Пекин, 1992.

Линь Мэйцунь. Сяохуннахай Туцзюе кэхань линюань дяочацзи (Кіші Қонақайдағы Түрік қағанының зираты туралы зерттеу). Қолжазба / “Соғдылар Қытайда” атты халықаралық ғылыми конференцияда оқылған баяндама. 2004 жыл 23–25-сәуір, Пекин.

Шаньси провинциясының археология зерттеу институты. Си-ань Бэйчжоу Аньцзяму (Си-аньдегі Солтүстік Чжоу әулеті дәуіріндегі Аньцзянның моласы). Пекин, 2003.

Шэньси провинциясының археология институты және т. б. Тайюань Суй Юйхунму (Тайюандағы Суй дәуіріндегі Юйхунның моласы). Пекин, 2005.

Жун Синьцзян, Чжан Чжицин. Цун Самаэргань дао чан-ань — Сутэ-жэньзай Чжунгодэ вэньхуа и-цзи (Самарқандтан Чан-аньға дейін — соғдылардың Қытайдағы мәдени ескерткіштері). Пекин, 2004.

Линь Мэйцунь. Цзиху ишицзикао (Цзиху тарихы туралы зерттеу) // Чжунго ши яньцзю. 2002. № 1.

Юй Тайшань. Юйго юаньюань и-шо (Юй елінің түп-тегі туралы жорамал) // Шилинь, 2002. № 2.

Ло Фэн. И цзянь гуаньюй жоужань миньзудэ чжуняо шияо (Жоужань ұлтына қатысты маңызды тарихи дерек) // Вэнь-у, 2002. № 6.

Синьцзян гудай миньзу вэнь-у (Шынжаңдағы ежелгі ұлттардың мәдениет ескерткіштері). Пекин, 1985.

Му Шуньин, Ци Сяошань, Чжан Пин. Чжунго Синьцзян гудай и-шу (ҚХР Шынжаңның ежелгі өнері). Үрімжі, 1994.

Синьцзян вэнь-у гуцзи дагуань (Шынжаңның ежелгі ескерткіштерінің топтамасы). Үрімжі, 1999.

Хаяши Тошио. Яэрхүдэ “ван гуань” (Ярғолдан табылған “тәж”). Синьцзян вэнь-у. 2000. № 1–2.

Ван Бо, Ци Сяошань. Сычоу чжилу цаюань шижэнь яньцзю (Жібек жолындағы далалық тас мүсіндер туралы зерттеулер). Үрімжі, 1996.

Ван Линьшань, Ван Бо. Чжунго А-эртайшань цаюань вэнь-у (Қытайдың Алтай даласындағы мәдени ескерткіштер). Үрімжі, 1996.

Чжан Цзинмин. Чжунго бэйфан цаюань гудай цзиньиньци (Қытайдың солтүстік далаларынан табылған ежелгі алтын-күміс бұйымдар). Пекин, 2005.

Маргулан А. Х. Казахское народное прикладное искусство. Том 1–3. А.-А., 1986. 1987. 1994.

Самашев Э., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері. Алматы, 2005.

Тянь Гуанцзинь, Го Сусинь. Э-эрдосьши цинтунци (Ордостық үлгідегі қола бұйымдар). Пекин, 1986.

Тянь Гуанцзинь, Го Сусинь. Бэйфан каогу луньвэньцзи (Солтүстік өңірдің археологиясы туралы ғылыми еңбектер). Пекин, 2004.

Шанхай бо-у гуань (Шанхай мұражайы). Цаюань гуйбао (Даланың асыл қазынасы). Шанхай, 2000.

Тасмағамбетов И. Н. Ат жалындағы өркениет. Алматы, 2003.

Самашев Э., Сұңғатай С., Жұмабекова Г., Базарбаева Ф. Қазақ Алтайының скиф-сақ дәуіріндегі мәдениеті (Берел қорымындағы тың зерттеулер) // Отан тарихы, 1999. № 4.

Руденко С. И. Горноалтайские находки и скифы. М.-Л., 1952.

Полосьмак Н. В. Стерегущие золото грифы. Новосибирск, 1994.

Чжунго шаошу миньзу вэньхуаши. Сибэйцзюань (Қытайдағы аз ұлттардың мәдениет тарихы. Солтүстік-батыс бөлімі). Наньнин, 1999.

Чжунго шаошу миньзу вэньхуаши. Бэйфанцзюань (Қытайдағы аз ұлттардың мәдениет тарихы. Солтүстік бөлімі). Наньнин, 1999.

Цзян Цисян. Синьцзян гудай цянбидэ фасянь юй яньцзю (Шынжаңның көне теңгелерінің табылуы және зерттелуі) / Синьсян гудай миньзу вэньхуа луньцзи (Шынжаңдағы ежелгі халықтардың мәдениеті туралы зерттеулер). Үрімжі, 1990.

Қазақстан тарихы. 3-том. Алматы, 2002.

“Жэхэ чжи” (“热河志”), “Сы ку чуань шу (四库全书)” нұсқасы.

“Цин Гауцзун шилу” (“清高宗实录” — “Цин патшасы Гауцзун (Цянь-лун) туралы орда естеліктер”).

“Цянь Цзя Дао сань чао хасакэ ши ляо” (“Цяньлун, Цзяцин және Даогуан патшалар кезіндегі қазақтар туралы тарихи деректер”) / Ву Фэньпэй құрастырған: “Қытай ұлттар тарихы мен географиясына қатысты материалдар сериясы” (“中国民族史地丛刊”). № 25. Пекиндегі Орталық ұлттар университетінің кітапханасы. 1982.

“Хуан Цин чжи гун ту” (1991 жылы ҚХР Шэнян қаласында фотоли-тография әдісімен шығарылған нұсқасы (皇清职贡图), 辽沈书社影印出版, 1991年, 沈阳)

Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. Изд. 2-е. Алматы, 1996.

Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений: В 5 т. Т. 2. Т. 4. А.-А., 1985.

Ци Юньши (祁韵士). “Си чуй яо люе” (“西陲要略”).

Линь Юнкуан (林永匡), Ван Си (王熹). Цин дай сибэй миньцзу маои ши (Цин дәуіріндегі батыс-солтүстік ұлттардың сауда тарихы). Пекин, 1991.

Сун Чжаолин. “Минцзу вэньву тун лунь” (“Ұлттық мәдени мұралар туралы”). Пекин, 2000. (宋兆麟: «民族文物通论», 北京, 2000年)

“Чжунго гудай диту цзи — Циндай” (“Қытайдың көне карталар жинағы — Цин дәуірі”). Пекин, 1997 («中国古代地图集 — 清代», 北京, 1997年).

“Сиюй шуй дай цзи”. 1820-жылдары жарық көрген “Суй Синбо сань чжун” (“徐星伯三种”), яғни “Суй Синбоның (Суй Сунның) үш шығармасы” (“Сиюй туралы үш шығарма” — деп те аталады) нұсқасы.

## РЕЗЮМЕ

Второй том серии “Истории Казахстана в китайских источниках”, названный “Историко-культурные памятники”, состоит из трех частей: 1) памятники эпохи древних кочевников; 2) памятники средних веков; 3) казахи на картинах художников Циньской династии. В третьей части книги описываются картины Джузеппе Кастильони “Хасаке чжи чун ту”, картины из книг “Хуан Цин чжи чун ту” и “Сиюй туцэ”, на которых изображены различные моменты истории из жизни казахского народа (XVIII в.)

Восточная часть Великой степи охватывает северную и западную территории КНР. В этих областях сохранились многие памятники культуры древних евразийских кочевников. В последние десятилетия прошлого века китайскими археологами были обнаружены наземные культовые сооружения, найдены комплексы наскальных рисунков, картины в погребальных сооружениях. Некоторые из этих картин изображают сцены совместной охоты согдийских и тюркских вельмож, дипломатические приемы, моменты торговых сделок, подношения даров правителям и т. д.

В числе находок, относящихся к бесценным памятникам материальной культуры древних кочевников, можно назвать золотую маску, найденную на территории Илийской казахской автономной области КНР, инкрустированный золотом пояс, надмогильный памятник с согдийской эпитафией кагану Западно-Тюркского каганата, внуку Мукан кагана Нири кагану. Приводятся сведения о таких средневековых городах, как Алмалык, Бесбалык, Чамбалык. Описаны нумизматические ценности, найденные на территории КНР, монеты караханидов, чагатаидов и Тюркешского каганата.

Памятники, обнаруживающиеся на восточных окраинах Великой степи, исследуются в соответствии с данными китайских письменных источников и рассматриваются как составная часть всего культурного наследия древних и средневековых кочевников Евразии.

## SUMMARY

The Second Volume of the “History of Kazakhstan in Chinese Sources” Series, titled as “Historical-Cultural Remains”, contains three parts: 1) Remains of Ancient Nomads’ Epoch; 2) Medieval Remains; and 3) Kazakh people painted on the pictures of Zing Empire artists. In the third part of the book there are descriptions of Juseppe Castilioni paintings “Hasake chzhi chun tu”, and pictures from the books “Huan Zin chzhi chun tu” and “Siyui tutse”, where various passages of Kazakhs’ life in XVIII century are depicted.

The Eastern part of the Great Steppe covers Northern and Western territories of PRC. In these areas a lot of cultural remains of Ancient Eurasian nomads still exist. During the last decades of XX Epoch century Chinese archeologists have discovered ground cult structures, complexes of rock drawings, paintings in the graves etc. Some of these paintings represent the scenes of Sogdian and Turk nobles’ joint hunting, diplomatic receptions, trade deals, moments of presenting gifts to the rulers and so on.

Among the findings considered as invaluable remains of ancient nomads’ material culture, Golden Mask, which was discovered on the territory of Ili Kazakh Autonomous Region of PRC, gold-encrusted belt, and sepulchral monument with Sogdian language epitaph devoted to Niri-Kagan, ruler of Western-Turk Kaganat, grandson of Mukan-Kagan, can be mentioned. Information on Almalyk, Besbalyk, Chambalyk and other medieval sites is given, and there are also descriptions of numismatic remains found on the PRC territory, as well as coins of Karakhanids, Chagataids and Turkish Kaganat.

Remains discovered in the Eastern parts of Great Steppe are studied in accordance with data of Chinese written sources, and considered to be an integral part of overall cultural heritage of Ancient and Medieval Eurasian nomads.

# МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	5
<i>Бірінші бөлім. Ертедегі көшпелілер дәуірінің ескерткіштері</i> .....	9
1. Бұғытастар мен таңбалы тастар .....	10
2. Сақ және усунь ескерткіштері .....	13
3. Ғұндардың мәдени жәдігерлері .....	20
<i>Екінші бөлім. Орта ғасырлар жәдігерлері</i> .....	25
1. Көне түріктердің алтын бұйымдары .....	26
2. Көне түрік тас мүсіндері .....	30
3. Көне молалар .....	36
4. Ежелгі қалалар .....	43
5. Теңге-тиыңдар .....	46
<i>Үшінші бөлім. Цин дәуірі суреттеріндегі қазақтар</i> .....	49
1. Джузеппе Кастильони салған “Хасакэ гун ма ту” атты сурет .....	49
2. “Хуан Цин чжи гун ту” атты кітаптағы қазақтардың суреттері .....	56
3. “Сиюй туцэ” атты кітаптағы Қазақстан тарихына қатысты суреттер .....	66
Пайдаланылған әдебиет .....	69
Резюме .....	73
Summary .....	74



**ББК 63.5**  
**С 89**

**Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II том**  
**С 89 Сұңғатай С., Еженханұлы Б. Тарихи-мәдени жәдігерлер. —**  
Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — 80 б., + 128 бет жапсырма.

**ISBN 9965-699-87-9**

Кітапта соңғы жарты ғасыр аясында қытай археологтары қазіргі ҚХР-дың батыс және солтүстік аумағынан тапқан, сақтар, ғұндар, усуньдер, көк түріктер және т.б. көшпелі тайпалар жасаған мәдени ескерткіштердің бір парасы іріктеліп, көркем безендірілген иллюстрациялармен қоса ұсынылып отыр. Кітапта сонымен бірген XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы мен Цин империясы арасындағы саяси-дипломатиялық және сауда байланыстары бейнеленген тарихи картиналар мен этнографиялық суреттер елімізде тұңғыш рет жарияланып, ғылыми түсіндірмелер берілген.

Басылым тарихшыларға, археологтар мен этнографтарға, сондай-ақ отан тарихы мен мәдениетін зерттеп-білуге ынталы көпшілік қауымға арналады.

С  $\frac{0505000000}{00(05)-06}$

**ББК 63.5**

**ISBN 9965-699-87-9-T.2**

*Ғылыми басылым*

**“ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ  
ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ”  
СЕРИЯСЫ**

**II том**

**С. Сұңғатай, Б. Еженханұлы.  
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘДІГЕРЛЕР**

*ҚР БҒМ Р. Б. Сүлейменов атындағы  
Шығыстану институтының ғылыми кеңесі мақұлдаған*

Редакторы — *Р. Қ. Шаймерденов*  
Компьютерде беттеген — *Г. К. Шақкөзова*  
Мұқабала дизайны — *К. К. Карпун*  
Дизайншы — *В. Гафаров*

Басуға 12. 12. 05 ж. қол қойылды. Пішімі 700x100<sup>1</sup>/<sub>16</sub>.  
Шартты б.т. 6,5 + суреттік жапсырма 10,4 б.т.  
Есептік б.т. 6,8 + 12,9 суреттік жапсырма.  
Офсеттік басылыс. Таралымы 3000 дана.

Баспа директоры **Б. А. Қазығұлов**

050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29-үй  
Тел./факс 62-28-35, 61-32-75

ISBN 9965-699-87-9



9 789965 699870



